

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

УДК 821.512 (574.25)

Қолжазба құқығында

К.Б. Альжанова

**ПАВЛОДАР ЕРТІС Өңірінің ақын-жазушылары
шығармаларындағы кірме сөздер**

6М020500 – Филология мамандығы бойынша
филология магистрі академиялық дәрежесіні ізденуге
магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2012

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға жіберілді:
«Қазақ филологиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының
кандидаты,
доцент _____ Ғ.Қ. Резуанова

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Магистрлік жұмыс

**ПАВЛОДАР ЕРТІС Өңірінің ақын-жазушылары
шығармаларындағы кірме сөздер**

мамандық: 6М020500 – Филология

Магистрант _____ Қ.Б. Әлжанова

Ғылыми жетекші,
филология ғылымдарының кандидаты _____ В.А. Шнайдер

ПАВЛОДАР – 2012

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ЛИНГВОМӘДЕНИ БАЙЛАНЫС ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК –ТАРИХИ КОНТЕКСІНДЕ.....	7
1.1Қазақ тіліндегі араб, иран, орыс сөздерінің зерттелу тарихы.....	10
1.2 Араб, иран, орыс сөздерінің қазақ тіліне енуінің тарихи-лингвистикалық себептері.....	18
1.3 Қазақ тіліндегі кірме сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	22
2 ПАВЛОДАР ЕРТІС ӨңІРІ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	33
2.1 Араб және иран сөздерінің лексика-семантикалық сипаты.....	33
2.2 Орыс сөздерінің лексика-семантикалық сипаты.....	41
2.3 Семантикалық жақтан дамыған кірме сөздердің қолданысы.....	46
2.4 Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме фразеологизмдер.....	49
2.5 Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме антропонимдер.....	54
3 ПАВЛОДАР ЕРТІС ӨңІРІ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ФОНЕТИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	66
3.1 Кірме сөздердің фонетикалық сипаты.....	66
3.2 Кірме сөздердің морфологиялық сипаты.....	73
ҚОРЫТЫНДЫ.....	80
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	83

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тіл адам баласының қатынас құралы болуымен қатар, халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік күйін, дүниетанымын бейнелеуде маңызды да шешуші рөл атқаратыны мәлім. Халқымыздың сөз байлығы халықтың рухани өмірі мен тарихын, ұлттық нақышы мен дүниетанымын сипаттау құралы болып табылады. Бүгінде тіл табиғатын жан-жақты тануға арналған тіл біліміндегі зерттеу жұмыстары ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктерімен және этностың өмір сүру болмысымен тығыз бірлікте алынып, коммуникативтік, когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерделенуде.

Қазіргі мәдениеттану мен тіл білімінде тілдің рухани мәдениетті жасаудағы рөлі мен рухани мәдениеттің тілдің қалыптасуына қатысуы секілді мәселелер үлкен өзектілікке ие болып, барған сайын кең түрде қарастырылуда. Кемінде мың-мың жарым жылдық тарихы бар араб-иран-түркілік мәдени қарым-қатынастардың осы тілдердің лексикасында да із қалдырғаны мәлім. Ұлттың өзін-өзі тануы үшін оның өткенде кімдермен қарым-қатынас орнатты, қандай мәдениеттермен байланыста болды, әлемдегі өркениеттік үрдістерге қатысты ма, не болмас томаға-тұйық, оқшау өмір сүрді ме деген мәселелерді анықтау қажет. Бұл тарихи мәселенің өзектілігіне кезінде назар аударған Қ. Жұбанов: «Дүниедегі халықтардың бәрі де құранды, «таза» ел жоқ. Білімпаздар қазақты XV-XVI ғасырда құралған деседі. Ел құранды болған соң, тіл де құранды болмақ: *шаруа, сән, ән, әңгіме, баға, пайда* деген сөздердің барлығы да парсынікі. Тілдің қалай өсіп, дамитындығын білу керек. Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өсіп-өну жолын білу деген» [1,119], – дей келе, тілдің тарихын білу өткенді тану үшін ғана емес, тілдің қазіргі жай-күйін түсініп, оған саналы түрде әсер ету үшін қажет екенін баса айтқан болатын [1,400].

Тіл иесі болып табылатын белгілі бір этностың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихын, мәдениетін, ұлттық мінез-құлқын сипаттауда маңызды орын алатын ол – көркем туынды болып табылады. Себебі, көркем шығарма ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс, біртұтас дүние ретінде әр ұлттың өзіне тән мәдениетінен, мінезінен, жан-дүниесінен хабар береді және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Осындай қаламгерлер қатарында Павлодар Ертіс өңірінен шыққан ақын-жазушыларды айтуымызға болады.

Тілдік жүйенің қазіргі қалыптасу заңдылықтары мен оның даму тарихын зерттеуге қатысты қандай мұраның болсын, шығу тарихын, табылу, зерттелу жайын жете меңгеріп, ол туралы ой-пікірлер, тұжырымдарды зерделеудің мәні ерекше екені белгілі. Осыған орай қазақ әдеби тілінің дамуына өзіндік үлес қосқан Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы өз алдына бір төбе. Жерлес қаламгерлердің шығармаларын тілдік тұрғыдан қарастырудың маңызы зор. Бұл салада әдебиеттану тұрғысынан зерттеулер

жүргізілгенімен, тілдік ерекшеліктері, соның ішінде кірме сөздерді қолдану ерекшеліктері зерттелмеген.

VIII ғ. бергі кезеңдердегі тарихи ескерткіштердің барлығында араб және иран сөздерінің кездесетіні заңды құбылыс. Бұның себебі орта ғасырда ислам дінінің орнығуына байланысты араб элементтері түркі тілдеріне көптеп ене бастады және шығыс мәдениетінің өрлеу кезінде (XIV-XV ғғ.) ғылыми және әдеби шығармаларды араб және иран тілінде жазу дәстүрге айналған еді. Міне, осындай жағдайлар түркі ғалымдарының өз шығармаларына арабша және иранша ұғымдарды пайдалануына өз ықпалын тигізбей қоймады. Одан бергі кезеңдегі Ресеймен арадағы қарым-қатынастар орыс тілінің кірме сөздерінің енуіне жағдай жасады. Әр халықтың тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қарым-қатынасы ең алдымен оның тілінен көрініс табады.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме сөздерді қарастыру, кірме элементтердің лексика-семантикалық топтарын, фонетика-грамматикалық сипатын, жұмсалыу ерекшеліктерін зерттеп, олардың шығарма тіліндегі стилистикалық қызметін қарастыру арқылы қаламгерлердің сөз қолдану шеберлігі мен даралық стильдік ерекшелігін көрсете аламыз. Аталмыш мәселелердің қарастырылуы – жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты мен міндеті. Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының (С.Торайғыров пен И.Байзақовтың) тіліндегі кірме сөздердің мәдени-танымдық мәнін ашу, фонетикалық, семантикалық жағынан қолданылу ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттердің шешімін табу көзделді:

- қазақ тілі лексикалық жүйесі дамуындағы лингвомәдени байланысты анықтау;
- қазақ тіліндегі араб, иран, орыс кірме сөздерінің зерттелу тарихы мен тілімізге ену себептерін тарихи тұрғыдан сипаттау;
- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларында қолданылған араб, иран, орыс сөздерін анықтап, тақырыптық топтарға жіктеу;
- қазіргі оқушыға түсініксіз араб және иран сөздерінің лексика-семантикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру;
- араб және иран сөздерінің өзара және түркі сөздерімен бірігу, қосарлану, тіркесу жолдарына талдау жасау;
- қаламгерлер тіліндегі кірме сөздердің семантикалық даму ерекшеліктерін анықтау;
- қаламгерлердің лексикасындағы араб, парсы, орыс сөздерінің үлес салмағын көрсету;
- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме фразеологизмдердерге семантикалық талдау жасау;
- қазақ тіл білімі, түркітанудағы араб тілінен енген сөздерге, кісі есімдеріне қатысты жасалған зерттеулерге шолу жасу;
- араб есімдерінің қазақ қауымына кең тарауының басты себептерін тарихи және тілдік деректер негізінде көрсету;

- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме сөздердің фонетика –грамматикалық сипатын көрсету.

Зерттеудің дереккөзі. Нақты тілдік мәліметтер С.Торайғыров, И.Байзақов шығармаларынан алынса, оларға түсінік беруде тіл біліміндегі лексикографиялық еңбектер мен тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектер пайдаланылды.

Зерттеудің нысаны. Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тіліндегі кірме сөздердің қолданылу ерекшелігі. Зерттеуге нысан болған кірме сөздерге мысалдар төмендегі жинақтардан алынды:

Торайғыров С. Адамның өмірі. Павлодар, 2011

Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. Өлеңдер. Алматы, 1987

Торайғыров С. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1993

Байзақов И. Аспандағы аққуға ән қосайын. Павлодар, 2011

Байзақов И. Құралай сұлу. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, 1971

Байзақов И. Шығармалар жинағы. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.-184 б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижесі. Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары (С.Торайғыров, И.Байзақов) шығармалары әдебиеттану тұрғысынан кең түрде зерттелгенімен тілдік тұрғыдан, нақтырақ айтқанда, шығармаларындағы кірме элементтер арнайы қарастырылмаған. Осыған сәйкес тың тақырып ретінде қарастырылып, мынадай жаңалықтар ұсынылды:

- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тіліндегі кірме сөздер қолданысы алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр;

- қаламгерлер шығармаларындағы араб сөздері жеке, иран сөздері жеке қарастырылған. Осыған дейінгі зерттеулердің көпшілігінде араб-парсы деп аралас қарастырылып келген;

- поэтикалық қолданыстағы кірме элементтердің әрқайсысының фонетикалық сипаты мен лексика-семантикалық сипаты анықталды;

- қаламгерлер қолданған кірме сөздердің төл тіліндегі баламасынан айырмасы мен жаңа, үстеме мағыналары анықталып, қазіргі қазақ тіліндегі қолданыстарынан айырмасы атап көрсетілді;

- араб, иран, орыс сөздері жеке-жеке қолданыс салалары бойынша тақырыптық топтарға бөлініп талданды;

- қазіргі оқушыға түсініксіз араб және иран сөздерінің қолданылу себебі түсіндіріліп, олардың семантикалық мағынасы ашылды;

- шығармалар тіліндегі кірме фразеологизмдер анықталды;

- кірме есімдерге статистикалық зерттеу жүргізіліп, қазақ тіліндегі үлес-салмағы анықталды.

Зерттеу әдістері. Сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, семасиологиялық, статистикалық талдау әдістері, топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдері қолданылды.

Теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелері негізінде араб, иран, орыс сөздерінің нақты шығармашылық негізде қолданыстық мәнінің ашылуы, біріншіден, қазақ әдеби тілінің тарихы, тарихи лексикологияға, екіншіден, осы мәселелердің зерттелуінің мәдени-танымдық сипатын дамытып, қалыптастыруға, тіл білімінде лингвомәдениеттану, кірме бірліктер теориясы

сияқты жаңадан қалыптаса бастаған салалардың теориялық негіздерін айқындауға септігін тигізе алады.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме сөздердің лингвистикалық тұрғыдан зерттелуінің практикалық маңызы да бар. Зерттеу нәтижелерін арнаулы курстар мен семинарлар жүргізуде пайдалануға болады. Арабша-қазақша, қазақша-арабша, иранша-қазақша, қазақша-иранша түсіндірме сөздіктер құрастыруда жаңа деректер бере алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- әлеуметтік, қоғамдық-саяси, діни құбылыстардың әсері араб, иран, орыс кірме сөздерінің тілімізге көбірек енуіне жағдай жасады;

- қазақ тіліндегі араб, иран кірме сөздері –кемінде мыңжылдық тарихы бар тарихи-мәдени қарым-қатынастың көрінісі, ұзақ даму жолынан өткен тілдік бірліктер;

- қаламгерлер шығармаларындағы араб, иран сөздері негізінде қалыптасқан этномәдени фразеологизмдерді қазақ әдебиеті көркем сөзінің бір бұлағы деп қабылдауға болады;

- жалпы араб негізді қазақ есімдерін құрылымдық, тақырыптық сипатына қарай үшке топтастырып, олардың іштей жіктелуін жасауға болады;

- араб есімдері қазақ тіліне қабылдаушы тілдің заңдылықтарына сай, өзгерістерге ұшырап барып енген және бір араб есімінің қазақ тілінде бірнеше вариантта кездесуі дыбыстық сәйкессіздіктер әсерінен туындаған;

- араб, иран, орыс кірме сөздерінің фонетикалық варианттары – тілдік дамудың бір көрсеткіші ретінде танылады.

Жұмыстың талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары бойынша конференцияларда баяндамалар жасалды. Зерттеу жұмысы бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарында және ғылыми басылымдар мен жинақтарда 3 мақала жарияланды. Атап айтқанда: «Қазақ лексикасындағы кірме сөздер», «Иса Байзақов шығармаларындағы кірме сөздердің лингвомәдени мәні», «Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме фразеологизмдер».

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЛИНГВОМӘДЕНИ БАЙЛАНЫС ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК–ТАРИХИ КОНТЕКСТІНДЕ

Шығыс халықтары тілдерінен соның ішінде араб, иран тілдерінен сөз ауысу процесін ғалымдарымыз түрліше түсіндіріп жүр. Кей ғалымдар араб, иран тілдерінен сөз ауысуын ислам дінімен байланыстырса, енді біреулер ертедегі IV ғасырдан бастап керуен саудасы болғанын айтады. Тіпті, оның күшейе бастағанын XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси құбылыспен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда кірме сөздердің қалыптасуы мен даму жолдарын қарастырып, тарихи тұрғыдан талдау жасау қашанда маңызды болмақ. Бұл араб сөздері мен иран сөздерінің өзіндік ену жолдары барлығын көрсетеді.

Исламияттың Түркістан елдерінде таралуындағы Иран халықтары мен мәдениеттерінің алар орны ерекше. Сонау, Хазіреті Мұхаммедтің (569-632) өмірінде парсы жұртының өкілдері Исламиятты қабылдай бастаған-ды. Әсіресе, Халифа Әділетті Омар Хаттабұлы (581?-644) және Қоснұрлы Осман Ғафғанұлының (573-656) биліктері тұсында көне Сасани (224-651) патшалығы мен Мауера-ән-Нәһр елдері мұсылман билігіне қосылғанды. Арабтар бастаған Исламды насихаттау шараларын кейінірек мұсылмандықты қабылдаған ирандықтар жалғастырады. Исламияттың Орталық Азияда жайылуында Иран жерінде туып өскен ғұламалардың, мемлекет қайраткерлерінің орасан зор үлесі бар. «Орта Азияның байырғы тұрғындары – парсы, соғды және түркілердің барлығын арабтар мұсылман қылды деген дұрыс пайымдау болмайды. Тарихи деректер мен уақиғалар желісіне қарайтын болсақ, арабтар бастаған дін насихаттау уазиғасын соғдылардың және кейінірек түркілердің алып кеткенін байқаймыз. Демек, Орта Азия халықтарының тұтас мұсылмандықты қабылдауына атсалысқандар негізінен соғдылар, ал шындығына келгенде түркілер болды. Түркілердің сонау Әмәуи билігі тұсында бастаған саяси-әскери үстемдігі, Аббас әулеті тұсында ресми сипат алды. Мисалы, халифа Мұғтасымның кезінде (833-842) түркілердің атақ-даңқының өскені соншалық-кім, халифаның ең сенімді қолы (мұхафыз фирқасы) тұтасымен 4000 түрік сарбазынан құралған [2,68]. Алайда, ирандықтар мен түркілердің қарым-қатынастары Исламнан бұрынғы ғасырлардан, көне дәуірлерден-ақ басталғаны әйгілі.

Исламнан бұрынғы иран-түркістан қатынастары жайына азғана шолу жасап, мынадай жайларды анықтадық. Хорезімдегі Су-йарған қазбалары эрадан бұрынғы II мың жылдықта аталған өңірдің Иран мәдениеті шеңберінде болғанын аңғартады. Зерттеушілер андроновшыларды салған суреттеріне, әдет-салттары мен басқа да белгілеріне қарап, үнді-иран халқы деп тұжырымдайды. Ғалым С.Б. Толстовтың пікіріне қарағанда ерте кезеңде Түркістан және Хорезім аумақтарын Иран қауымдары жаулап алған-тұғын. Жібек жолы саудасын бақылауға алған кейбір хұн ханзадалары сауда

айналымын жасап тұрған. Сол кездің өнер туындыларында қытай һәм иран нақыштары, хайуан (аң) бейнелері басымырақ болды. Аландардың көне Иран мәдениетінің ықпалында болғаны археологиялық қазбалардан анықталған. Халқы ирандықтар болған Ферғананың сәйгүліктерінің атағы күллі құрлыққа таралған. Ферғана батыс жақтың, әсіресе, Иран мәдениетінің Орталық Азияға шығатын қақпасы болған. Ферғана тұрғындары Иран текті саудагер халықтар болады. 659 жылға дейін осы өңірде Құшан мәдениетінің өктем екендігі аңғарылады. 659 жылдан кейін түрік әсері айқын бола бастайды. Сақ мәдениетін зерттеуші ғалымдар оны Иран (Ахемен және Бактрия) және Қытай мәдениетінің (Чжоу және Хан) ықпалында қалыптасқан деп есептейді. Сақтардың нақты қай тілде сөйлегенін ашып айту қиын да даулы мәселе. Ғалымдар олардың басым көпшілігі иран тілді еді деседі. Алайда, кейбір солтүстік сақ тайпаларының түркі тілді болуы әбден мүмкін. Қазіргі қазақ тілінің сөз қорында иран тілінен енген мыңдаған сөздердің болуы, осы иран тілді сақтар мен соғдылардың түркі тілді халықтарды қалыптастырған тайпалардың құрамына кіргендігінен. Қазақ тіліне енген араб және иран сөздерін айыра тану онша оңай емес. Кірме араб сөздерін ажырату иран сөздерінен гөрі оңайырақ. Мысалы: *қалам, кітаб, ғылым, мектеп, мұғалім, бәрекелді, дұға, аруақ, тағам, мәдениет, саясат, несие, қарыз* т.б. араб тілінен енген сөздер.

Иран тілінен енген кейбір сөздер: *дос, дұрыс, рас, мас, нан, ас, әр, еш, кей, дастархан, сенбі* (күн атаулары), *хана, пәлі, Құдай (Хұда), наурыз, жат, жады, жәдігер, шара* т.б.

Иран тілінің *-кер, -паз, би-, не-* сықылды жұрнақтары арабша, парсыша, түрікше және мұңғұлша сөздерге тіркеліп, әр алуан жаңа сөздерді жасауға септігін тигізген. Мысалы: *талап-кер, жауап-кер, айып-кер, жауын-гер, айла-кер, сот-қар, қи-қар, ас-паз, өнер-паз, жар-нама, жыл-нама, шабан-доз, жатақ-хана, ауру-хана, ас-хана, іс-хана* т.т. Сондай-ақ, парсы тілінің болымсыздық жұрнағы *би-, бей-, на-, не-*, қазақ тіліндегі көптеген сөздерде пайдаланылады: *бей-бақ, бей-ғам, бей-шара, бей-таныс, бей-мәлім, бей-тарап, на-хақ, не-ғайбыл, на-құрыс, на-разы* т.б. Осындай қосымшалардың, әсіресе түркі тілінің заңдылығына жат сөз алды жұрнақтарының ауысуы бола бермейтін құбылыс. «Бұл аса зор байланыстың, ұзақ ғасырлар бойғы сіңісудің нәтижесі болса керек. Сондай-ақ, түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының құрамына енген иран тілді халықтардың тілдері арқалы енген болуы ләзім» дейді көрнекті ғалым Нығмет Мыңжанұлы[3,123]. Нақты түркі сөзі «шешектің» орнына парсыша *гүл* сөзін алғанымыз сықылды, өзбек ағайындардың еттің орнына «гөш», түрік ағайындардың қараның орнына «сияһ» деп айтатыны, түрік тіліндегі «етпектің» орнына «нан», «яғының» орнына «май» сөздерін қолданатынымыз, міне, сондықтан. Қазақстанның бас қаласының парсы тіліндегі «Астана» сөзімен аталғаны да Иран мәдениетінің ежелден келе жатқан байланысының әлі де күшті сезілетінін көрсетсе керек.

Осы айтылған жайларды топшылай келе, әрбір тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы ғана болмайтынына көз жеткіземіз. Сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да өз тілін байытып, жетілдіріп отырады. Қазақ халқының ертедегі даму тарихына көз жіберсек, көптеген елдермен үнемі тығыз байланыста болғандығын көреміз. Ел мен елдің арасындағы ежелгі достық қарым-қатынастың болғандығы ана тіліміздің сөз байлығының құрамынан да айқын байқалады. Бір халық пен екінші халық ертеде тек мал- мүлік пен киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты жалаң заттарды ғана алмастырып қоймаған, соған қоса рухани байлық та бір-біріне ауысып отырған. Әсіресе бір тілден екінші тілге көптеген сөздер кірген. Осыған байланысты тіліміздегі қыруар кірме сөздер қоғам тарихымен, қазақ халқының басынан кешкен даму тарихымен тығыз байланыстырыла зерттеледі.

Қазақ халқы басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VІІ-VІІІ ғасырларда араб, иран елдерімен, XII—XIII ғасырларда монғол халқымен күшті байланысты болса, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы (1731) кезеңінен бастап, күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей достық-ынтымақтастық қарым-қатынаста келеді. Осындай ұзақ ауыс-түйіс, мол байланыстан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар кірме сөздер пайда болған.

«Кірме сөздер (заимствование) деп әрбір тілдің өзіндік сөз тудыру тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған сөздерді айтамыз. Яғни сөздің белгілі дыбыстық түр-түрпаты мен мағынасы екеуі де өзге тілге қатысты сөздер кірме сөз делінеді»[4,89]. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза төл сөздерден құралмайтындығы дәлелденген. Зерттеушілер ағылшын тілінің сөздік құрамының не бары 30 пайыз шамасында ғана өзінің төл сөздері, ал қалғаны өзге тілдерден ауысып келген дегенді айтады. Түркі тілдеріне де көп елдерден неше алуан сан-салалы сөздер ауысып келгендігі белгілі. Сөз ауысу бір жақты ғана болмаған, екі жақты болған.

Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, аң атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Сонымен қатар түркі тілдері араб, парсы халықтарына мынадай ұғымдағы сөздерді бергендігін айтады.

Мысалы: *ата, адырна, орда, ақша, елші, адас, ұлы, құрылтай, бүлдіршін, қылыш, қонақ; бұғау, ту, темір, шабар, сорпа, тоқпақ, қаймақ, құл, ұлыс, олжа, өлік, жылқы, қаз, қарға, қарақұс, сұңқар, қызыл, қылыш, қалпақ, қамшы, қосын, қарауыл, қарақшы, қайық, аю, арыстан* т.б.

Орыс тілінің сөздік құрамындағы *айран, алтын, атара, аул, башка, болван, ералаиш, кабарга, каймак, караул, кишлак, кочевать, кумыс, кунак, очаг, сайгак, серьга, сургуч, табун, тамга, тумак, тюбетейка, урман, чекмень, чий, чубарый, чулан, тютюн* тәрізді сөздер ертеде түркі халықтарынан ауысқан[5,98]. Н.К.Дмитриевтің пікірінше, түркі тілдерінің ықпалы тек славян тілдерінің лексикасына ғана әсер етіп қоймаған, славян фонетикасына бір сөзбен айтқанда, жалпы тілінің бүкіл жүйесіне күшті ықпал еткен[6]. Орыс тілінің құрамындағы түркі сөздерін зерттеуге арналған еңбектердің бірі — «Орыс тіліндегі түркі сөздерінің сөздігі»[7] Бұл сөздікте орыс тіліне енген екі мыңға жуық түркі сөздері қамтылған. Бұған қарағанда өзге тілдер түркі халықтарының тілдеріне - қаншалықты игілікті әсер еткен болса, түркі халықтарының тілдері де сол тілдерге кем ықпал етпегендігі байқалады. Алайда бір тілден екінші тілге сөз ауысқанда ауысқан сөздердің сан мөлшері әрдайым тең болады деген теріс ұғым тумауға тиіс. Бір тілде көп, бір тілде аздау болғанымен де, сөз ауысудың екі жақты құбылыс екендігін жоққа шығара алмаймыз.

1.1 Қазақ тіліндегі араб, иран, орыс сөздерінің зерттелу тарихы

Қазақ тілінде шығыс элементтері соның ішінде араб және парсы тілдері туралы сөз болғанда, ғалымдарымыз осы күнге дейін «араб-парсы» деп қосарлап айтып келеді. Бұл дұрыс емес деген пікірлер бар. Өйткені араб тілі мен парсы тілі ешқандай туыс тілдерге жатпайды. Араб тілі семит, ал парсы тілі үндіевропа тобына кіреді. Сондықтан оларды туыс тілдер сияқты дефиспен қосарлау орынды болмаса керек. «Әрине, кейбір араб сөздері парсы тілі арқылы, кейбір парсы сөздері араб тілі арқылы қазақ тіліне енгені рас. Бірақ араб тілінің өз тарихы, парсы тілінің өз тарихы барлығы рас» [8,12].

«Араб пен иран елдері өзгелер тәрізді ғасырлар бойы, көрші қоныстанған мемлекет. Олар өзара саяси, мәдени, экономикалық қарым-қатынастар жасап келеді. Тіпті, бұл екі тілдің өздері де бір-бірімен араласып-құраласып кеткен. Мәселен, парсы тілінің сөздік құрамының жартысынан көбі араб сөздері. Бірақ бұған сүйеніп, ол екі тілді араб-парсы деп қосарламай, араб және парсы деп бөліп айтқан орынды»[9].

Қазақ тіл білімінде бұған дейінгі зерттеулерде араб, иран сөздері араб-парсы ретінде қарастырылды да, тілімізге термин ретінде қалыптасты. Бұл «парсы тілінде өзгеріске ұшырап тілімізге енген араб сөздері» деген ұғым

беретін. Өйткені, араб сөздері тікелей емес, негізінен парсы тілі арқылы келгендігі мәлім. Зерттеулерге сүйенсек, иран тілінің 60%-ға жуығы араб сөздері. Дүниежүзі тілдерінің классификациясында парсы тілі деген атау жоқ. Иран тілдері деп аталады. Бұл тілдік атау Иранның оңтүстік провинциясында дәуірлеп, дамыған кезеңде парсы атауын алып, тек қана тіл емес халық атына да ие болған еді. Содан бері иран, парсы есімдері қатар аталып келеді. Біз де зерттеуімізде білдіретін мағынасы бір сөз ретінде парсы, иран деген сөздерді бірдей қолдана бердік. Негізінен басым түрде иран сөзі қолданылды.

Тілдің тарихын зерттеуде қашанда кірме сөздердің орны ерекше екені жасырын емес. Әсіресе, осы бағытта шығыс тілдерінің соның ішінде араб, иран кірме элементтерінің орны ерекше. Олардың маңыздылығы мен өзектілігі бүгінгі күнде де өз құндылығын жойған жоқ. Қазіргі таңда араб, иран элементтерінің лексикалық ерекшеліктерін зерттеулер жайлы бір қатар келелі еңбектер бар екені анық. Бұл мәселеде шетелдік шығыстанушы ғалымдар мен түрколог ғалымдар және өзіміздің отандық ғалымдарымыз еңбектерін атап өтуге болады. Араб, иран элементтерінің түркі тілдеріне ықпалы жайлы жазылған А.К. Боровков, Н.К. Дмитриев, Б.Я. Владимирцевтің зерттеулеріне қоса, С.С. Майзель, С.Н. Иванов, Ф.А. Абдуллаев, У. Күмісбаев, Х. Назарованың диссертациялық жұмыстарын ерекше атап өтуге болады.

Қазақ тіліне енген кірме араб сөздері жөнінде алғаш болып П.М. Мелиоранский, Н. Төреқұлов, Х. Досмұхамедұлы сияқты ғалымдар сөз қозғаған. Бұл тақырыпқа жазылған көлемді әрі жан-жақты еңбек ретінде Л.З. Рүстемовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-иран сөздері» деген кандидаттық диссертациясын атауға болады [10]. Бұдан кейінгі бірқатар еңбектерде ескі түркі жазба ескерткіштері, қазақ ақындарының шығармалары және қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздер зерттеуге алынған.

Түркі тілдерінің құрамынан кең орын алған араб, иран сөздерінің фонетикалық, морфологиялық және грамматикалық формалары жайлы да жан-жақты қарастырылған еңбектер жеткілікті. Бұл ғылыми еңбектердің түркі тілі лексикасын зерттеу тарихында өте маңызды орны бар. Қазақ тіл білімінде араб, иран сөздерін алғаш қарастырған Г. Жәркешова мен С. Талжановтың мақалаларын атап өтуге болады. «Араб, парсы тілдерінен енген кейбір сөздер туралы» мақаласында Г. Жәркешова тіліміздегі кірме сөздердің қысқарып барып, жігін білдірмей бірігіп кету процесін сөз ете келе *шаһзада*, *самұрық*, *мұрап* т.б. сөздеріне талдау жасайды [11]. Онда ол тіліміздегі біріккен сөздерге лексикалық сараптама жасай отырып, бірігетін сөздердің сыңарлары бастапқы тұлғаларын өзгертіп, олардың арасынан не соңынан жекелеген дыбыстар немесе буындар түсіп қалып, компоненттер өзара кірігіп, жігін білдірмей кететіндігін атап көрсетеді. Бұл тек қана түркі тілдеріне ғана емес араб және парсы тілдеріне де тән құбылыс екенін айтып өтеді. «Бірігу процесі қазақ сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздердің арасында да жиі болып отырады. Мұның өзі тіліміздегі сөз тудыру тәсілінің бір саласы екені мәлім» - деп келтіреді [12].

Осы шығыс елдері сөздерінің қазіргі қазақ әдебиеті мен ауызекі тілінде қолданылып жүрген элементтерін әр түрлі аспектілер арқылы талдау жасап, зерттеу барысында тілімізде қолданыс тауып жүрген араб, иран сөздерінің алатын орнын, қолданылатын салаларын, семантикасын, этимологиясын, фонетикалық және грамматикалық өзгерістерін ғылыми тұрғыдан дәлелдейтін келелі еңбек – Л.З. Рүстемовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» атты монографиялық еңбегі екендігін айтқан болатынбыз [13]. Еңбектің басты ерекшелігі негізінен араб, иран сөздерінің семантикалық, яғни мағыналық жағынан өзгеріске ұшырауындағы ерекшеліктерге ерекше назар аударады. Онда кірме сөздердің ауысу процесінде болатын мағыналық өзгерістердің үш түрін атап көрсетеді: «біріншіден, араб-парсы тілдерінде көп мағына беретін сөздердің алғашқы мағынасы қазақ тіліне ауысқан соң тарылып, енді бұрынғысынан гөрі аз ұғымды білдіретін болып қалады. Екіншіден, араб-парсы тілдерінде тар, азғана ұғымды білдіретін сөздердің қазақ тілінде кең мағына беретін элементке айналып кетуі. Үшіншіден, араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер кейде өзінің алғашқы мағынасын жойып, мүлдем жаңа мағынаға ие болады» [13].

Соңғы он жылдың көлемінде араб, иран тілдерінен енген сөздерді зерттеу мәселесі қазақ тіл білімінде кеңінен қарастырылып келеді десек артық айтқандық емес. Алайда олардың объектісі түрлі болып келетінін атап өту керек. Олар әр кезеңдердегі жазба нұсқаларды немесе олардың қолдану аясына байланысты қарастырылады. Араб, иран кірме сөздеріне зерттеу жүргізген Ж. Есеналиева Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігін негізге алып, Абай шығармаларындағы сөздерге лексикалық талдау жасайды. Абай шығармаларындағы араб, парсы кірме сөздерінің саны 1000-ға жететінін айтып, өз ойын жалғастыра келе: «Олар – қазақ тіліне ерте кезде сіңісіп, жиі қолданатын сөздер. Бұл топтағы сөздердің бәрі дерлік қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бай үлкен өзгеріске ұшыраған *адал, абырой, айна, парыз, уайым, хабар, хал, шілде, ыза* т.б. мысалдарды келтіре отырып, бұл тәрізді араб, парсы сөздерін Абай жалпы халықтық тілден алғаны анық» - деп ой түйеді [14]. Ж.Есеналиева негізінен Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылуына лексикалық талдау жасауды мақсат еткен. Лексикалық талдау «Абай тілі сөздігі» бойынша жүргізілген. Онда зерттеуші осы сөздік негізінде жіберілген кемшіліктермен олқылықтардың орнын толықтыруды қарастырады. Араб, иран сөздерін зерттеудегі келесі бір еңбек Б.Жұбатованың «Қазақ қисса-дастандарындағы араб, парсы сөздері» деген диссертациясы. Зерттеу барысында зерттеуші XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қисса-дастандарының тіліндегі араб, парсы элементтеріне лингвистикалық сипаттама береді. Зерттеуші қисса-дастандар тілін кітаби тіл дәстүрі негізінде қарастырып кірме элементтердің қолданылуына ерекше назар аударады. «Кітаби тіл дәстүрі кірме элементтердің жөнді-жөнсіз қолданып, тіл тазалығы мен мәдениеті деген мәселелеріне қайшы келіп отыратын тұстары болғаны рас» екенін сөз етіп, «Жалпы, қай тілде болмасын, өзге тілден енген кірме элементтерді пайдалану

белгілі бір зәруліктен қажеттіліктен туындайтын, басқа жол болмағанда ғана жүгінуге тура келетін тәсіл. Ал кітаби ақындар белгілі бір себептерге байланысты, өзге тілдің лексикасын шамадан тыс көп пайдаланып отырған. Бірақ бұл элементтердің бірқатары актив лексикаға еніп, қазақ тіліне жатсынбай қабылданса, енді бірқатары пассив лексикада қалып қойған, бүгінгі жұртшылыққа мағынасы түсініксіз күйінде қалып отыр» - деген тұжырым жасайды [15].

Ал XI-XII ғасыр әдеби ескерткіштеріндегі араб элементтеріне зерттеу жасаған Г. Құлназарова салыстырмалы түрде бірнеше құнды деректер келтіреді. Ол XI-XII ғасыр әдеби ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліне ортақ араб сөздерінің тұлғалық, мағыналық, мазмұндық ерекшеліктерін аша отырып, көне тіл мен жаңа тілдің арасындағы кірме сөздер саласындағы айырмашылық пен ұқсастықты саралап көрсетеді. XI-XII ғасыр әдеби ескерткіштерге және қазақ тіліне ортақ болып келетін араб сөздерінің фонетикалық, морфологиялық, семантикалық ерекшеліктерін айқындайды. Нәтижесінде XI-XII ғасыр ескерткіштерінде қолданылатын 505 араб сөзінің ортағасырлық М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» нұсқасында да сопылық дәуірдің өкілі болған Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикметінде» де кездеседі деп көрсетеді. Осылайша XI-XII ғасырдағы «Құтадғу білік» пен «Ұбат-ул хақайық» әдеби ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліне ортақ араб сөздерінің нақты арақатынасын ашып, оған сипаттама береді [16].

Соңғы жылдары араб, иран кірме сөздерінің зерттелуі жаңа бір бағыт ұстанып, түрлі деңгейде зерттелуде. Ол зерттелудің мақсаты мен объектісі қазақ тіліндегі араб, иран сөздерінің лингвистикалық дәрежесін нақтылай түсері сөзсіз. Бұл тұста Г. Бүркітбайдың «Қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде арабизмдердің лексикографиялануы» диссертациясын атап өтуге болады.

Г. Бүркітбай қазіргі қазақ тіліндегі арабизмдердің лингвистикалық дәрежесін нақтылай отырып, түсіндірме сөздіктердегі арабизмдердің сөзтізбе құрамын анықтау, олардың дефинициясын сипаттап, лексикалық мағыналарын құрылудың ерекшелігіне қарай талдау жасайды. Қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінің құрамы мен құрылысы жан-жақты зерттеліп, ондағы арабизмдердің лексикографиялық ұстанымдарына сай зерттеудің тұжырымын жасай отырып, мынандай мәліметтерді ұсынады: «он томдық ҚТТС-та 67 мың атау сөз қамтылса, оның ар. этимологиялық белгі сөзі қойылғаны-472; бұлардан басқа ир. этимологиялық белгі сөзі жаңылыс қойылған немесе ар. ир. белгі сөздері қатар қойылған арабизмдер саны – 67, ар. белгісі мүлде қойылмаған 388 арабизм бар екені нақтыланып, барлығы 783 арабизмге талдау жасалды» - дейді [17].

Ал Ә. Әбдірахманның «Құран Кәрімдегі тұрақты тіркестер мен термин сөздердің қазақ тілінде берілуі» диссертациясында Құран Кәрімнің қазақ тіліне аударылуы алғаш қарастырылып, аударма тәсілі, аудармашылық шеберлік, аудармадағы сөз қолданысы жайлы кеңінен сөз болады. Бұл жұмыста бұрын-соңды қарастырылмаған Құран Кәрімдегі діни терминдердің, жай және тұрақты сөз тіркестері мен фразалық тіркестердің аударылу тәсілдері – негізгі

нысан ретінде алынады. Қазіргі қазақ тіл білімінде араб, парсы кірме сөздерінің тарихи ену себептері, лексика-семантикалық түрлері, ондағы тұлғалық өзгерістер жайлы біршама зерттеулер бар. Бірақ бүгінгі таңға дейін Құран Кәрім элементтері арнайы зерттелмеген. Сондықтан еңбекте Құраннан тілімізге енген араб сөздерінің фонетикалық өзгерістерге енуі мен еуропалық тілдерден енген кірме сөздермен тіркесулері жеке-жеке қарастырылған. Құран Кәрімдегі тілдерден енген кірме сөздермен тіркесулері жеке-жеке қарастырылған. Құран Кәрімдегі сөз тіркестері тақырыптар бойынша топтастырылып, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан талданған [18]. Бұл жалпы алғанда еліміз егемендік алғанан кейін ұлттық дәстүрімізбен бірге келе жатқан өз дінімізбен қайта қауышқан заманда оны зерттеудің түрлі жолдары ашылып, жан-жақты зерттеліп келе жатқанының бір көрінісі. Осы тұрғыда тек қана тіл ғылымында ғана емес ғылымның түрлі саласы бойынша зерттеліп жүргенін тілге тиек ету керек. Кешегі кеңес өкіметі тұсында тіліміздегі араб, иран тілдерінен енген кірме сөздер жайлы жеке қарастырылмады. Қарастырылғандарының өзі «араб-парсы кірме сөздері» деп әр түрлі тілдік топтарға жататын тілдер бірге қарастырылып келгенін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Тілдік құбылыстарды зерттеу барысында ең алғаш тілдің тарихына көз жүгірту мәселесі алға тартылса, онда сан ғасырлық ұлттың тарихы мен бірге тілінің тарихы, дәстүрі қатар жүретінін ұмытпау керек. Араб, иран сөздерінің тілімізге кірігіп қалыптасуы, олардың лексикалық қорға әсері, грамматикалық құрылымы мен лексикалық топтарын анықтау жайлы жоғарыда аталған ғылыми еңбектердің болғаны өте маңызды. Алайда араб тілінің кірме сөздерін сөз етсек болғаны, оған парсы тілі дегенді қоса алатынымыз барлығы белгілі. Парсы тілі дегенде осы иран тілі сөз етіледі. Бірақ парсы тілі иранның барлық тілін қамти алады ма? Бұл нақтылы шешімін таппаған сұрақ. Жоғарыдай айтып өткендей, белгілі өлке (иранның бір бөлігі) болып қалыптасқан парсы атауы (тайпа атауы) өзінің қолданыстағы мағынасын кеңейте келе үлкен бір мемлекет атауына ұласқан. Сол үлкен мемлекеттің аты, тарихы, әдебиеті, мәдениеті, тілі де сонымен аталған. «Сол себепті парсы дегенде мүмкін сол иран тілін бір тіл деп қабылдаған дұрыс болар. Ал тілшілердің қолданысындағы араб-парсы деп жүргендері мүмкін арабтанған парсы сөздері болса керек» деген де пікір бар. Жалпы, қазақ тіліндегі шығыс элементтері соның ішінде араб және иран тілдері туралы сөз болғанда, біздің ғалымдарымыз осы күнге дейін «араб-парсы» деп қосарлап айтып келетінін айттық. Бұл шынтуайтқа келгенде, дұрыс емес екенін, араб тілі мен парсы тілі ешқандай туыс тілдерге жатпайтынын да сөз еттік. Араб тілі семит, ал парсы тілі болса үндіевропа тобына кіреді. Сондықтан оларды туыс тілдер сияқты (-) дефиспен қосарлау орынды болмаса керек деген тұжырымды біз де қуаттаймыз. Әрине, кейбір араб сөздері иран тілі арқылы немесе иран сөздері араб тілі арқылы қазақ тілінің сөздік қорына енгені рас. Бірақ араб тілінің өз тарихы, иран тілінің өзіндік жасалу тарихы барлығы жасырын емес. Сондай-ақ араб және иран елдері де, өзгелер тәрізді ғасырлар бойы алыс-жақын, көрші мемлекеттермен экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынас жасап келді.

Тіпті, бұл екі тілдің өздері де бір-бірімен араласып-құраласып кеткен деуге болады. Мәселен, бұл екі тілдің өздері де бір-бірімен араласып-құраласып кеткен деуге болады. Мәселен, парсы тілінің сөздік құрамының жартысынан көбі араб сөздері. «Бірақ бұған сүйеніп, ол екі тілді «араб-парсы» деп қосарламай, араб және парсы сөздері деп бөліп айтқан ләзім»- деп Ж. Есеналиева да ерекше атап өтеді. Сондықтан ол өз зерттеулерінде араб, парсы деп екеуінің арасын үтірмен ажыратып екі тіл екенін көрсетіп қарастырады [14]. Осы айтылған пікірді Г.Бүркітбай да қолдайды. Ол «тіл білімінде араб-парсы кірме сөздері түрінде қолданылып жүрген ұғымды араб және иран тілдерінен кірме сөздер түрінде қалыптастырғанымыз абзал» - дейді де, «... кейбір еңбектерде «араб-парсы» түрінде дефис арқылы жазылып жүрген араб және парсы кірме сөздерін, біздің ойымызша, «араб-парсы» деп қосақтауға болмайды. Жоғарыда тоқталғанымыздай, бұлардың ұқсастығы тек жазуында ғана», - деп ұғынуымыз керек деген тұжырым жасайды [17].

Осыған орай алдағы уақытта бұл мәселелер өз шешімін табады дегіміз келеді. Біз де өз зерттеуімізде араб, парсы сөздері деп немесе парсының орнына кейде иран сөздерін үтірмен ажыратып қолдандық. Өйткені тіл ғылымының бүгінгі жетістігі осыны талап етуде. Бұл тілдердің әрқайсысы жеке-жеке тіл ретінде қарастырылып, араб тілі жеке, иран тілі жеке тіл ретінде зерттеу нысанына алынса, онда қазақ тіл білімінің саласындағы араб, иран тілдерінің зерттелуі өз нысанына алынса, онда қазақ тіл білімінің саласындағы араб, иран тілдерінің зерттелуі өз қатарын толықтырған болар еді.

Рас, араб, иран тілдерінің тілімізге әсері жайлы күні бүгінге дейін түрлі деңгейдегі еңбектер мен ғылыми мақалалар жарияланып жүр. Олардың көтерген мәселелері түрлі бағыттарды қамтиды. Мақсаты мен міндеті де біркелкі емес. Сол себепті тілімізге сіңісіп кеткен араб, иран сөздерін ғылыми тұрғыдан зерттеу әлі жалғасып келеді. Өйткені олар түрлі себептерге байланысты лексикалық қордан орын алған.

Кірме сөздердің мағыналық қолданысын қарастыру өте маңызды. Кейбірі бастапқы тұлғасын сақтап қалса, кейбірі сыртқы формасын өзгертіп тілімізден орын алған. Алайда тілімізде қолданылу барысында мағыналық өзгеріске түскен немесе сол сөзден жеке дербес лексикалық бірлік болып қалыптасып кету табиғаты да кездеседі. Бұл құбылыс кірме сөздердің семантикалық даму сипатын нақты анықтаған жағдайда ғана анықталады. Шындығында да, кірме сөздер болсын мейлі өзіміздің төл сөзіміз болсын көп ретте біз лексикалық мағынасына емес грамматикалық мағынасына негізгі көңіл аударамыз да, ал лексикалық мағынасы зерттеліп, толық анықталмай қалатын жайлары кездеседі. Нәтижесінде сол мағынаны бұрмалап өзгеше ой түйіп, кейде айтайын деген ойды нақты бере алмай жататынымыз бар. Олай болса кез келген сөздің мағынасына зерттеу жасау мейлі ол төл сөз болсын, кірме сөз болсын өте маңызды. Сөз мағынасы нақты, әрі толық, ең негізгісі түсінікті болуы керек деген анықтаманы негізге алсақ, онда сөз мағыналары дұрыс ашылу қажет. Бұл ретте алғаш сөздің бейнелеп тұрған затты немесе құбылысты нақты ұғыну керек. Сонда ғана сөздің анықтамаларын түсіне аламыз. Ал кірме сөздердің

семантикалық, мағыналық өзгерісінде болатын жай-күйі жайлы сөз еткенде алғаш олардың түп мағынасына назар аудару қажет. Араб, иран сөздерінің түп төркіні көп мағыналы (полисемиялық сөздер) болып келеді. Сондықтан араб, иран сөздері көп мағыналы деп танылады. Мысалы, араб тілінде *хадис* сөзі- 1) сөз, сөйлесу; 2) сұқбат; 3) әңгіме; 4) Мұхаммед пайғамбардың (а.с.у.) айтқан өсиеттері мен жасаған амалдары деген бірнеше мағына береді. Ал қазақ тіліне оның пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) жасаған амалдары мен айтқан сөздері мағынасында ғана қолданысқа енген. Басқа мағыналары тілдік қолданысқа енгізілмеген.

Қазақ тілінің сөздік қорының көп мөлшерін құрайтын кірме сөздер – орыс тілінен енген сөздер екені белгілі. Тілімізге енген орыс сөздері көптеген зерттеулерге арқау болған. Негізінен, қазақ әдеби тілі және функционалды стильдер мен жекелеген қаламгерлердің тілі туралы жазылған зерттеулерде қарастырылды. Атап айтқанда: «Абай шығармаларының тілі» [19], «Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі» [20], «Қазақ прозасының тілі» [21], «Алғашқы газеттердің тілі» [22] т.б. зерттеулер. Аталған зерттеулеріндегі сөз болған морфологиялық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерді анықтауда кірме сөздер, соның ішінде орыс тілінен енген сөздер де қарастырылған.

Лингвист-ғалым, мәшһұртанушы А.Қ. Тұрышевтің зерттеулерінде Павлодар өңірінің тумасы М.Ж. Көпеев қолданысындағы орыс тілінен енген кірме сөздер жан-жақты қарастырылған. Зерттеушінің айтуынша: «М.Ж. Көпеев Еуропа әдебиетін де жетік білді, әсіресе орыс тілін жақсы меңгергені шығармаларынан аңғарылып тұрады және өте орынды пайдалана білген. Орыс тіліндегі сөздерге қазақылы қосымшалар қосып, жаңаша түрлендірген. Араб, парсы сөздері де солай түрленген. М.Ж. Көпеев қазақ елінің ауыр жағдайын көре отырып, орыс империясының бодандығын ашына жырлап өткен адам. М.Ж. Көпеев «оян қазақ», «бостандық», «теңдік» т.б. тәуелсіздік ұранын қолдайтын сөздері бұрынырақ айтқан. Қазақ елінің мәдениетін, ғылымын, оқуын Күншығыс елдерінің тағдырымен бірге, Орта Азия елінің тағдырымен бірге, бірлікке алып қарастырады да, мұсылман жұртының, жалпы түрік елінің құрамында жүріп көтеруді армандайды» - деген [23,146].

М.Ж. Көпеев Абай Құнанбаев, Ы. Алтынсарин дәстүрінен үйрене отырып, кейбір орыс сөздерін нақышына келтіре, орайын келтіре жұмсаған. Сол сияқты араб, парсы сөздерін де орынды қолданған. Орта ғасырлық әдебиет өкілдері, *Жүсіп Баласағұн, Ахмет Игүнеки, Сүлеймен Бақырғани, Рабғұзи, Құтып, Хорезми, Хұсам Кәтіп, Сейф Сарай әсіресе рухани ұстазы Қожа Ахмет Яссауи* т.б. көп үлгі алған. Кейбір діни шығармаларын соларға ұқсатып жазған.

Абай Құнанбаев шыққан белес М.Ж. Көпеев үшін елес болып көрінгенмен, 13 жас кішілігі бола тұра заманы бір болған соң бірі кәрі Ертістің ар жағында, бірі – бер жағында, бірі – Шынғыстауда, бірі – Баянтауда ел ішін кезе жүріп, қазақ әдеби тілінің түзелуіне, өңделуіне үйренерлігі болса соны үйреніп, көптеген жаңалықтар қосып, Абай салған үрдістен М.Ж. Көпеев те көріне білді. Әрқайсысының қазақ әдеби тілін дамытуда өте елеулі еңбектері

бар. Абай Құнанбаев өлең құрылысында жаңа леп, түр енгізсе, М.Ж. Көпеев те ақын – жыраулар дәстүрін жаңғыртты. Әсіресе, қисса, дастандар үлгісіндегі жанр ерекшелігін ілгерірек дамытып, әрірек апарды. Діни ұғымдар арабша жазылған қағидаларды қазақ ұғымына лайықтап жырлады. Кезінде М.О. Әуезов: «Абай қалдырған әдебиеттік тіл жөнінен қорыта келе айтармыз, ол әдебиет тілін бастаушы ғана емес, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасына өсіре, байыта, сұрыптай түскен классик деп білеміз» – деді[24,253]. М.О.Әуезовтің бұл аталы сөзіне қосыла отырып, М.Ж. Көпеев турасында да осы сөзді қолданса артық болмас дейміз. Ұлттық әдеби тілді дамыта байытқан би - шешендер, ақын - жыраулар, әнші - сазгерлер, күйшілер мен дала жыраулары, ел арасындағы ертекшілер мен әңгімешілер, айтыс өнерін ту еткендер т.б. бұлардың бәрі - бір сөзбен айтқанда қазақ тілінің тасушылары. М.Ж. Көпеев діни әдебиет арқылы адамгершілік, ибалық, имандылық, тазалық, сезім, парыз келеді деп бір тоқтаса, жер, аспан, күн, ай, жұлдыз адам жаратылысының тылсым дүниесімен байланысты екенін бір айтып, басын қайырады. Шексіз әлем мен діни ұғым арасындағы байланыс қазақ дүниесіндегі бар нәрселермен түсіндіріледі. Ал, бұл айтылғандардың бәрі – тек қана қазақ тілі арқылы жеткізіледі. «Ішінара араб, парсы сөздері, көне морфологиялық тұлғалар: -мыш, -мыс есімшілердің орнында жүрсе, қалау райлы тұлғалар -йық, -йік, -лік көне шылаулар ьәм, әм, ләкин, уа сөз арасында кездеседі. М.Ж. Көпеев шығармаларында -лар // -лер көптік жалғауы қазақтың төл сөздеріне де, кірме сөздерге де жалғанып келіп белгілі бір лексикалық өрнек құрайды. М.Ж. Көпеев ғасыр тоғысындағы өзі тұрғылас ақын-жыршылардан алысқа кеткен жоқ, солар сияқты қазақ еліне дендеп енген тіл қабаттарын бойына сіңіріп өсті, қазақыланып кеткен басқа елдің сөздерін ажыратып жатудың өзі де қиынға соқты» - деп ой қорытады[24].

М.Ж. Көпеевтің шығармаларында орыс тілінен енген сөздер де баршылық. Оның бір себебі, Баянауыл өңірі ертеден орыс шаруасы мен әскері қоныстанған жер. Сондықтан ауыс - күйіс әсері де болса керек. Жалпы араб, орыс тілінен кірген сөздер қазақ тілін байытты. Қазақ тіл заңдылығына лайықталып өңделді. Тіл өз мүмкіншілігін ғана пайдаланып қоймайтыны белгілі. Мұндай тіл көшкінін барлық ел басынан өткерді. Тым ертедегі осындай даму сатысына өткен кейбір шығармаларды тіпті ажырату мүмкін болмай қалады. Мысалы: «Игор жасағы жайындағы жорық» (XII) ғасырдағы орыс елінің бетке ұстар сөзі болып отыр. Немесе түркі халқына ортақ «Кодекс Куманикус» (Құмандардың заңы) армян тілінде жазылған Қыпшақ ескерткіші. Қадырғали Қосымұлы «Жамиат-тауарих» т.б Мұнда тілдің мол қабаты сіңгені соншалықты әркім өзінің төл шығармасы ретінде қарастыруға мүмкін болады.

А.Тұрышев: «М.Ж. Көпеев шығармаларындағы орыс тілінен енген сөздер қатары мынандай: *Шығарған манифесті басын жиып; Боқтаиды стражник түйреп бізін, Сөз айтсаң бір екі ауыз жолдамаға; Штраф екі айналсаң бәсіге деп, Қолыңа повеска деп қағаз берді; Көп заман газеттерде жазылып жүр; Сырғытып қоныс жайдан поселкелер; Шақырса бір партия жаназаға; Начальник әрне қылса мінез болды; Еркіндік бұл халыққа деген публик;*

Жұмысы депутаттың жұрт пайдасы; Айта алмай переводтап қызыл тілім; Қітапты чиновниктер жинап алып; Мениіктей мекенінде крестян; Бармай болса да экзаменге; Тарту деп медаль наград олжа берді; Империяға қараған дін мұсылман; Көруші инспектор болмасын дей; Офицердей т.б.» деп көрсетеді[24].

Кеңес жылдарындағы қазақ тіліне енген орыс сөздерінің көпшілігі қоғамдық-саяси лексика болып келеді.

Қазақ әдеби тілі лексикасына орыс сөздерінің ене бастауы туралы әдеби тіл тарихын зерттеуші Р.Сыздық: «XIX ғасырдың басынан бастап, 60-70 жылдарына дейінгі қазақ тілінің алдыңғы кезеңдерден бір айырмашылығы – оның лексикалық құрамына орыс сөздерінің ене бастауы. Қазақстанның кей жерінің Ресейге бағынуына байланысты халықтың күнделікті өмір тіршілігінен бастап, әкімшілік, сот-заң т.б. салаларға қатысты жаңа зат, ұғым атаулары орыс тілінен алына бастады. Ғасырдың алғашқы 20-30 жылдарының ішіндегі әдебиет үлгілерінде орыс сөздері әлі де өте аз»-дейді[25,176]. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 1931 жылға дейін жазылғандықтан онда орыс сөздері салыстырмалы түрде (басқа қаламгерлермен) аз жұмсалған. Ал қолданылған орыс сөздері әкімшілік, заң-сот істеріне байланысты лексикалық топты құрайды.

Лингвистикалық зерттеулерде орыс тілінен сөз ауысу үш кезеңге бөлінеді:

Бірінші кезең- XVI дейінгі кезең (бұл кезеңде орыс тілінен енген сөздер өте аз болды).

Екінші кезең – XVI-XIX ғасырдың бірінші жартысын қамтитын кезең(бұл кезеңде орыс тілінен сөз ауысу әжептәуір жандана түскен).

Үшінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысы (орыс сөздерінің молынан және жазба әдебиет арқылы ене бастаған кезеңі) [4].

Орыс тілінен енген кірме сөздердің терминденуі мен қазақ тілі лексикасын байытудағы үлес салмағы туралы «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі»[22], «Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика» [26], «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы»[27], «Қазақ әдеби тілінің тарихы»[28], «XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы»[29], «Қазақ тілінің лексикалогиясы»[4] және тағы басқа еңбектерде қарастырылған.

Қазақ тіліне енген орыс сөздерінің стилистикалық қызметі де кең түрде зерттелген. Атап айтқанда: «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі»[30], «Қазақ тілінің стилистикасы»[31], «Көркем әдебиет тілі»[32], «Абайдың сөз өрнегі» [33], «Көркем мәтіндегі сөйлеу тілінің лингвостилистикалық қызметі»[34], «1960-80 жылдардағы қазақ әңгімелерінің тілі»[35] т.б.

Аталмыш зерттеулерде қаламгерлердің даралық стилі, тілдік бірліктердің, соның ішінде орыс тілінен енген сөздердің стильдік қызметі қарастырылады.

1.2 Араб, иран, орыс сөздерінің қазақ тіліне енуінің тарихи-лингвистикалық себептері

Кез келген кірме элементтің тілде орын алуы – лингвомәдени қарым-қатынастың нәтижесі.

Тікелей аралас-құраластық, қоныстас болу не болмаса мәдени-әлеуметтік беделге ие тілдегі жазба ескерткіштердің тарауы – осының бәрі тілдік қарым-қатынастың, тілдік бірліктердің ауысуына алып келеді.

Түркі халықтарының арабтармен, ирандармен қарым-қатынаста болып келгендігі тарихтан белгілі. Бұл қарым-қатынас, негізінен, иран тілі арқылы жүзеге асып отырған. Егер иран тілдес халықтар мен түркі халықтарының арасында тілдік-мәдени қарым-қатынас тым ертеден басталса, VIII ғасырда Орта және Орталық Азияға ислам дінінің келуімен бірге бұл аймақта араб тілінің ықпалы орнай бастады. Мавреннахрдың Араб халифатының құрамына енуі бұл аймақта ислам дінінің тарауына және осы діннің жаны болған классикалық араб тілінің дамуына себепші болды. Араб тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, дінің тілі ретінде қызмет атқарады. Түркі тілдеріне осы кезде араб тілінен діни және әкімшілік саласының сөздері ене бастайды. Араб тілі ғылым тілі ретінде танылады. Ислам дінінің таралуы мен идеологиялық ұстанымдарының күшеюіне байланысты Хорасан мен Мавреннахрда араб тілі әкімшілік тілі, ғылыми айналымдағы тіл және діни қызмет атқарған тіл ретінде орнықты. Бұл кезеңде ғылыми шығармаларды араб әдеби тілінде жазу ортақ нормаға айналады. Араб тілінің ықпалында болған парсы тілі араб элементтерінің түркі тіліне ену процесінде аралық тіл қызметін атқарды. Араб халифаты өз құрамына енген халықтардың мәдениетіндегі ең үздік үлгілерді алып, мәдени синтез жасады. Осы мәдениеттар арасындағы байланыста Персия мен Орта Азия дәнекерші, байланыстырушы буын болды. Осылайша, Персия арқылы түркілер араб әдебиетін, тілін таныды. Бұл мәдениетті жасауға түркілер де ат салысты. Ғаламға есімдері әйгілі әл-Фараби, Ибн Сина, Ұлықбек, әл-Хорезми сияқты ғалымдар осы өзіміздің түркі даласынан шыққан, бірақ араб тілінде еңбектер жазып қалдырған даналар.

Егер мұсылман әлемінде XIII ғасырға дейін араб тілі үстемдік алып келсе, XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап оның орнын иран тілі ала бастады. Иран тілі – руханият, хикмет пен мистика тілі. Ол өзінің осы тартымдылығы арқылы көптеген шекараларды асып өтіп, әртүрлі елдер мен құрлықтарға таралды. Ислам, ирандық-исламдық мәдениет пен өнер жайлы сөз бола қалған барлық жерде парсы тілі теңдессіз асыл тастай жарқырайды. Қазақстанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Абылайхан атындағы Әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің өзара әріптестігімен және Қазақстан мен Иранның жауапты қайраткерлерінің қатысуымен «Парсы тілінің Қазақстан, Орта Азия мен Кавказдағы өткені, бүгіні мен ертеңі» атты форумы болған. Парсы тілі мен әдебиеті мәдени орталығының басшысы доктор Ғұламәли Хаддадәділ осы форумға жолдаған жолдауында: «Парсы тілі мен әдебиеті ұстаздарының парсы тілі, оны үйретудің жолдары мен тәсілдері, сондай-ақ оны дамытып-нығайту жөнінде ой бөлісіп, пікір алмасу үшін Қазақстанда жиналуы көңілге қуаныш ұялатады. Парсы тілі өткен ғасырларда Азияның кең ауқымды бөлігін қамтып, Таяу Шығыстан Орта Азияға

дейінгі аралықта, Қытайдың оңтүстігі мен Үндістан түбегінде көптеген ғалымдар, әдебиетшілер мен мәдениет сүюшілердің тілі болды», - деді. Алматыда өткен «Парсы тілі» форумында парсы тілінің әлемдегі ең үлкен әдебиетті өз атына тіркей алғандығын айта келіп: «Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері парсы тілі осы елдің университеттерінде оқытылады. Қазақстан тарихының 80 пайыздан астамы парсы тілінде жазылған. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша қазақ тілінде парсы тілінен алынған 3060 сөз бар», - деген[36].

Осы күнге дейін жасырын қалып, тіркелмеген Қазақстанның құнды қазыналарының бірі – осы елдің әртүрлі кітапханаларында сақтаулы жатқан әртүрлі қолжазбалар мен кітаби нұсқалар. Осы қолжазбалардың арасында әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан тізімге алынбаған көптеген құнды еңбектер бар. Осы нұсқалардың 85-90 пайызы парсы тілінде парсы жазуымен жазылған. Қазақ зерттеушілерінің бірі: «Қазақтар жайлы сөз етілген ортағасырлық тарихи-мәдени дереккөздердің 90 пайызы парсы тілінде жазылған», - дейді. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Қазақтар арасында «Шахнама» мен «Ләйлі-Мәжнүн» дастандары негізінде көптеген суреттер салынған. Олар ел арасында ерекше ықыласқа ие болған. Қазақтың ұлы ойшылы әрі ақыны Абай Құнанбаев араб-парсы тілдерін біліп, дін ілімі мен Шығыс әдебиеті, әсіресе ежелгі парсы әдебиеті, Фердоуси, Сағди, Хафиз, Моулави және Низами сынды парсы тілдес шайырлармен таныс болған және өз өлеңдерінде ақындық талантын ұштау үшін осы ұлылардан медет сұраған. Абай мен басқа да қазақ ақындарының шығармашылығын зерттеген кезде қазақ-парсы ақындары арасында мазмұн-мағыналық тұрғыдан көптеген ортақтастықтардың барлығына көз жеткізуге болады», - деген пікірде[27].

Иран тілі көркем әдебиет, поэзия тілі ретінде алдыңғы орынға шығады. Бұхара мен Қоқан хандығында парсы тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріліп, Орта Азияда ХХ ғасырға дейін қолданылады. Қазақ халқының ата-бабалары арабтармен тікелей қарым-қатынасқа түспеген, олардың арасындағы байланыс жанама түрде болғандығын, яғни мәдени дүниелер мен жазба кітаптар деңгейінде болған. Осы қарым-қатынастың нәтижесі тілімізге кірген араб сөздерінен көрінеді.

Қазақ тіліндегі араб кірме сөздері дерексіз, көбіне рухани дүниеге байланысты лексиканы түзеді екен. Мысалы: *рух, рухани, ақыл, парасат, зейін, иман, пайым, есеп* және т.б. сөздердің түп төркіні араб тіліне барып тіреледі. Орта ғасырлардағы түркі-араб байланысын көрсететін тағы бір дерек – орта ғасырлық түркі жазба ескерткіші. Орта ғасырлардағы түркі әдебиетінің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметтерінің» генетикалық қабаты, түркі, араб, парсы сөздерінен тұрады. Соның ішінде араб пен парсы сөздері ескерткіш лексикасының 44,8 % -ын құрайды екен[37].

Орта ғасырлардағы түркі-қазақ және парсы мәдени байланыстары жөніндегі деректерді Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегінен көреміз. Дешті Қыпшақтағы араб, парсы және түркі тілдерінің ықпалдастығын Қадырғали Жалайыридің «Жамиат Тауарих» атты шежіресінің тілінен көруге болады.

Халықтардың арасындағы қарым-қатынас дамымаған кезеңде де сөз алмасу болатынын түрколог Н. Баскаков, қазақ тіл білімі ғалымдары Н.Т.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Ө.Айтбаевтың дәлелдеп келгені белгілі. Бұл мәселе туралы академик Ө. Айтбаевтың сөзін келтірейік: «Ал көне иран кірме сөздерінің қатарына арна (arna) – жер суландыру үшін жасалған үлкен канал, кент (kent) – қала, бөз (böz) – мақтадан жасалған материал тәрізді бірнеше сөз жатқызылып жүр.

Сондай-ақ қазіргі қазақ тілінің құрамындағы *заң, шай, шанақ* сөздерінің бір кезде қытай тілінен ауысқанын бұл күнде ескере де бермейміз.

Бұлар, яғни санскрит, ескі иран және қытай тілінің элементтері, өте көне дәуірлер жемісі болып есептеледі, біз сөзбен айтқанда, бұлар көне дәуірде пайда болған кірме сөздер» [27, 61].

Лексикология ғылымының маманы Ғ. Мұсабаев араб, иран тілдерінен енген кірме сөздер деп мына сөздерді келтірген: 1) шаруашылық, үй тұрмысына байланысты бұйымдардың атаулары: айна, таға, атырап, торап, шырақ, байрақ, базар, таба, орамал, бадам, перде, батпан (4-тен 6 пұтқа дейін); 2) мәдени-ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер: қалам, дәуіт, қағаз, мектеп, медресе, мәлім, мағлұмат, мереке, емтихан, ғалым, ғылым, пән, мешіт, кітап, тарих, тағы сол сияқтылар; 3) діни қызметті білдіретін сөздер: ораза, намаз, дәрет, парыз, аруақ, құдай, құдірет, аят, күнә, мәйіт, өсиет, бейіт, тағысын тағылар [5, 154].

Бұл сөздердің бәрі Л. З. Рүстемовтің «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» деген еңбегінде де беріліп толықтырылған. Л. Рүстемов парсы сөздерінің араб сөздерінен түркі халықтары тілдеріне кіруін бұрын деп санайды, оны ғалымның өз сөзімен берейік: «...түп-төркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі халықтарының тіліне ауысуы, парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі ертеректе, арабтар мұнда келмей тұрған кезде, араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған» [13, 45]. Ғалым С. Исаев та осындай пікір айтқан: «...араб, иран тілдерінің әсері дегенде иран тілдерінің әсері араб тілдерінен гөрі ертерек басталатынын да жоққа шығармаймыз» [28, 112].

Қазақ тіліне араб, парсы сөздері тікелей қарым-қатыс арқылы емес басқа тілдер арқылы сатылап кірген деп саналады. Бұл сөздердің кейбіреулері кейін термин сөздерге ауысқан. Осы араб, парсы тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздердің ерекшелігі – олар қазақ тілінің айтылуы бойынша қазақ тілінде қалыптасқан. Сондықтан қазір олардың басқа тілдің сөздері екенін ажырату қиын.

А. Байтұрсынұлы және алаш зиялылары тілде баламасы жоқ жағдайда шетел терминдерін қабылдауға болады, бірақ шетел терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп санаған. Е.Омарұлы: «Пән

сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, - оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек». «Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, - тілдің негізгі қасиеттері тұрлаулы заңдары бұзылады» - дейді [38, 97]. Ал Х. Досмұхамедұлы термин сөздерді қабылдау тұрғысында мынадай тұжырымдар айтқан: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін тілге өзілік болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек». «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» дейді [39, 148].

Қазақ халқы кеңес саясатының тіліміздегі зардабын әлі ұмытқан жоқ. Орыс тілі арқылы тілімізге кірген терминдер – тіліміздегі ең көп кірме сөздер. Оларды ғалымдар түрлі себептерге байланысты әр кезеңде көрсетіп келеді. Сондықтан қазақ тіліндегі кірме сөздердің көбі орыс тілінен келген сөздер және олар орыс тілінен қазақ тіліне тікелей қарым-қатыс арқылы ауысқан сөздер болып саналады. Ол туралы Ғ. Мұсабаев былай деп жазған: «Қазақ тіліне орыс сөздері басқа бір үшінші тіл арқылы емес, тікелей ауысады, өйткені қазақтар орыс халқымен көрші тұрып, тығыз қарым-қатынаста болды» [5, 162].

Орыс тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздердің тілде қалыптасу ерекшелігіне карап екі топқа бөлуге болады:

- 1) қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі бойынша өзгеріп қалыптасқан орыс сөздері;
- 2) орыс тіліндегі дыбыстық құрамын толық сақтап қалыптасқан орыс сөздері.

1-топтағы қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі бойынша өзгеріп қалыптасқан орыс сөздері саны жағынан 2-топтағы сөздерден әлдеқайда аз және олар алғашқы ауысқан сөздер, ауысу мезгілі жағынан ертерек кезеңге жатады. Олар төмендегідей: *самауыр* (самовар), *кереует* (кровать), *зәйімке* (зимовка), *шәйнек* (чайник), *болыс* (волостной управитель), *ояз* (уезд), *поштабай* (почтальон), *сот* (суд), *станса* (станция), *шәй* (чай), *божы* (вожжи), *ауылнай* (аульный), *мүк* (мох), *картоп* (картофель), *жандарал* (генерал), *атпекет* (адвокат), *жарма* (ярмо), *бүбірнай* (выборный), *кінеге* (қойын дәптер), *жағырафия* (география), т.б. Бұл сөздердің тарихы әр түрлі:

1. Бірсыпырасы қазір қолданыстан шығып қалды: *зайімке*, *атпекет*, *бүбірнай* т. б.

Келесі бір тобы қазір де қолданыста жүр: *самауыр*, *мүк*, *картоп*, *жарма*, *ауылнай* т.б.

2. Бұлардың біразы терминге айналған: *сот*, *мүк*.

3. Кейбіреулері архаизм сөздерге айналған: *болыс*, *ояз*, *ауылнай*.

4. Кейбір сөздер ауызекі тілде қолданылады: *шәйнек*, *станса*, *картоп*, *жағырафия*.

Орыс тілінен кірген сөздердің 2-тобы орыс тіліндегі дыбыстық құрамын сақтап кірген сөздер – негізінен термин сөздер. Термин алмасу дүниежүзі тілдеріне ең көп тараған тілдік құбылыс. Бұл мәселе туралы ғалым Ш.

Құрманбайұлы сөзін келтірейік: «Өзге тілдерден термин қабылдау барлық тілдерге тән құбылыс. Басқа халықтардың тілдерінен сөз алмайтын тіл болмайды деуге болады» [40, 76]. Бұл жалпы Ш. Құрманбайұлының ғана пікірі емес, ол әсіресе, терминолог ғалымдарға қатысты. Термин мамандарының бәрі термин алмасу заңды құбылыс деп санайды. Олардың кейбірін атаған орынды. Мәселен, А. В. Суперанская, Н. В. Подольская, Н. В. Васильева, Д. С. Лотте, В. В. Иванов, Е. П. Фомиченко, Л. Блумфильд, М. Н. Володина, Н. Zulfikar, К. Я. Авербух, В. П. Даниленко, К. Мұсаев.

1.3 Қазақ тіліндегі кірме сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтан келіп енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) монғол тілі, 4) орыс тілі.

а) Араб, парсы тілдерінен енген сөздер. Зерттеушілер негізгі сөздік қорға тән үш түрлі айырым-белгі (критерий) бар екендігін айтады:

1) ұзақ тарихи кезеңдерде заттар мен құбылыстарды өзіне тән ерекшелігімен көрсетудегі сөздердің тұрақтылығы;

2) негізгі сөздік қордағы сөздердің жаңа сөз тудырудағы қабілеттілігі;

3) кең қолданысқа түскенде негізгі сөздік қордағы сөздердің жалпы халықтығы мен түсініктілігі.

Араб, иран тілдерінен ауысқан сөздердің барлығы бірдей қазақ тілінің сөздің қорына жаппай енбегенімен, оның ішінде сөздік қордағы қазақтың төл сөзіндей ұзақ өмір сүріп, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болған байырғы сөздер көптеп табылады. Мысалы: *ас, абырой, ар, дүние, аспан, батыр, бақыт, шаруа, қызмет, ақыл, құдай, қуат, дау, хабар, пайда, әйел, қас, баға, әл, азамат, айуан, дос* т. б.

Бұл сөздер өзінің кірмелігіне қарамастан, ұзақ өмір сүріп сөздік қордағы сөздерге тән барлық қасиетке ие болған. Мәселен, *ас (аш)* деген сөз парсы тілінен ауысқанымен, өте ерте заманнан бері тілімізде өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейтін мынадай толып жатқан мақал-мәтелдер бар: *ас* - адамның арқауы; *ас* жүрген жерге дерт жуымайды; *ас* иесімен тәтті. *Ас* сөзінің жаңа сөз тудыруға қабілеттілігін лексика синтаксистік сөз тудыру жолымен жасалған: *ас бұршақ, ас қасық, ас болу, ас беру, ас ішу* т. б. күрделі сөздер

дәлелдейді. Бұл сөздің жалпы халықтық мәні мен түсініктілігі күнделікті қарым-қатынастағы қолданысынан, жиі айтылуынан айқын көрінеді.

Бақыт, бақ деген сөздер араб тілінде бір ғана формада (бәхт) айтылса, біздің тілімізге келіп, екі түрлі мәндес сөз болып қалыптасқан. Бұл сөздің де қазақ тіліне ертеден кіріп сіңіскендігін көптеген мақал-мәтелдерден көруге болады. Өйткені халықтың айтуынша: «Мақал — сөздің атасы» екендігі аян.

Мысалы: татулық — табылмас *бақыт*; ер жігіт *бақыттың* қонғанын білмейді, ұшқанын біледі; *бақыт* кілті еңбекте, т. б. *Бақыт* деген сөз көп замандар бойына халыққа әбден танылып, ең қажетті сөзге айналды. Соның нәтижесінде бұл сөз көптеген мақал-мәтел жасауға, туынды сөздер мен күрделі сөздер тудыруға да ұйтқы болды. Мәселен, *бақыт* деген сөзден *бақытты, бақытсыз: бақыттылық, бақытсыздық* тәрізді жеке сөздермен қатар *бақыт қону, бақыты жану, бақыт құсы, бақ, таластыру, бағын байлау, бақпен асу* сияқты күрделі сөздер мен фразалық тіркестер де туып қалыптасқан. Сөздік қорға енетін сөздерге тән тағы бір ерекшелік көне дәуірді басынан өткізгендігінің белгісі — сөздердің көп мағыналылығы. Тілімізге енген араб-парсы сөздерінің ішінде де көп мағыналы сөздер жиі ұшырасады. Мәселен араб тілінен енген *дүние (дүнийя)* деген сөздің бірнеше лексикалық мағыналары бар. Соның нәтижесінде бұл сөз төрт түрлі синонимдік қатарда (*дүние—зат, дүние—әлем, дүние—жаратылыс, дүние—өмір*) қолданылады. Көп мағыналы сөздер ауыспалы мағынаның негізінде пайда болады. Тілге әбден сіңісіп жалпы халықтың сипат алған сөздер ғана көбіне-көп ауыспалы мағынада қолданылады. Олай болса, ауыспалы мағынада жұмсалып арқылы сөздің көп мағынаға ие болуы тек сөздік қордағы сөздерге тән ерекшелік деп танылады. Араб, иран тілдерінен келген бірқыдыру сөздер қазақ тіліне әбден орнығып, сіңісіп алған соң ауыспалы мағынада қолданыла жүріп, жаңадан бірнеше қосымша мағына үстеп алғандығы байқалады. Мәселен, араб тілінде *сәби* (саби) деген сөз бала, бөбек дегенді ғана білдірсе, қазақ тілінде осы мағынаны толық сақтай отырып, оның үстіне жас деген сындық мағынада да қолданыла беретін болған. *Шыны* (чини) деген сөз де парсы тілінен бір ғана мағынада ауысып келсе, қазір терезенің әйнегін де, бөтелкені де, кесені де *шыны* деп атай береміз. Сонымен қатар *шыны май, шыны қар* деп метафоралық мағына тудырып, *таза* деген сөздің орнын балама етіп жұмсаймыз. *Балалы үй базар* дегендегі *базар* сөзі иран тіліндегі *рынок* мағынасында емес, *той-думан, қызық* деген| ұғымда ауыспалы мағынада айтылып жүр, демек, араб, иран тілдерінен енген көптеген бір кездегі кірме сөздер қазіргі кезде ана тілінің төл сөздеріндей болып, мәнді қызмет атқаратынын көреміз. Мұндай сөздер қазіргі

кезде өзінің кірмелігін біржола жойып, негізгі сөздік қордан түпкілікті орын алып отыр. Араб, иран тілдерінен ауысқан сөздердің актив-пассив болып тілде қызмет атқару жағынан бәрі бірдей деуге болмайды. Бұларды өзара төрт топқа бөліп қарауға болады:

1. Тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей жымдасып кеткен өнімді актив сөздер. Бұлар қазақ тілінің сөздік қорына басы бүтін еніп, әбден тұрақталған. Ұзақ өмір сүріп, тілде көп әрі жиі қолданғандықтан, әрбір жаңа сөз бұрыннан тың мағына тудыруға ұйытқы болып келе жатқан жұрттың бәріне танымал сөздер деп есептеледі. Мысалы: *ас, бақыт, ар, дүние, шаруа, ол, дос, зат, қас, батыр*, т. б.

2. Жалпы халыққа таныс, әрі түсінікті бола отырып шаруашылық пен өндірістің, түрлі мамандықтың белгілі бір саласында басым жұмсалатын терминдік сипат алған арнаулы сөздер. Мысалы: *емтихан, үкім, шарт, зейін, мәлімет, құн, мата, сабақ, мұғалім, ғалым, аспап, есеп, арыз, қиял, дәуір, табиғат, дәлел, маусым*, т. б.

3. Әр түрлі экспрессивті-эмоциялық мәні бар, ерекше стильдік реңк тудыратын сөздер. Мысалы: *махаббат, нұр, есім, әмір, сапар, мәртебе, азамат, дария, мырза, шопан, жомарт, дидар, ажар, жамал, перзент, шапақ, шәкірт, ұстаз, нәресте, ғұлама, мәшһүр*, т. б.

4. Сөйлеу тілінің аясында ғана айтылып, әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер. Мысалы: *қаракет, мұғдар, құбыла, мүкәммал, шайыр, медет, сауал, мүттәйім, шарапат, пұл, дәуіт, тағлым, шаһар, мейман, уәж, ауқат* т. б.

Араб, иран сөздері тілімізге негізінен үш саладан енген:

а) ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер;

ә) үй тұрмысы мен шаруашылыққа қатысты сөздер;

б) дінге байланысты сөздер.

Қазақ тіліне бұл сөздер тікелей келіп енбеген, тәжік, өзбек, және татар тілдері арқылы келіп сіңіскен. Сондықтан болса керек, зерттеушілер түрік халықтарымен салыстырғанда араб, иран сөздерінің сан мөлшері қазақ тілінде недәуір кем де есептейді. Өзге түрік тілдерінен сан жағынан аздау болғанымен араб, иран сөздері қазақ тілінде де біршама баршылық. Бұл- сөздер бізге сауда,

дін арқылы, шығыс халқының классикалық әдеби мұралары арқылы тараған. Сонымен қатар «кітаби тілдің» үлгісімен жазылған шығармалар да араб, иран тілдерінен келген сөздердің ел арасына тез тарап, тез сіңісуіне, жалпы халықтық сипат алуына үлкен ықпал еткен. Абай салған жаңа жазба әдебиет дәстүріне дейінгі қолына қалам ұстап, шығарма жазған қазақ ақындарының көпшілігі «кітаби тілдің» сұрлеуінен онша ұзап кете алмаған. Бұған бой ұрмағандар кемде-кем деуге болады. Сол дәуірдегі жазылған шығармалар қоғамның саяси және мәдени өміріне, дінге қатысты қыруар сөздер әкеліп халық тілін әр түрлі салада байытуға азды-көпті барынша үлес қосқан. Соның нәтижесінде біршама араб, иран сөздері жалпы халықтық сипат алып, қазақ лексикасына етене болып сіңісіп кете барған. Араб пен иран елдерінен сөз алмасу өте ерте кезден басталғандығына айтқан болатынбыз. Бұл дәуірде таяу және Орта Шығыс халықтарының мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тілдің қызметін атқарады. Қазақ революциясы жеңіп, Қазақстанда Кеңес үкіметі құрылғанға дейін бұл қарым-қатынас азды-көпті үзілмеген. Сондықтан болса керек, тіліміздегі араб, парсыдан ауысқан сөздердің басым көпшілігі сыртқы түр-тұрпаты жағынан болсын ішкі мән-мағынасы жағынан да әбден жымдасып, қазақтың өзінің төл сөздеріндей етене болып кеткендігі байқалады. Тіптен кейбіреулерін тарихи деректерге сүйеніп, ғылыми зерттеу арқылы болмаса, басқа тілдерден ауысқандығын жай көзбен айқындау киын сияқты. Қүнделікті тұрмыста өте жиі қолданылатын *нан, ар, ас, ақыл, ұстаз, зат, адам, дау, адал, дос, арзан, ән, уақыт, әдет* сияқты сөздердің араб, ираннан келгендігіне қарапайым халықты сендіре алмауға да болады. Тіліміздегі араб, иран елдерінен келген сөздер түр-тұрпаты мен мән мағынасы жағынан бәрі бірдей емес, ала-құла. Кейбіреулері сыртқы-формасы мен мән-мағынасын түп-түгел толық сақтап, ешбір өзгеріске ұшырамаған. Мәселен, араб тіліндегі *бұлбұл, хал, зат, мирас, сақара, ұстаз, алла, ниет* сөздері мен парсы тіліндегі *арай ишан, дидар, шарт, дана, мол, жай, саз, нан, надан, шер, базар рай, шабандоз, жан* сөздерінің мағынасы мен тұлғасы шыққан жерінде қандай болса, келген жерінде, яғни қазақ тілінде де нақ бірдей. Ал араб, парсы тілдерінен ауысқан көптеген сөздерге тән қасиет сөздің мағынасын толық сақтай отырып, сыртқы формасын қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына кейде түгелдей, кейде жарым-жартылай бағынып өзгертіп отырған.

Сырт формасы танығысыз болып өзгерген сөздерге мыналар жатады: *арба* (а.гәрәбә), *ынтымақ* (а.иттифақ), *кесе* (каэс), *она* (а.уәсра), *мөр* (а. муър), *серік* (а. шәрик), *бекем* (а.мәхкәм); *бейіт* (ир. би-бәд), *дәрігер* (д. даругәр), *көпшік* (ир. кәфчәк), *жендет* (ир. джәлад), т. б.

Сырт формасы жарым-жартылай өзгерген сөздерге мыналар жатады: *қиял* (а. хиал), *тағам* (а. тәрам), *пән* (а. фән), *садақа* (а. сәдоқә) *талап* (а. талаб), *қант* (а. қәнд), *әсер* (а. әсәр) т. б.

Араб, иран тілдерінен келген қайсыбір сөздер түр-тұлғасын ғана емес, мән-мағынасын да жаңартып өзгерткендері бар. Мәселен, иран тіліндегі *құн*(хун) деген сөз *қан* (кровь) дегенді білдірген болса, қазақ тіліне енген соң, бұрынғы мағынасынан ажырап, өлген кісіге төленетін төлем ақы ұғымына ауысқан. «Мысалы: Ердің *құны*, нардың пұлы. Ердің *құнын* екі ауыз сөзбен бітірді (мәтел). Кейіннен бұл сөз аталған ұғымынан тағы ажырап, қазір *нарық*, *баға* деген сөздердің синонимдік қатарында жұмсалатын болды. Соңғы ұғымға қатысты қазақ тілінде *құнды*, *құнсыз*, *құндау*, *құндану*, *өзіндік құн* сияқты жаңа сөздер туып қалыптасты. *Кемпір* (кәмпир) деген сөз иран тілінде қаусаған шал ұрымында айтылса, қазақ тілінде жасы егде тартқан қартайған әйел мағынасында қолданылатын болған. *Бейсауат* (бисәвад) деген сөз иран тілінде хат танымайтын, оқымаған, сауат жоқ адамды айтса, қазақ тілінде *бос*, *құр бекер деген* мағынада жұмсалады. Сол сияқты араб тілінде *ар* (гар) маскара бет, өлім деген жағымсыз ұғымда айтылған болса, қазақ тілінде *намыс*, *ұят*, *адамгершілік* мағынасында қолданылады. *Ашна* (әшна) арабта білгір, білімді деген мағынада айтылады. Ал қазақ тілінде бұл сөз сүйіспеншілік, көңілділік ұғымында жұмсалады.

Келтірілген тілдік материалдарға қарағанда, араб, иран тілдерінен ауысқан сөздер қазақ тілінің талқысына түсіп, әр түрлі өзгерістерге ұшырағандарын көреміз. Бұл тілдерден келген сөздер мағыналық жағынан гөрі сыртқы дыбысталуы жағынан көбірек өзгерістерге түскен. Соның салдарынан бір сөз бірнеше вариантта айтылып, әрбір вариант кейіннен бір-бірінен алшақтап, дербес мағыналы сөзге айналып кеткен. Мәселен, басында бір сөздің екі түрлі варианты есебінде қатар айтылып жүріп қазіргі кезде екі түрлі дербес мағыналы сөз ретінде дараланып кеткен мынадай сөздер бар: *ғылым—ілім*, *шарт—серт*, *хал — әл*, *үкім—өкім*, *өкімет—үкімет*, *ауа—әуе*, *кінә—күна*, *табиғат — бет*, *сағат—сәт*, *қағида—кәде т. б.* Демек, араб, иран тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймаған, оның лексикасын түр-түрпаты жағынан болсын, мән-мағына жағынан да кеңейтіп кемелдендірген.

Араб, иран тілдерінен ауысқан кірме сөздер қазақтың төл сөздерімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсала жүріп, стильдік мәні жағынан саралануға ықпал жасады. Әдеби тілде қайсысы үстем қолданылуы жағынан төл сөз бен кірме сөздердің арасында санқилы тартыстар болған. Сол

тартыстарда ана тілінің төл сөзі көп жағдайда үстемдік алып, жеңіп шығып отырған. Мәселен, *ақын мен шайыр, ақша мен пұл, жауынгер мен сарбаз, оқымысты мен ғұлама, төреші мен қазы, үлгі мен ғибрат, маңдай мен пешене* сияқты сөздердің алғашқы сыңарлары әдеби тілде жалпы халықтық сипаты жағынан үстемдік алды. Ал бұлардың шеттен келген екінші сыңарлары тілдің бір бұрышына қарай ығысып, пассив сөзге айналды. Сөйтіп олар стильдік синонимдердің қатарына барып қосылды. Сонымен қатар тілде кері процестер де болды, Мәселен, синонимдік қарым-қатынаста жұмсалып барысында ана тілінің бірқатар сөздері жеңіліс тауып, ауыз-екі сөйлеу тіліне қарай ығысты да, ал оның араб, парсы тілдерінен ауысқан сыңарлары үстемдік алып, әдеби тілде де орнығып қалды. Мәселен, арабтың *әйел* (гәйал) деген қазақтың *қатын* деген ежелгі сөзін әдеби тілде қуып шықты да, оның орнына осы сөздің өзі мықтап орын тепті.

Сол сияқты араб, иран тілдерінен келген *бұлбұл* деген сөз *сандугашты*, қала *кентті*, тағдыр *жазмышты*, ұста *теміршіні* жалпы халықтық қолданыстан шығарып пассив сөзге айналдырды, бұлардың шеттен келген сыңарлары әдеби тілде жиі айтылатын актив сөз болып қалыптасты. Әдеби тілдің аясында әлі де берік орныға алмай жарыса қолданылып жүрген *қонақ* пен *мейман*, *қақпа* мен *дарбаза*, *қораз* бен *әтеш* сияқты азын-аулақ дублет сөздер бар. Бұлар да қазіргі кезде іштей сараланып, бөлінуге жақын жүр. Бұл айтылғандарға қарағанда, араб, иран тілдерінен енген кірме сөздер мен ана тілінің төл сөздерінің арасындағы саралану, орнығу жөніндегі ішкі тартыс біржолата аяқталып біткен процесс емес, әлі де азда болса да жүріп жатқан құбылыс екендігін көреміз.

Ә) Монғол тілдерінен енген сөздер. Қазақ халқы XII—XIV ғасырлар монғол халықтарымен де белгілі қарым-қатынаста болғандығы тарихтан мәлім. Соның нәтижесінде монғол тілдерінен қазақ тіліне бірсыпыра сөздер ауысып келіп, сөздік құрамды молайтуға азды-көпті себі тиген. Монғол тілдерінен ауысқан сөздер тек монғол шабуылымен ғана байланыстыруға болмайды. Көршілес тұрып, тікелей күнделікті қарым-қатынас жасау арқылы да кірме сөздер көптеп еніп отырған. Қазақ халқының жарық жұлдызындай болған ғалымы Шоқан Уалиханов та түрік халықтары мен монғол халықтарына ортақ жалпы сөздер бар екендігін кезінде тап басып, айтқан болатын. Бұл пікірді онан кейінгі зерттеушілер де қолдап жүр.

Монғол тілдерінен түркі тілдеріне немесе түркі тілдерінен өзара қандай сөздер ауысқан және қашан ауысқан, қандай себептермен ауысқан деген сұрауға бірден жауап беру өте қиын мәселе. Бұл әлі әбден дәлелденіп, терең

жан-жақты тексеріліп, түпкілікті шешілмеген. Зерттеушілердің бәрі де қазақ пен монғол халықтарының өзара сөз ауысу құбылысын өткен дәуірлердің жемісіне жатқызады. Шындығы да солай сияқты. Бұл екі түрлі халықтың тілдерінде тұлғасы (дыбысталуы) мен мағынасы ұқсасып, тектес, әрі мәндес болып келетін сөздер көп-ақ. Мысалы: ноен (ноян), нохор (нөкер), нүүр (нұр), отор (отар), қар (қолдың қары), жил (жыл), жим (жым) жороо (жорға), завсар (жапсар), магнай (маңдай), мөнх (мәңгі), мәч (ин) (мешін), санаа (II) (сана), сүүн(н) (сүт), төмөр (темір), туг (ту), намал (түиемел), тэгш (тегіс), тэнгэр (тәңір), хавх (қақпан), хайран (қайран), хайч (ии) (кайшы), Ірамч (қарау), хатан (қатын), хөл (қол), хөк (көк), хуч (ин) күш), эр (ер, еркек), эрх (ерік), авга (аға), алағ (ала).

Осы сөздерді қай халықтан қай халық алғандығы өте даулы мәселе. Түрік халықтары монғолдан алды ма, әлде керісінше болды ма, мұны дәлелдейтін нақтылы фактілер әзірге жоққа тән. Қазақ тіліндегі сөздерді сөз табына қарай жіктеп, оларды монғол тілдеріндегі сөздермен салыстырып қарасак, түр-түрпаты мен мағыналары бірдей ұқсас, үйлес сөздер көптеп кездеседі. Әсіресе зат есімдер мен етістіктерден көп ұқсастықтар табылатындығы байқалады. Б. Базылханның айтуынша: «Монғолша-қазақша сөздікке енген 40000 сөздің 1500 түбірден тараған 24000_сөзі, яғни 60%-і екі халыққа ортақ желілес туынды сөздер». Монғол тілдері түрік тілдерімен тек сөз жағынан ғана емес, грамматикалық құрылысы жағынан да сәйкестігі бар. Түрік тілдері сияқты монғол тілдері де жалғамалы тілдердің қатарына жатады. Осындай ұқсастықтарға қарап кейбір ғалымдар (Б. Я. Владимирцов, Н. Ф. Катанов, Г.Д.Санжеев т. б.) бұл тілдерді бір жүйелі тілдердің қатарына жатқызуды қолдайды. Әр жүйелі тілдердің тигізген ықпалы қашанда тасқа таңба басқандай ап-айқын болып, көзге тез байқалады. Ал бір системалы туыстас тілдердің өзара қарым-қатынасын анықтау, кімнен нендей нәрсені қашан қалай алғандығын белгілеу қиынның қиыны деуге болады. Сондықтан болса керек, монғол тілдері мен түркі тілдерінің бір-бірімен байланысы күні бүгінге дейін түбегейлі зерттеліп, бір жүйеге түспеген даулы мәселелердің қатарына жатады.

Б) Орыс тілінен енген сөздер. Қазақ пен орыс халықтарының қонысы мен өрісі ежелден іргелес, көрші елдер. Сол себептен бұл елдердің арасындағы сауда-саттық, шаруашылық және мәдени байланыстар өте ерте кезден қанат жайып, дами бастағандығы белгілі. XVII—XVIII ғасырларда қоныс аударуымен, базармен байланысты қарым-қатынастар күшейсе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Қазақстанның өз еркімен Ресей империясына қосылуы бұл байланыстарды одан әрі өрістете түскен. Ел мен

елдің ұзақ уақыт үздіксіз қарым-қатынаста болуы нәтижесінде бірінен-біріне көптеген сөздер ауысқан. Бірақ осындай ізгі қатынастар мен ауыс-түйістер әр дәуірде әрқалай болған. Осы ерекшелік тілден де айқын байқалады. Мәселен, біздің тілімізге енген орыс сөздерінің сыр-сипаты мен игерілу дәрежелері екі басқа. Осындай белгілеріне қарап, орыс тілінен ауысқан кірме сөздерді екі дәуірге бөліп қараймыз: революцияға дейінгі кезең, ә) революциядан кейінгі кезең.

Революцияға дейінгі кезеңде ауысқан кірме орыс сөздері баспасөз арқылы жазба түрде тарамаған, көбінесе ауызша тіл арқылы енген. Сондықтан болса керек, бұл кезеңдегі сөздер түгелдей дерлік, қазақ тілінің дыбыстық заңдары бағынып өзгерген. Қазіргі әдеби тіліміздегі орыс сөздері негізінен қазақ тілінің орфоэпиясы мен емлесіне бүтіндей сәйкестеніп өзгерген қалпында жазылады. Бұл сөздерді мынадай топқа бөліп қараймыз:

а) Тұрмыс қажетіне қатысты сөздер. Мысалы жәшік (ящик) керует (кровать), бөтелке (бутылка), бөшке, (бочка) лампы (лампа); көшір (кучер), сиса (ситец), бәтенке (ботинка) галәш (галоши), барқыт (бархат), әшмошке, әшмөшке (восьмушка), шайнек (чайник), сіріңке (серники), мәтке (матица кілет (клеть), күршек (крючок), сөтке (сутки), өшірет, шірет (очередь), малақай (малахай), пар (пара), гармон (гармонь), аршы (аршин), порым (форма), күмәжнек (бумажник), мөшек(мешок), тұрба (труба), рысқұт (расход), кәмпит (конфеты), бедре (ведро), бишік (бичик), жарма (ярмо), камыт (хамут), шөрке (шорка), шашнай (частный), пима (пимы) бөкебай (пуховой), тәрелке (тарелка), самауыр (самовар) т. б.

ә) Әкімшілік басқару ісіне қатысты сөздер. Мысалы: ояз (уезд), шен (чин), мінәпас (манифест), болыс (волость), старшын (старшина), сот (суд), түрме (тюрьма), үйез (уезд), губерние (губерня), атбекет (адвокат), ауылнай (аульный), жандарал (генерал), поштабай (почтовой), майор, контор, съезд, пристав, т.б.

б) Ғылым мен мәдениетке қатысты сөздер. Мысалы: завод, фабрика, машина, пароход, минут, секунд, газет, журнал, класс, парта, интернат, молотилка, сеялка, банка, семинария, физика, геометрия, училище, диктант, пансион, алгебра, карта, т.б.

в) Қоныс аударуға қатысты сөздер. Мысалы: *участок, план, колония, землемер, хутор, аренда, десятина, склад, загон* т. б.

Революцияға дейінгі ауысып келген орыс сөздерінің кейбіреулері тез тұрпатын ғана емес, ішкі мағынасын да өзгерткендері болды. Мәселен, орыс тілінде *гиря* деген сөз бір нәрсенің салмағын өлшегенде таразыға салып қойылатын тастарды білдірсе, қазақ тілінде бұл сөз (*кір*) таразының синонимі болып қолданылатын болған. Мысалы: Санақтағы сиырлар *кірге* түсірілді ме? (Ж. Тіленов). *Қір* деген сөзден *кіршіі, кірлеу, кірлесу, кірге салу, кірге тарту, кірге түсу* сияқты жаңа сөздер туындап қазақ лексикасын байытқан. *Рет* (ряд) деген сөздің білдіретін ұғымы қазақтың қатар, мәрте деген сөзіне дәл келеді. Ал қазақ тілінде бұл сөз орыс тіліндегі мағынасын бүтіндей өзгертіп, басқаша мән алған. Мәселен, Ер бір *рет* өледі, қорқақ мың *рет* өледі (мақал) дегендегі *рет* сөзі орыстың *раз* деген сөзінің орнына жүріп тұр. Кеше неміс бізге *үш* рет шабуыл жасады. (Б. Момышұлы). Бұл сөйлемде *рет* сөзі *мәрте* деген сөзбен синоним болып жұмсалған. Сөзін *ретпен айтты* дегендегі *ретпен* деген сөз белгілі тәртіппен, жүйемен дегенге келеді. Егер ісім өнсін десең, *ретін* тап (Абай). Мұнда *рет* сөзі қисын, жүйе, ынғай мағынасында қолданылған. Демек, орыстың *ряд* деген сөзі қазақ тіліне енген соң тұрпатын да мән-мағынасын өзгерткен. Сонымен қатар семантикалық ұғымын кеңейте отырып, жаңадан бірнеше сөздер тудыруға ұйтқы болған. Мысалы: *ретті, реттік, реттілік, ретсіз, ретсіздік, ретте, реттеу, реттеуші, реттету, реттестіру, реттеңкіреу, реттелу, реті бар, реті жоқ, реті келмеу, ретін табу, рет саны, ретін, реттік сан есім т. б.* Қазан революциясына дейінгі қазақ тіліне енген орыс сөздерінің бірсыпырасы қазақтың төл сөздерімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсала жүріп, көп ретте төл сөздерде басым түсіп, жалпы халықтық сипат алып отырған. Мәселен, орыс тілінен ауысқан *бөтелке, бөшке, гармон, божы, кәмпит, бишік, кірпіш, сіріңке, көшір* тәрізді сөздер қазіргі әдеби тілден мықтап орын тепкен де бұлардың ана тіліндегі сыңарлары сөйлеу тіліне ығысқан. Сөйтіп пассив сөзге айналған. Қазір *сіріңке* деген сөз тұрғанда оның орнына оттық *күкірт-шақпақ* деген сөздерді қолдану әдеби норма болып табылмайды. Сол сияқты *гармон* деген сөз тұрғанда сырнай *керней*, ал кірпіш тұрғанда қыш деген сөздер әдеби тілде ешбір қолданылмайды. Демек, бұл сияқты орыс сөздері сөздік қорға түпкілікті кіріп, әбден орнығып алған. Енді бір жағдайда қазақтың төл сөздері орыс тілінен ауысқан сыңарларын сөйлеу тіліне қарай ығыстырып жіберген. Мәселен, *шыт, тәулік, кезек, қап, құлақшын, шам, ілгек, ине, кесе* деген сөздер әдеби тілдің шеңберінде жалпылама қолданыла береді. Ал бұлардың орыс тілінен келген сөз сыңарлары: *сиса, сөтке, өшірет, мөшек, малақай, лампа, қожайын, күршек, пияла* сияқты кірме сөздер көбінесе көркем шығармада белгілі кейіпкердің тілінде ғана кездеседі. Сонымен, революциядан бұрынғы кезеңде кірген орыс сөздерінің қалыптасуы мен тілге сінісуі бір дәрежеде емес

килы-килы екендігі байқалады. Орыстың пара деген сөзі біздің тілімізге пар болып ауысқан. *Пар* деген сөзден *парластыру, параласу, парлату, паралау* тәрізді жаңа туынды сөздер жасалып, сөздік құрамды байытуға ат салысқан. Сол сияқты мәнерлі сөз, мәнерлеу тәрізді жаңа ұғымның тууына орыстың манера деген сөзі себепкер болса, межелі жер, межелеу деген тың сөздердің жасалуына да орыстың меж деген сөзі ұйтқы болған.

Ертеде ауысып келген сөздердің ішінде әр түрлі стильдік мән тудырып жүргендері де бар. Мәселен *шен, чин* деген сөз орыс тілінде әскери атақ, дәреже білдірсе қазақ тілінде де сол мағынада айтылады. *Шен* деген сөзден *шен алу, шен-шекпен шендес, шеншіл, шенқұмар* деген жағымсыз мәндегі сөздер туып қалыптасқан. Міне, осы сияқты қолданыстардың барлығы да орыс сөздерінің білінбей сіңісіп кеткендігін көрсетеді. Сондықтан да революцияға дейінгі кірген орыс сөздерін қазақтың байырғы төл сөздерінің құранды бір саласы ретінде өз алдына бөлек қарауға болады.

Революциядан кейінгі кезеңде орыс сөздері біздің тілімізге тасқындап көптеп енді. Орыс тілі бұл кезеңде біздің елдегі үлкенді-кішілі халықтардың тек сөздік құрамының кемелденіп баюына ғана әсер етіп қойған жоқ, барлық ұлт тілдерінің фонетикасы мен фразеологиясына, морфологиясы мен синтаксисіне, стилистикасына да, бір сөзбен айтқанда, тілдердің барлық жағынан күшті қарқынмен дамуына ықпал жасады. Біздің тілімізге енген интернационалдық терминдер тек орыс тілі арқылы келіп сіңісті.

Бір тілден екінші тілге сөз ауысу құбылысының өз кезеңі, өз заңдылығы бар. Әсіресе өндіріс пен техниканың күшті қарқынмен қаулап өскен кезінде, ұлт мәдениетінің қанат жайып гүлденіп дамыған шағында, әрбір тіл халық тілінен ұлт тіліне ауысты да, тілден тілге сөз ауысу бұрынғыдан молырақ болады. Қазақ тілі революциядан бергі кезеңде өзінде жоқ, жетіспеген сөздерінің бәрін орыс тілінен (немесе осы тіл арқылы) алды. Олар бір-бірлеп, сыналап кірген жоқ, лек-легімен, топ-топ болып, тасыған судай тасқындап енді. Бұлардың басым көпшілігін орыс тіліндегі қалпында, түр-тұлғасы мен мағынасын бірдей өзгертпей қабылдадық. Терминдердің жазылу принципі де сол келген тілге бүтіндей бағындырылды. Бір қыдыру терминдік ұғымдағы сөздер калька жолымен қазақша сөзбе-сөз аударылып алынды. Бұлар қазақтың ұлттық киімін киді де, қазақтың байырғы төл сөзіндей етене болып мүлдем сіңісіп кетті. Қайсыбір термин сөздер бірде қазақшасы, кейде орысшасы жарыса қолданылып, дублет ретінде жұмсалынып жүр.

Біздің өмір сүріп отырған дәуіріміз – ғылым мен техиканың заманы. Олай болса терминология дегеніміз ғылым мен техникалық тілі. Қазіргі уақытта қазақ тілінің сөздік құрамы жыл санап емес, ай сайын дерлік өсіп толығып отыратын болады. Қазақ халқы революцияға дейін негізінен екі-ақ түрлі кәсіппен (мал мен егін) шұғылданып келген болса, қазір біздің елімізде бірнеше ондаған шаруашылық пен өндірістің түрі бар. Әрбір шаруашылық пен өндірістің өзіне меншікті, телінді сөздер де көбейді. «Жері байдың — елі бай, елі байдың — тілі бай»,— деген осы. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздердің шексіз баюымен байланысты бұларды тұтастай да, сала-салаға бөліп те сөздік етіп шығару талабы келіп туды. Екі тілді терминологиялық сөздіктердің бізде бірнеше кітабы (барлығы 70-ке жуық) басылып шықты. Соның нәтижесінде қазақ терминологиясын жинап теріп, оларды іштей мағына жағынан саралап, халықтың игілігіне жаратуда қыруар жұмыстар атқарылды.

Революцияға дейін орыс тілінен қазақ тіліне бір ғана жолмен (ауызекі түрде) сөз ауысса, революциядан бергі кезеңде екі түрлі жолмен сөз алдық. Оның біріншісінде жекелеген терминдер сол күйінде тікелей келіп енді. Екіншісінде орыс тілінен терминдері өз тілімізден лайықты балама тауып, ұғымын сөзбе-сөз аударып алдық. Екеуі де баспасөз арқылы жазба түрде тарады. Қазақ тілі өзінде жетіспеген жоқ сөздің бәрін соңғы жана дәуірде орыс тілінен алды да аз уақыттың ішінде өзінің сөздік құрамын барынша байытты.

в) Интернационалдық терминдер. Жер шарындағы тіл біткеннің бәрінде де кірме сөздер бар және болуға да тиіс.

Даналар «Қандай ұлт болсын бір-бірінен үйренеді және үйренуі де қажет»— дейді. Әр халықтың бір-бірінен «үйренгенінің» көрінісі — өзара сөз алмасуында. Қазақ тіліндегі терминдік мәндегі сөздерді саралап, жіктеп көрсек бұларды қолданудың аясы әрқалай. Көптеген терминдер белгілі бір тілдегі ғылым мен өндірістің немесе шаруашылық пен кәсіптің белгілі бір саласын ғана меншіктеп, соған телінді болып тар көлемде өмір сүреді. Кейбір терминдер жалғыз бір тілдің аясында шектелген түрде емес дүние жүзіндегі барлық тілдерге ортақ кең шеңберде қолданылады. Осындай көптеген тілдерге ортақ халықаралық сөздерді *интернационалдық терминдер* деп атайды. Мысалы: *социализм, химия, атом, театр, графика, конституция, революция, демократия, архитектор, циклон, совет, роман, поэзия, пейзаж, континент, аптека, эксперимент, система, коммунизм, пионер, палата, базис, металл, алфавит, климат, магнит, планета, хор, арена, автор, экзамен, цирк, доктор, градус, депутат* т.б. Интернационалдық терминдердің шығу тегін іздестіріп қарасақ, көбінесе грек пен латын тілдерінен тарағандығы байқалады. Мәселен,

гармония, графика, автомобиль, телефон, телеграф, синтаксис, филология, зоология дегендер грек тілінен шықса, *агрессия, материализм, террор, объект, конституция* дегендер латын тілінен тараған. Сонымен бірге осы кездегі тірі тілдерден де көптеген интернационалдық сөздер шыққан. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі *танк, комбайн, трактор, блок, бойкот, бокс, футбол, клоун, вокзал, рекорд, клуб, торт, сквер, гол, тренер, финиш, матч бюджет, лидер* деген терминдер шығу тегі жағынан ағылшын тіліне жатады; *люстра, портфель, компот, билет, гсктар, пальто, мебель, шовинизм, авангард, десант, атака, такси, машина, аванс, массаж, наркоз* дегендер француз тіліне жатады; *папка цех, штраф, кран, слесарь, танец, штаб, штурм, курорт, махтер, балетмеистер* дегендер неміс тіліне жатады; *опера, ария, балкон, ложа, дуэт, бас, тенор, студия, касса, валюта* дегендер итальян тілінен шыққан; *матрос, вымпел, компас, каюта, конвой, катер* дегендер голланд сөздері; *совет, спутник* тәрізді терминдер орыс тілінен дүние жүзіндегі барлық елдерге тараған. Әрбір ұлт тілінің терминологиясын жасауда қандай да бір ғылыми принципке негізделеді. Қазақ тіліндегі терминологияны қалыптастыруда негізінен екі түрлі принцип бар. Әрбір терминге лайықты балама табылғандай болса, қазақтың төл сөзімен аударылып алынады. Мысалы: *ұшқыш (летчик), қондырма (надстройка), ереуіл (забастовка), қолжазба (рукопись), алғы сөз (предисловие), түйсік (ощущение), амал (действие), бөлінгіш (делимое), жұрнақ (суффикс), тербеліс (колебание), буын (слог), кышқыл (кислота), мүше (член), оқулық (учебник), мүсін (скульптура), жарыс (соревнование), отар (колония), одақ (союз), айтыс (дискуссия), сыншы (критик), жіктеу (классификация), ұяндау (озвончение), жаттығу (тренировка), орынбасар (заместитель), сүрлеу (силосовать), аялдама (остановка), балмұздақ (мороженое) т. б.*

Туынды терминдерді де қазақ тіліне қабылдау қажет болған жағдайда олардың түбірін сол қалпында алып, орыс тіліндегі жұрнақтың орнына қазақ тілінің қосымшасымен алмастыру арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, *колхоз, норма, награда, газ, цемент, электр, партия, щетка* тәрізді терминдердің, орыс тіліндегі түбір қалпы бүтіндей сақталғанымен, бұлардан туған орыс тіліндегі туынды сөздер қазақша аударылғанда, ана тілінің төл қосымшалары арқылы беріледі. Мысалы: *колхозшы, колхоздастыру, нормалау, нормалы, наградтау, наградталу, газдандыру, газдану, цементті, цементтелу, электрлендіру, электрлі, щеткалау, щеткалы* т. б.

Интернационалдық терминдерді әр елдің қалайда өз тіліне аударуға құмартушылық тенденциясы болды. Мәселен, бір кезде *революция* деген

терминнің орнына қазақша *төңкеріс*, коммунистің орнына *ортақшыл*, империализмнің орнына *жиһангер* деген сөздер қолданылғандығы аян. «Барлық елдердің пролерлары, бірігіндер!» деген Кеңес жылдарындағы ұран сөздегі пролетар деген термин қабылданып, тілде орныққанша, осы сөздің орнында *еңбекшілер*, *еңбекшілдер*, *жалшылар*, *бейнетқорлар*, *бейнеткештер* тәрізді бірнеше қазақ сөздері алынған. Ақыр аяғында интернационалдық терминдердің орнын ауыстыруға болмайды деген қорытындыға келіп, халықаралық терминдер әдеби тілімізден түпкілікті орын теуіп, біржола қалып қойды. Бүгінде қоғамдық-саяси лексиканы танытатын терминдердің көпшілігі әдеби тілден шығып қалды. Өздері белгілейтін заттар мен құбылыстардың жойылуына байланысты. Жоғарыдағы пікір – ұлт тілінде термин жасауға әуестенбей, әлемдік ғылымнан шет қалмау үшін терминологияның халықаралық сипатын сақтау керек деген пікірді қолдаушылардың пікірі. Демек, терминдерді қалыптастыру тек ғылым үшін ғана емес, әлеуметтік саяси да маңызы бар жалпы мемлекеттік мәселе екендігі де аңғарылады. Зерттеушілерде осындай пікірлер бола тұра, терминдену құбылысына келгенде басқа да көзқарастар бар. Ұлт тілінде жасалған терминдердің ара салмағын арттырып, өзге тілдерден енген терминдерді өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіріп жазу арқылы өткен кезеңде жіберілген олқылықтардың орнын толтырып, кеткен кемшіліктерді түзеп, терминологиялық лексиканы қайта сұрыптаудан өткізу керек деген пікір басым түсуде.

2 ПАВЛОДАР ЕРТІС Өңірі Ақын-жазушыларының тіліндегі КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

2.1 Араб және иран сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері

Тіл адам баласының қатынас құралы болуымен қатар, халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік күйін, дүниетанымын бейнелеуде маңызды рөл атқарады.

Көркем шығарма ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс, біртұтас дүние ретінде әр ұлттың өзіне тән мәдениетінен, мінезінен, жан-дүниесінен хабар береді және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Осындай қаламгерлер қатарында И. Байзақовты айтуымызға болады. Ол – қазақ ұлттық мәдениетінің аса белгілі қайраткерлерінің бірі. Суырып салма ақындығымен қатар сазгер, театр қайраткері. Ол жай ақын емес М. Әуезовше айтсақ, «желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі». Иса Байзақовтың тілінде халықтың мәдени өмірі мен тарихы, мыңдаған жылдар бойы жинақтаған танымы мен білімінің көрінісі

жатыр.

И. Байзақов поэзиясының тілдік табиғатын халқымыздың тарихымен, таным-түсінігімен байланыста қарастыру қазақ тіл білімінде ұлттық танымға негізделген жана үрдістегі зерттеудің мәнін ғылыми тұрғыдан байытары сөзсіз. Сондықтан ақын шығармаларында қолданылған кірме сөздерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастыруды мақсат еттік.

И. Байзақов тіліндегі кірме сөздердің қолданысы назар аударып, ерекше сөз етуді қажет етеді. Жалпы, өзге тілдерден сөз қабылдау – тілдердің бәріне де тән құбылыс. Қазақ халқы да өзінің ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, қарым-қатынастар жасаған. Осы аралас-құраластықтың, қарым-қатынастың нәтижесін тіліміздің лексикалық қабаттарынан байқаймыз. Сөздік қорымызға енген кейбір сөздердің әбден сіңісіп кеткені соншалық, кейде кірме сөздер екенін де аңғармаймыз. Олар күнделікті тұрмыста, ғылым салаларында, көркем әдебиетте актив қолданысқа енген. Жоғарыда қазақ тіліндегі кірме сөздердің басым бөлігін араб, парсы, монғол, орыс сөздері құрайтыны көрсеттік. Иран тілінің маманы Л. Рүстемовтің зерттеуінше, қазақ тілі сөздік құрамындағы араб, парсы сөздері 17 пайыз шамасында болады екен. Араб және парсылық сөздердің дыбыстық тұлғасы қазақ тілі заңдылықтарына бағынып, тіліміздегі төл сөздер қатарына қосылып кеткен. Лингвистер болмаса, көпшілік ажырата да қоймайды. И. Байзақов шығармалары тіліне зер сала келе, ақын тілінде қолданылған бөгде тілдік элементтердің дені – араб, иран, орыс сөздері екенін байқадық. Сонымен қатар басқа тілдік элементтер де кездеседі. Олардың көпшілігі тілімізге тереңдеп еніп кеткендігі соншалық, кірме сөз екені де аңғарылмайды. Мысалы:

*Мұнартып көңілдің хошын; Көпке куә әріден
Бабам көзі – **самырсын!**; Құлайды **емен** тік тұрып; Шайқастарда шыдап
бақтық қайыспай, Жай түсіріп **дұшпанға**; Сағынған солдат көңілі **хабар**
күтті, Ынтығып күнді санап, **апта** санап («Ақмандайлым»).*

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша ерекшеленген сөздердің қай тілден енгені мен білдіретін мағынасын келтірсек:

Хош [иран] – көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі, ықылас-зауқы. *Куә* [иран] – болған істің ақиқатын растаушы, шындығына айғақ болушы. *Самырсын* [лат] – өте биік өсетін қылқан жапырақты ағаш; қарағайдың бір түрі. *Емен* [лат] – шамшат тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты көп жылдық ірі ағаш. *Дұшпан* [иран] – қас жау, қара жақ. *Хабар* [араб] – болған іс, оқиға, сондай-ақ біреулердің хал-жайы жөнінде білдірілген қысқаша мәлімет. *Апта* [иран] – ұзақтығы жеті күн тәулігіне тең уақыт өлшемі.

Сол сияқты неміс, француз сөздері де кездеседі. Мысалы:

Қырандай көз айырмай Дауыл қақты,

*Көк **найзам** күл-күл болды неміс сапты.*

Ол салды айбалтамен, мен сермедім,

*Сынығын **найзасының** аспанға атты («Аспандағы аққуға ән қосайын»)*

Найза[иран] – ұшы істік. Ағаш сабы бар соғыс құралы.

Ырзамын өміріме көп жасаған,

Қымайды қу тірлікті итжанды адам.

Ең соңғы ләззәтімді татып өлем –

*Қойныңды аш, сұлу **патшам**, енді маған («Клеопатра»).*

Патша[иран] – төңкеріске дейінгі Ресей монархияның титулы, билік иесінің атағы.

*Ақбөпе **диуанамен** қалды оңаша,*

Қорықпаңыз үшкіремін жас құдаша.

Ұсынды Әмірқанның сақинасын,

Шырағым, жазыласың, бек тамаша («Ақбөпе»)

Диуана[иран] – зат. Діни ырзығын көптен тілеп кәсіпсіз жүретін діндар, тақуа адам.

Сонымен қатар И.Байзақовтың шығармаларында *пенде*, *баба*, *мейман*, *дариға*, *мерурет* және т.б. иран сөздері *жауынгер*, *жолаушы* сияқты неміс, француз сөздері кездеседі. Ол сөздердің түп төркіні қай тілге жататыны және білдіретін мағынасы:

Пенде [иран] – тірі жан, адам кеудесінде жаны бар тіршілік иесі.

Баба [иран] – арғы ата. Үлкен ата.

Мейман [иран] – қонақ бала келген адам, үйге келген қонақ.

Дариға [иран] – шіркін, қайран дүние, дүние жалған.

Меруерт [иран] – меруерт.

Жауынгер [неміс] – әскери қызметтегі адам, жаумен шайқасушы адам, сарбаз.

Жолаушы [франц] – белгілі бір мақсатпен сапар шегуші, жол жүруші.

Қолданылған кірме сөздердің енді бір тобы араб сөздері болып табылады. Ол сөздерді лексика-семантикалық тұрғыдан жіктегенде жиі қолданылғаны дінге, имандылыққа байланысты лексикалық бірліктер. Мысалы:

Өзің мұнда, жігіт қайда, жар қайда?

Бар ма бұған айтатұғын уәжің? [1.8].

Уәжің [араб] – бәтуалы сөз, талассыз пікір, дәлелді жауап.

Жүдеп қалды-ау шалғайда, -

Соны іздейсің, өйтпеске жоқ лажың [1.8].

Лажың [араб] – шарасыз, амалсыз амал.

Діннен біз нені білуші ек:

Сәресін ішсе үлкендер [1.24].

Сәресі [араб] – ораза кезінде аузы берік адамның ауыз бекіту үшін таң алдында ішіп-жейтін асы.

«Жаным!» десе, жәбірлеп алатындай,

Жәбірлесе, айрылып қалатындай [1.25].

Жәбірлеп [араб] – зорлық-зомбылық, қиянат, қорлық.

Ал аязға не дауа?

Ән бойыңа он мың ине сұққасын?! [1.49].

Дауа [араб] – ем, шипа.

Ал ояну қиямет боп шықпасың?! [1.49].

Қиямет [араб] – Ислам дініндегі о дүние туралы ұғым.

Аузынан шыққан соңғы арыз:

- Мойнында деген мол парыз! [1.58].

Арыз [араб] – мұң-мұқтаж, тілек. *Парыз* [араб] – мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы.

Қарай алмай, жолай алмай аруға,

Кете бардым әдеп сақтап, тыйылып [1.66].

Әдеп [араб] – адамдар қарым-қатынасындағы ізгілік нормаларының мүлтіксіз орындалуын білдіретін, қауымдасып өмір сүрудің дәнекері болып табылатын ахлақ ережелерінің жиынтығы.

Алғы шепте көрдім мен

Ақ қайыңды азап шеккен жастайын [1.70].

Азап [араб] –шарифат заңдары бойынша істеген күнәсі үшін берілетін жаза.

Әлек қылды-ау, қиыспай да жуыспай [1.73].

Әлек [араб] –әуре, әбігер, азап.

Сұрайды сәби ұлдарым:

«Сондағы танкің қада?»-деп [1.71].

Сәби [араб] –жас нәресте, бүлдіршін, бөбек.

Тағдыр кейде қарамайды обалға:

Әппақ Баян бұйырды сұм Қодарға [1.77].

Тағдыр [араб] –құдіреттің жазуы, жазмыш; адам өміріндегі барлық оқиғалардың алдын ала белгіленуін білдіретін діни ұғым.

Қызғанады аяулы, адал атынан,

Қызғанады сарғайған көп хатынын. [1.77].

Адал [араб] –Ислам шарттары толық сақталған, ішіп-жеуге жарамды, арам емес.

Тәуекел танкісіне мініп едік,

Қадырын сонда өмірдің біліп едік [1.78].

Тәуекел [араб] – бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем буынғандық.

Биязы, пейіл берсе, періштемдей,

Қуырса, құдіреті құдайымдай [1.79].

Пейіл [араб] – ниет, пиғыл, ықылас, көңіл.

Құдірет [араб] – құдай, Алла, тәңір, жасаған, жаратушы.

Қолы ашық, даяр сыйлы қонақасы,

Кәнекей ойда жоқта келе қалшы [1.79].

Даяр [араб] – алдын-ала қамдалған, әзір, дайын.

Ол өзіндей зағип қызға үйленген [1.82].

Зағип [араб] – кемтар, мүгедек, жарымжан.

Жоғалтпайды ол есін,

Не қасірет кешсе де [1.86].

Қасірет [араб] – басқа істің ақиқатын растаушы шындығына айғақ болушы.

Танк балқып, құрысқанда қайыстай,
Болат бу боп ұшқанда [1.90].

Болат [араб] – белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металл.

«Отан үшін отқа түссең құлшын нық,-
Күймесіңе біз кепіл!» [1.90].

Кепіл [араб] – заттың ұшын байламай бекітуде көлденең қойылатын тиянақ зат, шығыршық.

«Таққа мініп,
Тәж киердің алдында
Оққа ұшқан жанның да
Арманы жоқ...»десе біреу, нансаң сен,
Қандай парық бар мұнда? [1.92].

Парық [араб] – бір нәрсенің екінші нәрседен айырмасы ерекшелік.
Ата аруағын шақырған [1.92].

Аруақ [араб] – жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туатын наным бойынша өлген кісінің тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін рухы.

Махаббат [араб] – әйел мен ер арасындағы құштарлық сезім бір-біріне деген сүйіспеншілік.

Сайтан [араб] – діни ұғым бойынша, адамзатқа қас жын-пері, шайтан.

Әуе [араб] – жер үстін қоршаған көк күмбезі: аспан.

С. Торайғыров шығармаларында да араб, иран сөздері біршама кездеседі. Олардың ішінде әдеби тілімізге енгендерімен қатар, қазақ тіліне тереңдеп енбеген, көпшілік халыққа түсініксіз сөздер де бар.

С. Торайғыров тіліндегі әдеби тілге енбеген, түрлі стильдік мақсатта қолданылған араб, иран сөздері:

Талип (арабша) – шәкір деген ұғымды білдіреді.

Милеттің кел майданға, *талиптары*,
Дерті бар, дәрмені жоқ, ғарыптары!
Оқыған жастарының арқасында,
Көз ашты көрші жұрттың халықтары («Талиптарға»).

Мантық (арабша) – сөз, логика деген ұғымды білдіреді, жазушы қолданысында кітап аты.

Қанша жыл Хашия мен *Мантық* шайнап,
Керілдесіп шатуға («Оқуда мақсат не?»).

Хатымкер (арабша) – белгілі бір оқу орнын бітіруді айтады.

Мұрит (арабша) – пірге қол тапсырған адам.

Тауықты (арабша) – нәрсенің анық-қанығына жеткен кісі.

Көп жатып, «*хатымкер*» атын алып,
Елге апарып сатуға?

Ә! Бұлай болса керек енді:
Сәлде, шапан киюге;
Мұрит болып ишанға бас июге,
Жас басымнан *таунықты* сопы болып,
Сол есімнен тоқты-торым жиюға («Оқуда мақсат не?»).

Әлхам (арабша) – құран аяты.

Бұлардың бар тапқаны көзін сату;
Кім өліп, кім жеткенін аңдып жату,
Білмесе де алхамның ғибарасын,
Жемтік көрсе молдамын, - дептістей қату («Оқуда мақсат не?»).

Әлхамның ғибарасын білмеу, құранның қарасын танымау деген мағынада.

Хұқық (арабша) – право, махрұм қалу, құр қалу деген сөз.

*Яки мақсат: өнер, білім алуға,
Алға қарай басуға.*

Намыстанып қорланып,

Хұқықтан махрұм қалмауға(«Оқуда мақсат не?»).

Хадим (арабша) – бұл жерде ескі оқу.

Жадит (арабша) – жаңаша, төте оқу.

Мынау жерде хадим тұр,

Қарқарада жаны тұр.

Ілініп-салынып әлі тұр.

Бірер күндік халі тұр.

Анау жерде жадиттер,

Одан біздер үміткер,

Олардан тәлім алмасаң,

Көрген күнің болар тар(«Анау-мынау»).

Рушді сыныф (арабша) – 5-7 кластар көлеміндегі оқу.

Иғдади сыныф (арабша) – 10 класс көлеміндегі оқу.

Мұсылманша оқуды екеуі сабақтас болып оқып рушді сыныфтарын бітіріп, онан соң, ауылнай шkolда оқып тәмамдаған соң Қасенді әкесі гимназияға енгізіп, Ахмет қолының қысқалығынан онан артық ұзай алмай қалғандығына бірсыпыра жыл болып еді. Ахмет одан соң да тағы талпынып оқып, иғдади сыныфтарын бітірді(«Қамар сұлу»).

Шаһыбаз (парсы сөзі) – сабаз. Жоғары санаттағы кісі.

Оқумен ойы жеткен шаһыбаздары

Тұрады-ау атқан оққа көкірек керіп(«Қамар сұлу»).

Түкказибан (арабша) – түпсіз өтірік деген сөз, бірақ бұл жерде шексіз әңгіме деген ұғымда қолданылған.

«Құласатіл масаил» (арабша) – діни кітап аты.

Әне, бір мезгілде Бәйтек молда ұшып тұра келіп, киіз боқшасының ішінен шеттерін тышқан кеміріп тастаған алба-жұлба «Құласітіл масаилін» атты, көзілдірігін киіп:

- Қане! Дастархан, неке... су, күміс салу керек... куә, - деп белсеніп, сыбанып жұмыла бастады. Тез бір-екі жануарды өкіл сайлап, ауызбен: «алды, берді, тигізді, сүйгізді...» («Қамар сұлу»).

Шишма (татар сөзі) – бұлақ, бастау деген сөз.

Сонда Қамар әйтеуір ақ үстінен қара тани ма деген адам еді деп, бір жағы жұртына шаққандай қып, қапасын бөліп ұжмақ шишмасының тамшысындай сап мөлдіреген көзінің күйікті жасын тырс-тырс өксіп төгіп отырып, мынаны айтты («Қамар сұлу»).

Ажам (арабша) – араб жұртынан өзге елдер.

Айтайын шаригатты, низамды қой!

Разы шаригатқа боласың зой!

Ажамға ажам күпу, арабқа араб,

Басқалардың бәрі де жаңылыс ой («Қамар сұлу»).

Исым ағзам (арабша) – құдай аттары тізіліп жазылған дұғалық.

Тұсындағы шымылдықтың бауына ілген Исым ағзам ба керек, әлде не мазарат етектей-етектей дұғалықтан Қамардың бет-жүзі көрінбейді («Қамар сұлу»).

Сүре (арабша) – құранның бөлімдері.

Ясин (арабша) – құранның бір бөлімі, аят аты.

Тәкбір (арабша) – құлшылық ретінде құдайды ұлықтау.

Әншейін-ақ қасына сүре танитын сопысымақ сұмырайларды жиып алған, қырық мәртебе ясин шулатып шыққызып, әр шыққан сайын түрегеліп азан, тәкбір айтып, «онынзыл мен алқуран ма ьо ... лақол ола кот.. ақыры... жақыры... шаң-шаң! Ан.. ын.., қойшы, ыс-с-с суп, күп-п! Тіпу –түп –тіні астына алып, баспалатып-ақ жатыр –ау... Бірақ бұл емдердің қай-қайсына болса да Қамар разы емес, аза бойы тік тұрып бір нәрсе дейін десе: -Әне, дертінің иесі ерегістірді, - деп онан жаман екіленіп кетіп, былш-былш түкіруші еді («Қамар сұлу»).

Құһуалла (арабша) – дұғаның бір түрі.

Міне, бүгінгі кеш зікір сала бастамақшы. Нұрымның кең зал үйіне «таһаратсыз бір жан отырмасын, сорып кетеді» деп қожа-молда, алхам құһуалланы сындыра біледі-мыс деген заттардан қырық-елу жанды алқа-қотан отырғызып, бәрінің нақ ортасына Қамарды ұстатып қойып, ал ишекең зікір бастап, жағалай отырған кісілер өкіріп кеп, тулап шуласпасын ба? («Қамар сұлу»).

Әбжат (арабша) - әліппеден соң әріп танытқыш оқу.

«Үсул тағзым» (арабша) – әдістеме, педагогика деген мағынада.

Мұхтасар (арабша) – діни кітап аты.

Ең әуелі бұрынғы атақты молда, аруақты қожалардан оқып, кішкенелерімізге Әліп үсін ән мен Әбжат таусылмай, тәуірлеріміз «Кесік бас», «Тақи ғажап» секілді пайдасыз кітаптардың санын түгесе алмай, миымыз шіріп, алтыннан аяулы асыл өміріміздің ең қымбатты уақытын босқа кетіріп, әбден шатасқан едік («Зарландым»).

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тілінде әдеби тілімізге енген араб, иран сөздері де мол кездеседі. Әдеби тілге енген араб, иран сөздері мен әдеби қолданысқа тереңдеп енген, сирек қолданыстағы сөздерді бірнеше тақырыптық топқа жіктеуге болады.

б/Араб сөздерінің мағыналық топтары.

1. Ислам дініне байланысты діни терминдер: дін (наным, сенім, илану), ислам (VII ғасырда Аравияда Мұхаммед «пайғамбар» негізін салған дін, мұсылмандар діні), аллах (құдай), құран(1)оқу; 2) ислам дініндегілердің ең басты, қасиетті кітабы), иман (1) наным, сенім; 2) діни. ақ ниеттілік, парасаттылық. Қазақшасы –нану, сену), имам(1)алда тұрушы, басшы, бастық, көсем; 2)діни. рухани басшы, намаз басқарушы, жетекші), бісмілла(алланың атымен), құрбан(1)діни. құрбан шалу, тасаттық; 2)күнәдан тазару; 3) ауысп. жан қию), махшар(1)діни. жиын, топ; 2)діни. ақыр заманда қайтадан тірілген адамдардың жиналатын, олардың күнәсін тексеретін орны, гарасат майданы), дұға (1)жәрдемге шақыру; 2)жалыну, тілеу, өтініш; 3)намаз; 4)қарғыс, қарғау; 5)ауысп. сиқырлы оқу(жадылық), шариғат(1)заң ережелері; 2)діни. ислам дінінің Құранға негізделген заңы), шейіт(1)дін жолында, дін үшін соғыста құрбан болған, өлген, қайтыс болған; 2)құрбан, азап шеккен), мінажат (1) діни. құпия намазда құдайға мұңын айтып жалыну, оны мақтау; 2) діни. гимн; 3) құпия әңгіме, құпия кеңес), сәжде (1)діни. тәжім, сәлем, бас ию; 2)бас ұру, тәжім ету), күпір

(1)құдайсыздық, дінге сенбеу; құдайды сөгу; 2)рақметі жоқтық), құтпа (1)сөз сөйлеу; 2) уағыз, насихат), уағыз(1)ұқтыру; 2)діни. үгіт, насихат), т.б.

2. Атақ-лауазым мен кәсіпке байланысты сөздер: имам (рухани басшы, намаз басқарушы, жетекші), халифе (1) ұстаның шәкірті; 2) тарих. медреселердегі аға шәкірт, молдалардың көмекшісі; 3)діни. діннің жолына түскен, ишанның шәкірті, діни жетекші, оған берілетін атақ), зікірші (зікір салушы), әскер(қол, армия), уәзір (министр, Шығыс елдерінде мемлекет қызметіне қатысатын жоғары дәрежелі әкім, ұлық), шайх (1) қарт, қария; 2) Шейхтер палатасының мүшесі, сенатор; 3) шейх - ру бастығы; 4) ақсақал, басшы, басқарушы; 5) діни. рухани көсем; 6) ғалым; 7) мұғалім, ұстаз, жетекші, тәрбиеші, шайхолислам (1) діни. дін мен шариғат заңдарына түсінік берушілердің бастығы; 2) ислам дін иелерінің бастығы), шайыр (1) ақын; 2) әңгіме айтушы), ғұлама (діни шариғатқа өте жетік кісі. Кейінгі кезде қазақ тілінде ғұлама сөзі өте білімді, аса білгіш, үлкен ғалым деген мағынада жиі қолданылып келеді), қасап 1) ет сатушы; 2) жер өлшеуші; 3) ауысп. епті; 4) ауысп. жауыз), дүкенші (1) дүкен ұстаушы; 2) дүкенде товар сатушы), ғалым (1) білетін тәжірибелі; 2) оқымысты, ғылыми қызметкер; 3) кісі аты) т.б.

3. Әлеуметтік-қоғамдық және саяси атаулар: сиасат(саясат), маслихат 1) жалпы игілік; 2) пайда, мүдде; 3)бөлім (мекеме), басқарма; 3) кеңес, игі кеңес, мәжіліс), насихат(ақыл, кеңес), арыз (I 1) ұсыныс (алып-сату жөнінде); 2) демонстрация, көрсету; 3) баяндау, айтып беру. II арыз – ауысп. өтініш. III арыз –ауысп. шағым. IV арыз- ауысп. мұң, зар), қызмет(1) қызмет ету; 2)

жұмыс; 3) лауазым, мансап; 4) көмек), хабар (1) мәлімет; 2) жаңалық; 3) ұзынқұлақ), т.б.

4. Ғылым-білімге байланысты сөздер: кітаб (*кітап*), ғылым(1) білім(*жаратылысытың, қоғамның, ойланудың даму заңдылығын білу жүйесі*); 2)теория), ілім (*құбылыстың белгілі бір саласы туралы теориялық қағидалардың жиынтығы*),медіресе(*діни. жоғарғы оқу орны*)т.б.

5. Адамның мінез-құлқына байланысты сөздер: хауас (*сезім*), зәки (1) зерек, көреген; 2) ақылды, қабілетті), мұнафиқ(*монтаны, екі жүзді*), изәтлү (*абыройлы, қадірлі*), залым (*залым*), садық (*шынышыл, сенімді*), фасық (*пасық, азғын*), салих (*діндар, салихалы*), құлық(1) мінез, табиғат; 2) көңіл, көңілді күй; 3) ашу, ыза, қаһар; 4) ауысп. әдеп, үлгі, өнеге, жүріс-тұрыс; 5) ауысп. пейіл, ниет), қиянатты(*опасыз, залым*), қайырсыз(*қайыры жоқ, рақымсыз*), қайырымды(*рақымды, мейірімді*), ғибратты(*өнегелі*), момын(1) ислам дінін жақтаушы, мұсылман, діншіл, діндар; 2) ауысп. бойұсынғыш, жуас, көнгіш, мүләйім) т.б.

6. Жақсы қасиеттер мен түрлі сезімдерге байланысты сөздер: һәмма (*қамқорлық*), мәһир (*шебер, маман, әмбебап*), рахым (*ерекше мейірімді*), разы(*разы*), ихлас(*ықылас*), беркет(*берекет*), сәләм(*сәлем, амандық*), шәфақат(*шапқат, мейірім, ғибадат* (1) мәпелеу, қадірлеу, сыйлау; 2) қызмет ету, бас ұру, тәжім ету, табыну) т.б.

7. Жаман қасиеттер мен жағымсыз сезімдерге байланысты сөздер: ғайбет(*ғайбат, өсек*), шәрр (*жамандық*), зейінсіздік(*ақылсыздық, ессіздік, санасыздық*), зән (1)*неке бұзар*; 2) ауысп. оңбаған, тұрақсыз), зинашы(*тұрақсыз, бұзық, азғын, бұзылған*), залым(1) *әділсіз, мейірімсіз, қайырымсыз*; 2) *қысымшыл, езуші*; 3) *аса қатал*) т.б.

8. Мезгіл-уақытты білдіретін сөздер мен өлшем бірліктерді білдіретін сөздер: тамам(*тәмәм, толық*), зерре(*кішкентай*) т.б.

Б/ Иран сөздерінің мағыналық топтары.

Павлодар Ертіс өңірі акын-жазушыларының тіліндегі иран сөздерін төмендегідей мағыналық топтарға жіктеуге болады:

1. Тұрмыстық зат атаулары: тәбәр(*балта*), шілтер (1) *тор*; 2) *шашақ, әшекей*), шыны (*пияла, фарфордан жасалған кесе*), мақта (1)*мақта тазаланған*; 2) *түрлі маталар тоқитын мақтаның талшығы*), таразы (1) *өлшеуіш*; 2) *ауысп. әділдік, әділсіздіктің шешушісі, сынның сарабы*), бөстек(*теріден істелген төсеніш*) т.б.

2. Сауда-саттыққа қатысты атаулар: керуен(*көлік пен жүк тасу кәсібі*), базар(1)*сауда –саттық орыны*; 2) *ауысп. қуаныш, қызық, думан*), сауда (*товар айырбасы, алып сату, затты сату, алу айналымына байланысты әрекет*), баға (*нарық, құн*), пұл (*ақша, теңге*), құн(1)*ауысп. товар өндіруге жұмсалатын еңбектің мөлшері*; 2)*ауысп. төлем- өлтірілген кісі үшін төленетін айып*), ашраф(*ақша*), харыж(*қарыз*) т.б.

3. Кәсіби терминдер: базарган (*базаршы*), саудагер (*алыпсатар, көпес, пайдақор*), саяткер(1) *саятшы, аңшы, сонаршы*; 2) *Ауысп. өнері асқан сыншыл,*

білгіш, ысылған), кетпенші (кетпенмен жұмыс істеуші), пехлеван, табиб, бәдечілер(сиқыришылар), дуагер(дұғалаушы, сиқыршы) т.б.

4. Атақ-дәрежеге байланысты атаулар: фарман (қолбасшы), мырза (парсының заде және арабтың әмир деген сөздерінің қысқарып біріккен түрі) 1) іс жүргізуші, хатишы; 2) бектің баласы, бектен туған бала; 3) тарих. ертеде сыпайылықты құрметтеуді білдіру үшін сауатты, білімді кісілердің атына қосып айтылған; 4) ауысп. қолы ашық, жомарт), падшах т.б.

5. Діни терминдер: құдай, пайғамбар, ораза(мұсылман дінінше құдай үшін отыз күн ораза тұту, күндіз тамаққа сабырлық ету), намаз(діндарлардың құдай алдында күніне бес уақыт өтейтін құлшылық әрекеті), намазшам (кешкі намаз уақыты), намаздыгер (кешке таман, күн батып алдында оқылатын үшінші намаз), бейіш (1) жұмақ, жаннат), пері (1) ертегілердегі сиқыршы әйел; 2) ауысп. сұлу) т.б.

6. Туыстық атаулар мен сезімге байланысты атаулар: фәрзәнд(перзент), нәбіре (немере), бәрәдар (ағайын мағынасын береді), тамиф (ашкөздік), ғани (разы болу), т.б.

2.2 Орыс сөздерінің лексика-семантикалық сипаты

И. Байзақов шығармаларында қолданылған орыс сөздері ақын өмір сүрген қоғам келбетін танытады. Ақын кірме тіл элементтерін жаңа дүние жаңалықтарымен байланысты қолданған. Мәселен, «Жұмыскер еңбегіне сенетұғын» өлеңінде:

Салдырған құла түзге Түрксибті,
Жетуге жолы жақын алысының.

Немесе:

Өсірген шаруамызды колхоз, совхоз,
Еңбекпен ұйымдасқан неше мың жүз.
Комбайн, тракторды ат қып мініп,
Тетігін техниканың меңгердік біз.

Өлең жолдарындағы *колхоз, совхоз, комбайн, трактор, техника, Түрксиб* сөздері ұлт мәдениетіне еніп жатқан қоғамдық өзгерістерді танытар мәдени бірліктер. Ақынның желдірмелеріндегі:

Нормасын екі-үш есе орындатып,
Рапорт Сталинге берді талай.

Немесе:

Бесжылдыққа, даярлыққа ұлы дабыл қағылды,
Қарағанды қара алтыным дариядай ағылды,
Сәулеттеніп, сағымданған заводым,
Көмір жинап, еңбек қайнап –алтын шырақ жағылды

– дегендерінен кеңес жылдарындағы қоғам көрінісі танылады. Кірме сөздердің тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер екені белгілі. Кірме сөздер қай тілдің болсын лексикасын байытар өнімді тәсіл болып саналады. Қазір кірме сөздері

жоқ тіл жоқ деп батыл айтуымызға болады. Дүние жүзіндегі барлық халықтар бір-бірімен сөз алмасады және сөз алмасу құбылысы екі жақты болып табылады. Келтірілген мысалдарда ерекшеленген сөздерді шартты түрде орыс сөздері деп алғанымызбен, олардың барлығы бірдей орыс сөздері емес. Мәселен, комбайн, трактор сөздерінің түп негізі – ағылшын сөздері болса, колхоз, совхоз – орыс сөздері. Бұлар – дүние жүзіндегі көптеген елдерге тараған интернационалдық терминдер. Орыс тілінде де интернационалдық терминдер мол. В.И.Дальдің сөздігіне 1820-1850 жылдар арасында орыс тіліне енген 750 сөз кіргізіліпті. Халықаралық терминдердің енуі сол жылдармен тоқталып қалған жоқ, кейінгі ғасырларда да қоғамдық өзгерістер мен техниканың дамуына байланысты сөздер толқыны толастамай енуде. Олар жалғыз бір тілдің аясында шектелмей, көптеген тілдерге ортақ кең шеңберде қолданылады. Қазақ тіл білімінде орыс тілінен ауысқан кірме сөздер екі кезеңге бөлініп қарастырылады: Қазан революциясына дейінгі кезең және революциядан кейінгі кезең. Революцияға дейінгі кезеңдегі сөздер қазақ тіліне ауызекі түрде ауысса, революциядан кейінгі кезеңде ауысқан сөздер, негізінен, баспасөз арқылы енген. Аталмыш сөздер баспасөз арқылы енген сөздерге жатады.

Дүние жүзіндегі тіл атаулының сөздік қорын байытуға үлкен үлес қосқан тілдер бар. Бұндай тілдердің қатарында грек, латын тілдерін атауымызға болады. Оны тіліміздің лексикасындағы көптеген терминдердің түп төркініне этимологиялық талдау жасау арқылы анықтауға болады. Кейіннен бұл тілдердің орнын ағылшын, орыс тілдері басты. Кезіндегі одақтас елдердің тілдеріне советизмдер мен халықаралық терминдердің көптеп енуіне тікелей себепші болған – орыс тілі. Сондықтан кеңес өкіметі жылдарында жарық көрген шығармаларда советизмдердің және басқа да орыс сөздерінің қолданылуы жиі кездесетін жайт.

Қаламгер ұлт тілінің тұнық болуына аса сақтықпен қараған. Сол себепті де орыс сөздерін шығармаларында мейлінше аз пайдаланған. Дегенмен, кез келген қаламгер өзі өмір сүрген қоғамның перзенті. Шығармаларына өз қоғамының кескін кейпін арқау етеді. Сондықтан ақын өлеңдерінде кеңес өкіметі жылдарында әдеби тіл нормасы ретінде қалыптасқан сөздердің қолданылуы заңдылық. Яғни, көркем сөз дүниесіне ұлт мәдениетіндегі барлық өзгеріс өз бейнесін қалдырып отырады. Ақын шығармаларында кездесетін орыс сөздері қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынас, өндіріске қатысты жағдайларды, қазақ өміріндегі болып жатқан өзгерістерді, шынайы дүниенің тілдік бейнесін беруде қолданылған. И.Байзақов тіліндегі кірме сөздердің өзге мәдениеттен хабар берер тілдік деректер сипатында болғанын аңғарамыз.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының қолданысында орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздер екі тәсілмен берілген:

1. Дыбысталу түрін сақтап қолданылған орыс тілінен енген сөздер.

Олардың ішінде көбіне ғылым мен техниканың дамуымен бірге қалыптасқан жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер кездеседі. Оған бір ғана М.Әлімбаевтың «Ақмаңдайлым» атты өлеңдер жинағынан біршама мол мысал

келтіруге болады. Келтірілген сөздердің барлығы дерлік қазіргі тілімізде күнделікті қолданыла береді.

Мысалы: поезд, вагон, перрон, семафор, купе, вокзал (Көзінде жас, қыз перроннан кеткен жоқ, Поезд әлі семафордан өткен жоқ; Абыр-дабыр купе іші қарбалас;) шофер, «Москвич», агроном, мотор (Агроном ауылдық Асықты жолдың шетінде; Бір мезетте белестен Көрінді көкшіл «Москвич»; Жымиды шофер: - Кел отыр! Мотор қайта от алды), студент, курс (- Қалыңдық қайда? – Студент. КазГУ-де соңғы курста), завод, пропуск, бюро, матрос (Заводта, пропуск бюросында Бір қыз бар сүйкімді өзі сыйласуға. Тұрады бір матрос «сіз», «біз» десіп, Телміріп терезеге күнде осында), асфальт(Асфальт төсеп Қордайдың асуына, Жақындаттым жолдардың қашығын да), медаль(Бір медальдің екеуіміз екі жағы екенбіз), фильм (Фильм болып үнемі Түсімізге кіреді), тағы басқа сөздер.

Қазақ орфоэпиясы заңдылығына бағынып, өзгеріске түсіп қолданылған орыс тілінен енген сөздер: бөшке\\бочка (Сусыз *бөшке* жол алар деген нақыл С.Т.), деректір (директор), пенжәк (пиджак), тілипон (телефон), пешір (вечер), топли (туфли), пәлке (палка), гәләш (калоши), дөкүмент\дөкүмент(документы), кәзит (газета), пәлитон (фелъетон) т.б.

Орфографиялық заңдылыққа сай өзгеріске түсіп қолданылған сөздер көбінесе кейіпкер тілінде келеді.

Өзге тілден енген сөздердің басым көпшілігі өз мағыналарын сақтап, семантикалық жақтан өзгеріске көп ұшырамайтындығы белгілі. Дегенмен, кейбір қаламгерлерде орыс тілінен енген сөздердің кейбіреулерінің құбылып, өз мағынасын өзгерткендері немесе кейбіреулерінің ауыс мағынада қолданылғанын көреміз.

Ғалым Р.Сыздық: «Кейіпкер тілін зерделеу барысында ондағы ауызекі сөйлеу элементтерінің, жергілікті тіл ерекшеліктерінің оны алуы, кірме сөздердің, оның ішінде макоронизм деп аталатын бөгде тілдік элементтердің көрінуі деген сияқты жайттарға тоқталу керек. Жазушы бұларды әр алуан көркемдік стильдік мақсатта жұмсайды... Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макоронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі», - дейді [41]. Ғалым айтып көрсеткендей, жазушылар тілінде макоронизмдер ретінде осы іспеттес кірме сөздер, атап айтқанда, орыс тілінен енген сөздер ара-тұра кездеседі. Мысалдар келтірейік: *порым, пәлке, ышпана* т.б. Бұл макоронизмдердің кейбірі антропоэзектік бағыттағы тілді сол тілде сөйлеушінің жан-дүниесі мен тұрмыс-тіршілігіне әлеуметтік деңгейіндегі зерттеулерге сәйкес стильдік мақсатта кейіпкердің мінез-құлқын, білім, мәдениет дәрежесін көрсетсе, орыс тілінен енген сөздердің басым көпшілігі(*тілипон, трәктір, дүкімент, директір* т.б.) уақыт шындығын көрсететін күнделікті өмірде қолданыла беретін реалийлер, яғни белгілі бір кезеңдегі зат, құбылыс, іс-әрекетті танытатын тілдік қолданыстар болып табылады. Қаламгерлер шығармаларындағы макоронизмдердің т.б. қолданысын

сөйлеушінің немесе социумның(кейіпкердің) тіл мәдениетін көрсететін айшықтау құралдары деп білеміз.

Оған С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасынан мысалдар келтірсек:

Учредительный собраниеде өтпек ойы,
Солайша ептеп-ептеп бір амал ғып(30);

Елдегі **комитетте члендікте**
Бір кедей жоқ, не себеп байлар тегіс(34);
Комитетке жыртқызса запискені,
Кім алар дейді құлағын түбінен кесіп.
Ойламауға болмайды бұл қазақты,
Подлотке істемейді деп судай кешіп(35);

Жиіркенбей үстінен әкеп жабар жала,
Телеграмды жаудырар бара сала.
Ақша істеді деп біреуді **донос** қылып,
Жүргені анық дәлел осы араға(35);

Планы жоқ тоқтаудан және ұялып,
Талай жерде қызартып ұят қылған.
Сөйлегенде «**затем**» деп тұрып алып,
«**Затемге**» бір сөз қоспай мысы құрыған(43);

«**Исходящий**», «**Входящий**» әдемі жазу,
Кәмілдіктен саналар ол байғұсқа(43);

Әйтпесе «**повторение**» жарамайды,
Рекең сызып тастар қайран тісін.
Жастар оны таниды «**не как юрист**»,
Таниды «**как мелочный канцелярист**»,
Обломовтың бірінің «типі» жақын(43).

Келтірілген мысалдарда қолданылған орыс сөздері әдеби тіл нормасы ретінде қазақ тіліне енбеген. Бұл сөздердің қазақ тілінде баламасы бар. Ақын қолданысында стильдік мақсатқа сай қолданылады. Автор оқыған қазақ пен қара қазақтың образын ашу үшін әдеби тілге енбеген орыс сөздерін қолданады. Сонымен қатар қолданылған орыс сөздері сол стильдік мақсатты нақты көрсете білген. Бұл белгілі бір дәрежеде автордың образ сомдау шеберлігін танытады.

Осымен байланысты орыс тілінен енген сөздерді кейіпкер тілінде өзгертіп, ия өзгертпей қолдану – кейіпкердің білімін, білігін, ішкі жан-дүниесін көрсететін әлеуметтік мәні бар дәйектік фактор. Демек, оны стильдік мәні бар қолданыс деп сипаттауға болады.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларында қолданылған орыс сөздерін семантикалық тұрғыдан мынадай тақырыптық топтарға жіктеуге болады.

а) Тұрмыс қажетіне қатысты сөздер:

Тарсылдат маңайында *стол* болса, Жұрт десін есіл ерде қайрат сонша; Оларға *пальто* әперіп, *галош* салып, Ісің түзу болса да ол шытынса (С.Т.).

ә) Қоғамдық құбылыс және әкімшілік басқару ісіне қатысты сөздер.

Өзі *юрист*, жас жігіт жаңа талап, Шықпайды деуге бола ма мұнан өнер; Ығын-шығын қырғыннан өз *уезін*, Қалды ғой ақылменен аман алып; Жақыптан биік мақсат үмітті едік, Түкте жоқ, *партия* ғой бар жұмысы, Райымжанмен екеуі бірге жүріп, *Съезде* салған жоқ па жұртқа бүлік; Бұрынғы *болыстардан* айрықсызын, Көңіліміз суыды ғой сонда біліп; Тегінде *делегаттар* елден барған, Бәрі де ел билеген қасқырлардан; Жуандардан жасалған комитеттер, Былайша халық көзін байлады деп; Думадан бір орындық жылытпақшы, Сайланып бір депутат болып барып; Пайдасын чиновниктер байлар көрер; Соғыс болса, жауғандай көктен алтын, *Капиталист*, байларға әдейі арнап; «Күн не?» десе «*пристав*», «*уезд*» дедік, «Жер» не – десе – «*болыстық*» демеп пе едік?; Қайының *комитетке* сайлаймын деп, Көрсетіп халыққа өзін үлкен жан ғып (С.Т.).

Шаттықпен күтіп тұрған *Комсомолда*, Өкініп мойып қалды барлығы да. Табамыз, келед қонақ, саспаңдар деп, *Партия* қайрат берді барлығына; Тізіліп *командирлер* қатар тұрған, Алдында *политбюро* қатарынан(И.Б.).

б) Ғылым мен мәдениетке қатысты сөздер.

Газет пен журналдарда жайым толып, Бірі күн, бірі атымды ай қылатын; *Роман* деуге болады мұның өзі, *Фельетон* тәртібінше әрбір сөзі; Байлықпен медресе, школ салсам, Нашарларды оқытып, алғыс алсам; Сен, міне *доктор* болдың терең оқып, Нашарға пайда етуге осы жайда; Атақты чиновниктің баласынан, Аз көрдім *стипендия* артылғанын. Бұлай болса сондағы үйретуші, Сорысқан боп табылар кедей қанын. Пайда етуге *агроном* болсаң тағы, Бұл ісің кедейге сор, байдың бағы, Құр сенің ғылымыңмен түзеле ме, Саймансыз кедейлердің шаруа жағы! Томдағы *инженерлік* сабағында, Жетеді бір жылдан соң тамамына (С.Т.).

Марина бізден бөлек алыс қалды, Ол іздеп *экипажды* қалай табар? Арада осылайша үш күн өтті, *Летчиктер* іздеуде жүр осы бетті; Дауысы *самолеттің* естіледі, Таудағы қонғандарға ақырын жайлап(И.Б.).

в) Қоныс аударуға қатысты сөздер.

Мысалы: *участок, план, колония, землемер, хутор, аренда, десятина, склад, загон* т. б. (С.Т.).

Сонымен, Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы жоғарыда келтірілген русизмдердің кездесуі бірінші жағынан, замана талабына сай әдеби тіліміздің орыс тілі элементтерімен толыға түсіп, тілдік қор құрамының даму эволюциясына әсер еткен кезеңдер белгісінің көрінісі болса, екінші жағынан, қаламгерлер қолданысында олар өзгеріп, түрленіп, мағыналық, дыбыстық жағынан құбылып, көріктеу құралдары ретінде де, кейіпкердің тілі ретінде де стильдік, функционалдық қызмет атқаратындығымен ерекшеленеді.

2.3 Семантикалық жақтан дамыған кірме сөздердің қолданысы

Сөз мағынасының кеңеюі, яғни көп мағыналық қасиетке ие болуы жалпы халықтық тілден мықтап орныққан сөздерде байқалады. Ал сөздік қорға төл сөздермен бірге халық тіліне сіңген кірме сөздер де енгендіктен, мағыналық кеңеюмұндай сөздерді де қамтиды. Мысалға, араб тіліндегі «күш» мағынасымен енген «қуат» сөзінің мағынасы барынша кеңіп, қазақ тілінде бүгінде бес мағынада жұмсалады. Қуат сөзінің білдіретін мағыналары:

1. Күш-қайрат;
2. әл-дәрмен;
3. Медеу, тірек, сүйеніш мағынасында;
4. Тамақтан алынатын калория;
5. Энергия, физикалық шама.

Халық сөзі араб тілінде «жарату, жасау», «адамдар», «жаратылғандар», «дене бітімі» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ тілінде бұл сөз «белгілі бір мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны», «ел-жұрт», бұқара, көпшілік» деп берілген.

Л.З.Рүстемов: «Кейбір араб-парсы сөздері қазақ тіліне ауысқан соң, ал бірқатар сөздер қазақ топырағына жетпей-ақ жол-жөнекей өз мағынасын өзгертіп жіберген», -дейді [13,73]. Қазақ тіліне енген араб сөздерінің арасында мағынасы өзгерген, не біршама өзгеріске ұшыраған үш жүздей сөздер бар екендігін анықтапты зерттеушілер. Бұлардың ішінде төл тіліндегі мағынасын сақтай отырып, жаңа мағына үстегендері де, бастапқы мағынасын жоғалтып, мүлде өзгергендері де, сондай-ақ кері мағынаға, жағымсыздан жағымды мағынаға өткендері де бар.

Қазақ тілінде кері мағынаға ауысқан араб сөздері жиі кездеседі. Мысалы, *ар* сөзі төл тілінде «ұят, ұятты іс» мағынасын білдіретін болса, қазақ тілінде «адамгершілік қасиет, намыс, абырой» мағыналарына ауысқан.

Себеп жеміс: әділдік, адалдықта,
Себеп жеміс: залымдық, *арамдықта*.
Бұлай болса, бек мүмкін адамзатты,
Әділ қып, үйір қылмау жамандыққа.
«Тумыстағы мінезді ешкім жеңбес,
Адамды әділ қылу қолдан келмес.
Түзесе жаратылыс өзі түзер»,
Деген сөзге, сондықтан, көңілім сенбес(С.Т.«Адасқан өмір»).

Нәсіл сөзі арабшадағы «ұрпақ» мағынасын сақтаумен қатар, қазақ тілінде «шыққан тек, түп» мағынасын да үстеген. «Шешендік, сөз шеберлігі» мағынасын білдіретін *балағат* сөзі қазақта «біреудің намысына, ар ұятына кір келтіретін бейпіл, былапыт сөз» деп кері мағынаға ауысқан. Қазақ тілінде бұл сөз балиғат «кәмелетке жету» және ауыс мағынада «жалпы жетілгендік» деп берілген. Мұндай мағыналық өзгеріске ұшырауына «шешендік сөз» бен «кәмелетке жету» сөздерінің араб тілінде бір түбірден себеп болған сияқты. Түбірдегі дауыссыздардың ұқсастығына қарай сөз мағынасының ауысып келуі қазақ тілінде *батыл* сөзінде де байқалады. Екі тілде қолданылатын *тағдыр* – *тақдир* сөзі арабшада «жазмыш» мағынасында емес, «өлшемді есептеу, анықтау», «мойындау, бағалау», «болжау, болжам, шамалау» мағыналарын білдіреді. Ал қазақ тілінде жазмыш мағынасында қолданылады:

Араб тілінде «байлық», «мүлік, меншік», «ақша, капитал, ақша қоры» мағыналарын білдіретін *мал* сөзі қазақ тілінде «төрт түлік үй жануары» мағынасына өзгерген:

Ертең ел-жұртты жиып алып, Жәукенің малын талатып, Ахметті абақтыға берер деп ойласты. Бірақ мал иесі Омар болмағанда, бұл ойларының тезден-ақ қате кетпеулері анық еді («Қамар сұлу»).

Мал сөзі қазақ тілінде «надан, топас» мағыналарын да білдіреді:

Тағы Қамар достының Жорға Нұрым секілді «сүйкімді жануарға» кез келіп зорлауына қарсы, бұрынғы қазақ қалпынша «жар-жар» орнына «зар-зар» айтып қалдырған хаты мынау еді («Қамар сұлу»).

Жануар сөзі мал сөзіне синонимдес ұғым. Нұрымды жай жануар емес, сүйкімді жануар деп беруінде мазақ ету бар. Нұрымның надан, топастығын астарлап берген. Бұл контекстен мал сөзінің басқа мағынада келгендігін аңғарамыз.

Мал сөзі «табыс, кіріс» мағыналарын да үстеген:

Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,

Астана жұрт билеген хан қылғаның;

Ол рас меннен гөрі малың тәуір,

Малы тәуір кісінің сөзі де ауыр. («Қамар сұлу»).

Осы сияқты кірме сөздердегі мағыналық өзгерістер азамат, зия, арыз, құзыр, лауазым, рай, рахмет сөздерінде де байқалады.

Араб тілінде «дөрекілік», «қаталдық, қатыгездік», «қатынастың сууы» мағыналарын білдіретін жана сөзінің мағынасы мүлде өзгеріп, «бастан кешкен ауыртпалық, қиыншылық, қайғы» деп қалыптасқан. Араб тілінен енген сөздердің білдіретін мағынасы қазақ тілінде өзгерген сөздер жиі кездеседі. Мысалы: бәле, қайран, қабағат, қайрат, қаулы, лақап, марқабат, несеп, пайым, пейіл, нұсқа, шер, іңкәр сияқты сөздердің мағыналары мүлде өзгерген.

Кірме сөздердің метафора жолымен де мағынасы кеңейіп отырады. Метафора деп сыртқы не ішкі белгілеріндегі ұқсатықпен қатар, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы аталады. Кірме сөздер бастапқыда тура мағынасында қолданылатыны белгілі. Мәселен, Б.Сағындықұлы ХІУ ғасыр жазба ескерткіштерінде; «араб, парсы сөздерінің барлығы дерлік тура мағынасында қолданылаған, ауыспалы

мағынада келетін сөздер некен-саяқ», - дейді[42]. Қазіргі кезде метафора негізінде мағынаның ауысуы халық тіліне сіңген, жалпы халықтық сипат алған кірме араб сөздерінде ғана байқалады.

Қазына сөзі араб тілінде «байлық», «мемлекет байлығы, қаражаты», «касса» мағыналарында жұмсалады. Алғашқы мағына негізінде қазақ тілінде «жер асты байлықтары», «мәдени және рухани байлық», «бір тума ескерткіштер» сияқты ауыспалы мағыналары бар.

Бір үйде жиюлы екен *қазына* мал,

Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:

«Бұрынғы атамызға сыйға берген,

Біздерде мынадай бар, мынадай бар!...»(С.Т. «Бір адамға»).

Кірме сөздер метонимия жолымен де ауыс мағынада келеді. Метонимия бір заттың (құбылыстың) өзара іргелестігі, шектестігі негізінде атаулардың ауысуына байланысты сөздің ауыспалы мағынады жұмсалуын білдіреді.

Арапа сөзі діни «құрбан айттың алдыңғы күні» ретінде қалыптасқан. Бұл мағына Мекке қаласының шығысында орналасқан, қажылар құрбан айттың алдындағы күні жиналатын «Арафат» төбесінің атауынан туындаған. Мұнда іргелестік нәтижесінде мағына мекеннен мезгілге ауысқан. Қазақ тілінде метонимия негізінде екінші діни мереке ораза айттың алдындағы күн де *арапа* аталып кеткен.

Құбыла сөзі араб тілінің өзінде «мұсылмандар бет бұрып намаз оқитын, Мекке қаласындағы Қағба орналасқан орын» мағынасынан «оңтүстік» деген мағынаға ауысқан.

Метонимия құбылысы араб тілінен енген *азан, айып, аманат, әлем, дәріс, жазира, запыран, қамыр, лаж, мәжіліс, мәсі, рұқсат* сияқты сөздерде де орын алған.

Кірме сөздердің мағынасы кеңіп қана қоймай, лексикалық мағыналарының тарылуы да байқалады. Кіrmесөздердің мағыналарының тарылуын мұндай сөздердің төл тіліндегі мағыналарымен салыстырып отырып қана айқындуга болады.

Әріп сөзінің араб тіліндегі мағыналары келесідей: «әріп, дыбыс», «қосымша, жалғау», «сөз». Бұл сөз қазақ тілінде алғашқы мағына негізінде

«дыбыстың жазудағы таңбасы» деп қалыптасқан, яғни білдіретін ұғымы тарайған.

Мүсәпір сөзі «саяхатшы», «жолаушы» мағыналарын сақтамай, қазақ тілінде өзгеріп, «жоқшылық, кемтарлық зардабын көп тартқан, бейшара, қайыршы» мағыналарымен берген.

Сонымен қатар кірме сөздердің лексикалық мағынасы бірде тарылып, бірде кеңейіп отырады.

Қабылдаушы тілдерде мағынасы тарайған кейбір араб сөздері уақыт өте келе мағыналық жағынан қайта дамыған. Бұл даму мағынаның кеңеюі немесе өзгеруі түрінде жүзеге асқан.

Араб тілінде «шешім, қаулы, резолюция», «тыныштық», «түп, негіз», «мекен», «тұрғын үй», «қайырма» сияқты мағыналарымен қатар келген *қарар* сөзі қазақ тілінде алғашқы екі мағынасында сақталған.

Синонимдік қатар түзуде түркі тілдері сөздік қорында орныққан араб сөздерінің орны ерекше. Ә.Болғанбайұлы: «Араб, парсыдан келген кірме сөздер қазақтың төл сөздерімен жекелеп те, бірлесіп те синонимдік қатарда жұмсалуды қоймай, бұлар қазақ сөздерінсіз-ақ, өзді өзі болып, белгілі ұғымды жан-жақты сипаттап көрсететіндей қабілетке ие болған», - дейді[4]. Мысалы, араб және қазақ сөздері: *арыз-шағым; нәтиже-қорытынды* т.б.; араб, иран және қазақ сөздері: *сәби-перзент-нәресте, бала, бөпе* және т.б. синонимдік қатарларда жұмсалады.

Көп мағыналы сөздердің әрбір мағынасы бөлек-бөлек синонимдік қатар түзеді. Мәселен, көп мағыналы *дүние* сөзі бірнеше синонимдік қатар түзеді. *Дүние-зат-нәрсе-бұйым-мүлік-жасау-жиһаз; дүние-әлем-жаһан-жер-жеруі; дүние-жаратылыс-табиғат, өмір-тіршілік-тірлік-жалған.*

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде тілді кірме элементтерден тазартуға бағытталған түрлі қозғалыстар болғаны тарихтан белгілі. Сол кезеңдерде төл сөз бен кірме сөздер арасында жалпы халықтық алу жолында болған тартыстар негізінде қазақ тілінде бірде төл сөз басым түсіп, кірме сөздерді, соның ішінде араб сөзін ығыстырған болса, енді бірде кері процесс жүрген. Тілді кірме элементтерден тазарту мәселесі қазақ тілінде қазірге дейін жалғасып келе жатқан даулы мәселе болып табылады.

2.4 Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тіліндегі араб, ирандық кірме фразеологизмдер

Тіл білімінде кірме фразеологизмдерге қарағанда кірме лексикалық бірліктер мәселесі дәстүрлі құрылымдық бағытта көбірек зерттелген. Қазақ тіл білімінде кірме фразеологизмдер ф.ғ.д. Б.Н. Жұбатованың «Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер» деп докторлық диссертациясында қарастырылған [43].

Қазақ тіліндегі араб, иран тілдерінен қабылданған кірме фразеологизмдер деп түпнұсқа тілде этимоны бар, қазақ тіліне сол күйінде не болмаса калькалау арқылы аударып алынған бүгінгі күні қазақ тілінің фразеологиялық қорының

шығыстық қабатын құрайтын фразеологизмдер қорын айтамыз. Зерттеулерде кірме фразеологизмдердің саны жағынан ең көбін кітаби стильдегі фразеологизмдер құрайтыны айтылады. Оларға мына фразеологизмдерді жатқызуға болады: *фәни дүниеден бақи дүниеге аттану, хор қызындай, шейіт болу, тәрк ету, паш ету*, т.с.с. Бұл кірме фразеологизмдердің жазбаша түрде келгенін танытады.

Бейтарап стиль қабатына кіретін кірме фразеологизмдер: *азан айту\шақыру, сабыр ету, бата оқу*, т.б. Бұлар күнделікті өмірде жиі қолданылып о бастағы образдылығын жоғалтқан. Қарапайым сөйлеу тіліндегі кірме фразеологизмдер қарым-қатынастың тікелей, әрі тығыз түрде жүргенін танытады. *Сайтан алғыр, атасына нәлет* деген сияқты фразеологизмдерді осы қатарға қосуға болады. Қазақ тіліндегі поэтикалық фразеологизмдердің басым көпшілігін араб, иран әдебиеті арқылы келген кірме бірліктер құрайды. *Алма мойын аршын төс, сүмбіл шаш, қыпша бел, лағыл ерін, раушан жүзді, нәркес көз* т.с.с. поэтикалық фразеологизмдер о баста эмотивтілігі жоғары поэзия тілінде, кейіннен прозада да қолданыла бастаған.

Кітаби стильдегі кірме фразеологизмдер:

«Уа, жұртым, қайғырмайық бір жас үшін,

Жазмыштың сөгеміз бе еткен ісін?(И.Б.).

Тағдырдың жазмышына көнгеннен соң,

Сіздің мауық басылуын тіледік біз(И.Б.).

Бейтарап стильдегі кірме фразеологизмдер:

Жиылып жақсылары ел-жұртының,

Ас беріп, бата оқысып аза қылды(И.Б.).

Қарапайым сөйлеу тіліндегі кірме фразеологизмдер:

«Баталы құл арымас» деген сөз бар.

Бір жолға бар, қарағым, асыл тасым!(«Қамар сұлу»).

Кірме фразеологизмдердің арасында семантикалық-құрылымдық жағынан өзгеріске түскендері бар. Кейбір фразеологизмдердің түпнұсқа тілдегі этимоны тұрақты тіркес мәртебесіне ие, алайда қазіргі қазақ тілінде олар лексикаланған. Мысалы: *иниалла, бәрекелді, ассалаумағалайкүм, бісмілда, алауакбар, жәрекімалда* т.с.с. Кірме фразеологизмдерді біразының құрылым қабылдаушы тілде күрделенген: *абыройы төгілді – абыройы айрандай төгілді, бетінің суын төгу – бетінің суын бес төгу*.

Кірме фразеологизмдердің ішінде контаминацияланып, жаңа фразеологизмдер түзуге қатысқандары да бар.

Кірме фразеологизмдер деген мәртебеге ие болу үшін олардың түпнұсқа тілде этимоны болуы шарт. Тілдерде бір-біріне құрылымдық-семантикалық жағынан ұқсас элементтер болатыны мәлім. Б.Н. Жұбатова: «Мұндай фразеологиялық параллельдерді дүниеге әкелетін тек алмасулар ғана емес, сонымен бірге сананың универсалды қызметі. Сондықтан параллельдерді кірме деп тану үшін олардың бастаулары мен қайнар көздері ретіндегі мәтіндердің болуы шарт» деген.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб, ирандық кірме фразеологизмдердің елеулі бөлігін калькаланған фразеологизмдер құрайды. Оларды іштей толық фразеологиялық калька және жартылай фразеологиялық калька деп тағы екіге бөлуге болады.

Толық фразеологиялық кальканың құрамында сырттан келген элементтер жоқ. Компоненттерінің бәрі төл элементтерден келеді. Бір қарағанда олардың кірмелігі көріне қоймайды. Алайда астарында жатқан ақпараттар анықтау арқылы олардағы өзге мәдениеттің ұлттық бояуын байқауға болады. Себебі кірме фразеологизмдерде түпнұсқа тілдің ұлттық ерекшелігі сақталады. Шығыс поэзиясы өзінің түр түстілігімен ерекшеленеді. Егер түркі поэзиясында динамиканы қимыл-әрекетті білдіретін етістіктер мол болатын болса, отырықшы халықтар поэзиясына статика тән. Сондықтан парсы тілінде сын есімдер жүйесі мол, парсы тілінің төл сөздерімен бірге санскрит. Түркі, араб тілдерінен де түр-түс атауларын алған. Қазақ әдебиетінде *шекердей сөз, еріні шекер, қанттай тәтті сөздерің, балдай тәтті* деген сөз, әдетте, поэзияда кездесетін ерінді, ауыздан шыққан сөзді шекерге, қантқа теңеу осы классикалық шығыс поэзиясының әсерінен қалыптасқанын Шығыс мәдениетінің ерекшеліктері, әдет-ғұрыптары арқылы тануға болады.

Жартылай фразеологиялық калькалар. Құрамында өзге тілдік элементтер сақталып қалған фразалық калькалардың пайда болуына себеп болған тілдік құбылыстың бірі әрі негізгісі – орта ғасырларда орын алған парсы-түрік, түркі-араб-түрік көптілдігі. Қазақ тіліндегі қиял қанаты тіркесі фразеологиялық сөздікке енбегенмен, поэтикалық стильде жиі қолданылып, фразеологиялануға бейім тұрған әлеуеті жоғары тіркестердің бірі.

Дерексіз атауды нақты заттың атауымен тіркестіре қолдану – сопылық поэзияда кең қолданылған тәсіл. *Ғашықтың оты, махаббат дерті, ғашықтық жарасы, дертті жүрек* секілді тұрақты поэтикалық тіркестер де шығыс мәтіндері арқылы енген. Тіліміздегі *қам жеді, уайым жеді, құса жеді, күшала жеді, пұшайман жеді* секілді ерекше оралымдардағы бірінші компоненттердің бірқатары араб(қам, уайым, құса), бірқатары парсы тілдерінен (күшәла, пұшайман) енген сөздер.

Бұқарасы болған соң,

Бәрінің қамын жемей ме? (И.Б.).

Ботакөз боздап аққан жасын төгіп,

Қам көңіл қайғы жұтқан шерін сеуіп (И.Б.).

Түнеріп күндіз тұрып түндей болды,

Балағаз қайғы жұтып жүндей болды (И.Б.).

Құрбан болып аз ауыл,

Тас тастады құлатты (И.Б.).

Қайрат шақыр, қалжырап қайғырма оған (И.Б.).

Қайрат – араб сөзі. Күш, ерік, жігер деген мағынада жұмсалады.

Қазақ тілінің фразеологиялық қорында араб тілінен транслитерацияланған кірме фразеологизмдер де бар. Мысалы: *ғаріп мүскін, дүние бақи, ақыр заман, алла тағала* т.б.

Транслитерацияланған фразеологизмдердің өз белгілері бар:

- 1) Олардың қолданыс аясы шектеулі, көбіне діни, кітаби дискуста қолданылады;
- 2) кейбірінде араб тілінің грамматикалық ерекшеліктері сақталған;
- 3) құрамындағы компоненттерінің екі немесе одан да көп фонетикалық варианттары болады;
- 4) транслитерацияланған түрі мен калькаланған түрі тілде қатар қолданылып келеді;
- 5) мұндай кірмелер қысқаруға бейім келеді.

Құрамындағы кірме компоненттердің бірі төл сөзбен алмастырылуы мүмкін не болмаса құрамындағы компоненттері кіріге келіп, бір лексикалық бірлікке айналады. Мұндай фразеологизмдер ХХ ғасырдың басына дейін түпнұсқа тілдегі қалпын толығынан сақтап келсе, кирилицаға ауысқан тұста көбі дефразеологияланып, лексикалық тұтастық ретінде кодификациялана бастаған. Бұл – қазақ тілі секілді аналитикалық тілдерге тән құбылыстардың бірі.

Семантикалық фразеологиялық кірмелер. Фразеология теориясында «сырттан әкелінген», басқа тілдегі идеялардан, образдардан қабылдаушы тілдің тілдік құралдарының көмегімен жасалатын фразеологиялық бірліктерді семантикалық фразеологиялық кірмелер деп атайды. Қазақ әдебиетіне шығыс әдебиетінен келген образдар бүгінгі күні бәріне болмаса да, көпшіліктің құлағына сіңісті болып үлгерді. Мұндай символдар поэзияға, соның ішінде лирикаға тән. Түркі тілдерінің көбіне ортақ, араб тілінде де кең тараған көбелек пен шам, гүл мен әнші бұлбұл образдары парсы классикалық әдебиетінде мол. Көбелек пен шам – сопылық әдебиетте жиі кездесетін образдардың бірі. Қазақ әдебиетінде бұл дәстүр сопылық әдебиет дәстүрін жалғастырушы ақындардың қолданысында *от пен көбелек, шам мен көбелек, отқа түскен көбелек* сияқты тіркестер түрінде көрінеді.

Аталған кірме образдардың тілге енуінің алғашқы сатысында бөгде тілдік орамдар мен тіркестер, не болмаса идеяның мазмұны қабылдаушы тіл иесінің ойлау жүйесінде ұғым ретінде қалыптасады, материалдық белгіге ие болғанға дейін логикалық категория ретінде өмір сүреді. Шындық халықтардың бәріне ортақ, бірдей болғанымен, оның мазмұны әрбір халықта, оның мәдениетінде әр түрлі болуы мүмкін. Осы алшақтық, әртүрлілік кірме идеяларды тануға көмектеседі.

Сонымен, қазақ тілі фразеологиялық қорының араб, парсылық қабатын жасырын және айқын кірмелер түзеді. Олардың калькаланған, транслитерацияланған және семантикалық деп аталатын түрлерінің бар екені анықталды.

Қазақ тіліндегі *алма мойын, қос анар, қос алма, аршын төс, сүмбіл шаш, лағыл ерін* секілді тұрақты тіркестер диахрондық тұрғыдан кірме элементтер болғанымен, синхрондық тұрғыдан төл тіліміздің төрінен берік орын алып, сөздік қорымыздың байлығын танытатын бірліктер. Эпитеттік тұрақты тіркестерге Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларынан да

көптеп мысалдар келтіруге болады. Мәселен, Иса Байзақовтың белгілі «Назқоңыр» әні:

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім(И.Б.«Назқоңыр»).

Сүйгенге бір қосылып, сүйсіне алмай,
Құртқа жем болғаның ба, ғазиз тәнім(С.Т.«Қамар сұлу»).

Талпынам асыққандай жігіттікке,
Ұқсайтын жүзім гүлге, шаш сүмбілге(С.Т.«Адасқан өмір»).

Құран, араб пен парсы халықтарының тарихи, классикалық әдеби үлгілері, мифтері мен аңыздары қазақ тіліндегі шығыс элементтерінің бастауы болып саналады. Мысалы: *екі басты Самұрық құс, Қап тауы* сияқты фразеологизмдер өз бастауын иран мифологиясынан алса, *әлимсақтан бері, көңілі күпті, аманатқа қиянат жасамау, Иран бақ, Қарынбайдай сараң* т.с.с. толып жатқан фразеологизмдердің бастауы Құран мен хадистер болып табылады. Құраннан бастау алатын фразеологизмдерде моральдық-этикалық, діни, саяси нормалар туралы халық даналығы бейнеленген. Ислам діні арқылы кірген тұрақты тіркестердің ұйытқысы – сакралды лексика. Ислам концептілерінің парсы сөздері арқылы вербалдануы Орталық Азияға исламның таралуында аралық тіл қызметін парсы тілі атқарғанына дәлел бола алады. Мұндай кірме бірліктердің бірқатарының прототипі бірнеше компонентті тұрақты тіркестер болғанымен, қабылдаушы түркі тілдерінде дефразеологияланған бірліктер болып табылады. Оған мысал ретінде мына бірліктерді айтуымызға болады: *бісміллә, субханалла, астапыралда, иишалла, бәркелді* т.б.

- *Иишалла, қара кітапқа қарап, әруақ жар болса, бірдеңе қылармыз; Иишалла жазылайын деп тұр; Кеш болса жүректері ауыздарына шығып, лүпілдеп, ауыздарында: «біссміллә, біссміллә... лахаулы уала қуатен...» жан-жағынан оқынып жүруші еді(«Қамар сұлу»).*

Кіркелердің бірқатарын Құран аяттарынан аударылып алынған толық және жартылай калькалар деп бөліп қарауға болады. Бұларға: *тура жол, тозақ оты, бұ дүние, ақырет күні, махшар күні, хор қызы, жәннатқа кіру, нұр үстіне нұр* т.б.

Араб, ирандық кірме фразеологизмдердің тілге ену кезеңін анықтауда диахрnodық зерттеулер жасау қажет. Қазір кірме деп танылып отырған фразеолгизмдердің «көнелігіне» орта ғасырлық жазба ескерткіштердегі тұрақты тіркестер арқылы көз жеткіземіз. Мысалы: «Һибату-л-хаакайиқ» ескерткішінде *лағнет айту, сағадат жолы, әшкере болу, мехнат оты, ізгі ниғыл* фразеологизмдері қолданылса, XIV ғасыр Хорезмидің «Мухаббат-намесіндегі» *махаббат кеніші, жад қылдым, таң самалы, аһ ұрды, дертке дәрмен жоқ, ғашықтық оты, гауһар тас, лағыл ерін* т.с.с. фразеологизмдерді иран тіліндегі мәтін арқылы енген кірме бірліктер деп танаймыз.

Қазіргі қазақ тіліндегі «асқан батыр, мықты, ер» мағынасындағы сайыпқыран араб сөзі.

2.5 Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме антропонимдер

Жалқы есімдер - әрбір адамның жеке басын қоғам мүшелерінен ажырату, біреуді қарату немесе өзін тыңдату мақсатында айтылып, «таңба», «белгі», «қаратпа сөз» ретінде қолданылатын сөздер.

Жалқы есімдерді, соның ішінде кісі аттарын зерттейтін ғылым тіл білімінде антропоним деп аталады. «Антропоним» термині гректің екі сөзінен: *antropos* - «адам» және *онума* - «ат, есім» сөздерінің бірігуінен шыққан. Ол адамдардың тек өзіне меншікті есімдерін, әкесінің атын, тегін, лақап, бүркеншік, жасырын, жалған аттарын зерттейтін ономастиканың бір саласы деп аталады [44, 25].

Есім беріп, ат қоюда ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, тарихи дәстүр, әртүрлі тілек-мақсатпен қатар халықтың арманшыл ойы мен ұлттық мінез-құлқы да кеңінен көрініс табады. К.Паустовский: «Атау – бұл елдің, халықтың мінез-құлқы, оның тарихы, оның тұрмыс-тіршілігі туралы мәлімет береді», - десе, қазақ есімдерін зерттеген ғалым Т.Жанұзақ: «Антропонимдер – қоғам өмірінің айнасы», - деп көрсетеді [45, 58]. Сондықтан антропонимдер халық тілі, халық тарихымен, халықтың әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрімен, қоғам өмірімен өте тығыз байланысты.

Қазақ тіліндегі антропонимдер ХХ ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап ғалымдардың назарына ілігіп, зерттеу нысанына айналды. Содан бері антропонимдерді ғылыми тұрғыдан жан-жақты талқылаған көптеген еңбектер жарыққа шықты. Бұл мәселеде ең алдымен осы саланы кеңінен зерттеген Т. Жанұзақтың есімі алдымен аталады. Ғалымның бұл саладағы көптеген еңбектерін «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» (1965), «Кісі аттарының орфографиясы // Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1963), «Қандай есімді ұнатасыз?» (1968), «Есімдер сыры» (2004) т.б. еңбектерін ерекше атап көрсетуге болады. Сонымен қатар Е.Ә. Керімбаев, В.У. Махпиров сияқты т.б. ғалымдар бұл тақырыпты әр қырынан зерттеп, өз еңбектерін жариялады.

Өткен заман куәсі болып табылатын жер-су атаулары мен кісі аттары әрбір халықтың болмысы мен мәдениеті, тарихы мен қоғамдық өмірі жөнінен аса құнды мағлұмат беретін көне деректер көзі болып танылады. Кез-келген этностың өмір-тіршілігі белгілі бір жағырафиялық кеңістікте көрініс тауып, оның тілінде таңбаланды. Сондықтан ономастикалық лексика өзінің атауыштық қызметімен қатар оған тән ұлттық-мәдени таңба ретіндегі танымдық қызметімен де ерекшеленеді. Ономастикалық лексиканың дәстүрлі атауыштық қызметінен белгілі бір нысан және осы нысанды сипаттайтын белгілер таңбасына ауыса алатыны бұлардың өн бойындағы экстралингвистикалық ақпараттардың жоғарғы деңгейде шоғырлануымен түсіндіріледі. Көбіне көп ол ұлттық-мәдени, тарихи және тағы да басқа ассоциацияларының кешенді түрде

көрініс табуымен байланысты екенін ғалым А.Суперанская баяндаған [46, 21-22].

Бұл жөнінде А.В. Суперанская: «Разбором свойств и качеств собственных имен занимается наука об именах – ономастика. Название это происходит от греческого слово *onomastike* - «искусство давать имена». Если хотят особо подчеркнуть, что имеются в виду только имена людей, применяют другой термин – антропонимия, происходящий от двух греческих слов: *antropos* - «человек» и *онума* - «имя». В противоположность антропонимии, наука об именах животных называют зоонимией», - деп анықтайды [46, 10].

Антропонимдердің ономастиканың ең үлкен тобын құрауы да түсінікті. Себебі адам есімдері адамзатпен, оның тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен, жалпы барлық болмысымен тығыз байланысты.

Грек мәдениетінің алтын қазынасы мен ұлт мақтанышына айналған Гомер: «Адамдар арасында ешкім де есімсіз болмайды», - деп жазған екен. Есімсіз адам болмайтындығы баршаға белгілі, әңгіме бір адам жайында болатын болса, алдымен басқа адами қасиеттерінен бұрын оның есімі түсер еді.

XX ғасырдың соңғы жылдарында кеңінен өрістеген тіл білімінің антропологиялық зерттеулер бағытына көшу үрдісі «адам – тіл – мәдениет» үштігі негізінде гуманитарлық зерттеулердің пәнаралық саласындағы дамуын күшейтті. Қазіргі уақытта ономастиканың зерттейтін аумағы кеңейіп, түрлі тармақтарға (антропонимика, зоономика, космонимика, ономопэтика, топонимика, этномика және т.б.) бөлініп, әрқайсысы өз алдарына жеке отау тікті.

Қазақ кісі есімдерінің қойылу тарихы өте ертеден басталады. Кісі есімдерінің қойылуы белгілі бір тарихпен байланысты. Қазақ тарихында араб, монғол, орыс халықтарымен тығыз қарым-қатынас, әлеуметтік-саяси байланыстар, тарихи оқиғалар - бәрі де ұлттың тарихында өз ізін қалдырды. Соның бірі есімдерде де өз өрнегін қалдырды.

Қазақ тарихындағы араб дәуірі ономастикаға да өз әсерін тигізді. Ислам дінінің әсері күшті болды. Араб есімдерінің қазақ болмысына еніп, қалыптасуы бірнеше ғасырларды қамтитын тарихи-мәдени құбылыс. Қазақ тайпалары мен араб тілдес тайпалардың арасында болған әр деңгейдегі және әртүрлі тарихи-мәдени, діни қарым-қатынастардың нәтижесінде туындаған бұл құбылыс өз бастауын VIII-IX ғасырлардан алады. Бұл дәуір қазақ антропонимиясының Ислам дінінің кең таралуына байланысты жалпы түркі тайпаларының, оның ішінде қазақ этносының дәстүрлі есім үрдісіне ислам дінінің қарқынды да тегеурінді үрдісі келіп, тосыннан қосылған дәуірі болатын. Егер сол кездегі қазақ тайпалары өз есімдерін, көне түркі дәстүрінде, академик Ә.Т.Қайдар айтқандай, *Дала, Бұқа, Тұман, Темір, Тұғлық, Құтлу, Тоқа, Бұға, Тоғрул, Мөңен, Қабан, Алптекін, Ертолым* т.б. [47, 53] деп атап, Орхон, Енисей, Талас тас жазуларында кездесетін есімдерді қолданып келген болса, IX ғасырдан бастап түркі әлемінде белең ала бастайды.

Мұсылманшылықты уағыздап, араб дәстүрін таратудың әр түрлі жол-жобасы болғандығы белгілі. Міне, солардың бірі бала тәрбиесіне байланысты.

Дүниеге келген нәрестенің алғашқы күнінен бастап, оның ер жетіп, есейіп, Алла бұйрығымен фәниден бақиға сапар шегіп, көз жұмғанға дейін оған дін өз қамқорлығын көрсетіп отырады. Ислам діні қазақ қауымында ертеден келе жатқан ырым-кәделерге де өз әсерін тигізіп, біразын өзгертіп те үлгерді. Енді ислам салты бойынша бала өмірге келгеннен үш күн, не жеті күн өткеннен соң қарын шашы мен тырнағын алып, есім беру дәстүрі қалыптаса бастады. Өйткені исламның діни дәстүрі есім мәселесіне ерекше мән беретіндігі сонша, кейде жас нәресте емес, мұсылман дініне енген ересек адамдардың өздерінің бұрынғы есімдерін араб есімдерімен ауыстырып алуға да мүмкіндік бергендігі тарихтан белгілі. Мысалы, Қарахан дәуірінде ислам дінін алғаш қабылдаған Сатұқ Боғра хан басқаларға өнеге болсын дегендей, алдымен өз атын Абдулкарим (қазақша - Әбдікәрім) деп ауыстырып, одан соң балалары мен шөберелеріне де араб есімдерін береді. Мәселен, ол екі баласына да Мұса мен Сүлеймен деп «Құран-Кәрімдегі» пайғамбарлар есімдерін берсе, одан кейінгі қағанат мұрагерлері саналатын шөберелеріне дейін Хасанның баласына Жүсіп деп, Әлидің баласына Насыр деп арабша ат қоюдың дәстүріне айналдырғаны тарихтан белгілі. Дін зерттеушісі М.Бұлытай мұсылмандықты қабылдаған белгілі адамдардың өздерінің бұрынғы есімдерін өзгертіп, арабша есімдерді қабылдау жайында айта келіп, оны: «Ислам дінін» қабылдаған адамның өзінің өмір бойы қолданған, ер құлағына әбден сіңген, туыстары мен жолдастары атап үйренген есімін тастап, басқа тілдегі есімді қабылдауын оның бұрынғы өмірімен қоштасып, жаңа исламдық өмірге кіргенінің ишараты деп білдіреді [48, 309].

Түркі халықтары арасында есім беруде де ислам заңдары қолданылады, яғни ауылдағы қожа-молдалардың біреуі шақырылып, оған құрмет-сый көрсетіліп, «кітап ашқызып», «азан шақырылып, ат қою» рәсімі орындалатын болған.

Міне, бұл дәстүр барлық уақытта, барлық жерде бірдей өз тәртібімен сақталмаса да, қазақ қауымы әлдеқашан қабылдаған дәстүрдің біріне жатады. Бірақ нәрестеге ат қою рәсімінде орындалатын, сүйенетін діни қағидалардың баршасын қарапайым жұрт біле бермеген. Мәселен, «Кітап ашу» деген салтты орындау «Құран Кәрімді» басшылыққа алу деген сөз. Өйткені «Құран Кәрімнің» басқа да есімдері бар. Олардың кейбірі есімдер де, кейбірі, біздің тілімізбен айтқанда, сипаттары. Солардың ең біріншісі - «әл-Китаб». «Құран Кәрімде» екі жүз отыз мәрте кездеседі. Әрине, бұл дәстүр де тек антропонимия тарихындағы соңғы құбылыс болған жоқ. Оған бұдан басқа этностар мен тілдердің де әсері жалғасып жатты. Тілімізде *Совет, Диас, Мэлс, Мәтби, Жандарал, Солдатбек, Социал, Октябрь, Ноябрь, Света, Гуля, Майя* сияқты есімдердің кездесуі осының айғағы.

Бірақ араб мәдениетінің, әсіресе арабтар таратқан діни дәстүрдің, әсері ерекше болғаны баршаға мәлім. Міне, сол дәстүрдің қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған салаларының бірі антропонимия десек, ол сол қазақ қауымына бірден емес, біртіндеп, екі түрлі деңгейде, алғашқысы - Аллаға, пайғамбарлар мен әулие-әнбиелерге құлшылық ету діни дәстүрінде және араб

тілінің жалпы лексикалық байлығы жалпы есімдер негізінде жүзеге асқандығын көреміз.

Қазақ антропонимиясының белгілі маманы Т.Жанұзақов өзінің «Есімдер сыры» атты еңбегінде жалқы есімдердің даму процесін, әсіресе оның басқа тілдерден енген ауыс-түйістер арқылы толассыз толығып, байи түскенін, уақыт өткен сайын олардың бір жағынан көнеріп, мағына-мәнінің күңгірттеніп, екінші жағынан жаңғырып, жаңаланып отыратын заңдылықтарын баяндай отырып: «Жаңа есімдердің көптен қойылуы қоғам өміріндегі заңды да елеулі құбылыс. Бұл жайт - қазақ халқының басқа халықтармен мәдени-тарихи байланысы, бауырлық ынтымақ, татулығының айқын көрінісі. Араб, иран тілдерінен ауысқан есімдердің тіліміздің ішкі заңына сай түрліше дыбыстық өзгеріске түскені де мәлім», - дейді [49, 93].

Шынында, қазақтардың жалқы есімдері де (яғни антропонимиялық лексикасы) сол тілдің жалпы сөз байлығының құрамдас да құнарлы бөлшегінің бірі. Сонымен қатар бұл жалқы есімдер өзінің көнелілігімен ғана емес, тұрақты түрде жаңғырып отыратын жанды құбылыс екендігімен ерекшеленеді. Олардың өзіндік ерекшелігі мұнымен ғана шектелмейді. Антропонимиялық лексиканың тағы бір басты сипаты оның құрамы көп тілді екендігінде.

Жоғарыда (Т.Жанұзақов) ескертілгендей, сол көп тілді құрамның ішінде сан жағынан да, сапа жағынан да қомақты да елеулі орын алатын, тарихы тереңде жатқан араб есімдері, яғни араб тілінің жалпы есімдерінен туындап, қазақтардың жалқы есімдеріне айналған, сол тілге сіңіп, қалыптасып кеткен сөздері жатады. Бұл есімдердің көбісі араб тілінің жалпы сөз байлығына қатысты қатардағы лексикалық бірліктердің негізінде қалыптасқандығы белгілі.

Жүздеген араб сөздерінің жеке түрде де, иран, түркі т.б. тілдердің элементтерімен біріккен түрінде не қазақ қауымының ғасырлар бойы тұрақты қолданысында болған және жалғасып та келе жатқан бұл дәстүрді, пайымдап қарасақ, мәдени-тарихи дамуымыздың көптеген мәселеріне жауап беретін сияқты. Солардың бірі - қазақ қауымына араб есімдері тек діни жолмен, соның талабы бойынша ғана емес, сонымен қатар азаматтық қарым-қатынастар негізінде де қалыптасқан ментальдық салт-дәстүр мотивтері арқылы да көптен енгендігін көреміз. «Қазақ антропонимиясын зерттеуші ғалымдар оның құрамындағы араб тілінен қабылданып, тұлға жағынан күрделеніп, қалыптасқан араб есімдерінің жалпы саны қанша, есімдердің басқа түрлерімен салыстырғанда ара салмағы қандай?» деген заңды сауалға әлі күнге дейін нақтылы жауап бере қоймаған сияқты. Оның көптеген себептері де жоқ емес. Атап айтқанда:

Біріншіден, антропонимия үрдісі жалпы лексикалық үдерістің толастамай ғасырлар бойы өзгеріп отыратын жанды құбылысына жатады. Бұл - тіл, қоғам дамуының белгілі бір кезеңіне қатысты болмаса, барша тарихи дамуды тұтас алып, анықтауға болмайтын құбылыс деген сөз.

Екіншіден, қазақ қауымында араб есімдерін қабылдау тоқырап, тоқтап қалған процесс емес, бұл әр түрлі ментальдық себептерге байланысты әлі де өз үрдісін жалғастырып келе жатқан жанды құбылыс.

Үшіншіден, қазақ қауымындағы араб есімдерінің өз санын, не ара салмағын анықтау үшін жалпы антропонимиялық қордың ғасырлар бойы қорланып, қат-қабат болып жатқан байлығын түгел қопарып, талдап- тарататын арнайы зерттеу қажет.

Тілімізге еніп, қалыптасқан араб есімдерін құрылымына және мағынасына қарай жіктегенде араб тілінің грамматикалық ерекшеліктері мен сол халықтың антропонимдерінің жіктелуін ескереміз.

Араб кісі аттарын құрамына қарай Б.М.Гранде араб есімдерінің дара және күрделі деп бөледі де, күрделі есімдердің өзін үш топқа бөліп қарастырады. Оның алғашқысына бір сөйлем мағынасын беретін есімдерді жатқызады да, оны предикативті құрама деп есептейді. Екіншісі - изафеттік тіркес арқылы жасалған туынды есімдер. Үшіншісіне - автор негізі екі бөлек сөз, бірақ, қазір бір сөз болып кеткен сөздерден құралған туынды есімдерді жинақтайды [50, 4].

Араб ғалымы Сами Мухаммад өз еңбегінде араб есімдерін мазмұнына қарай жалпы есімдерден бөліп «Құран Кәрімде» кездесетін пайғамбарлар аттарын (*Адам, Аийуб, Сүлеймен, Дәуіт, Иса, Илияс, Юсуф, Юнус т.б.*), Мұхаммед (с.а.с.), пайғамбардың лақап аттарын (*Ахмед, Мұстафа, Махмуд, Әл-Башир, Ас-Садиқ, Таһа, т.б.*), пайғамбарымыздың туыстарының аттарын (*Зейнеп, Умму-Кулсум, Әл-Қасым, Фатима, Рақия*) бөліп алып жіктеп берсе, ғалым А.М.Фарадж «Алла-Тағала» сөзіне байланысты (*Әмируллаһ, Айатуллаһ, Асадуллаһ, Аминуллаһ, Жабуллаһ, Джалилуллаһ, Хамидуллаһ, Саадуллаһ, Шукруллаһ, Амидуллаһ, Фатхуллаһ, Сайфуллаһ, Зикруллаһ т.б.*), «Дін» сөзіне байланысты (*Әмируддин, Хайруддин, Шамсуддин, Қамараддин, Джамаладдин, Сайфуддин, Салахаддин, Каримаддин, Шарифаддин, Фатхуддин, Дин, Насыраддин, Низамаддан т.б.*) және «Алланың сипаттары» (*Абдуллаһ, Абдуррахим, Абуррахман, Абдуссалам, Адуссалам, Абдулхалиқ, Абулвали т.б.*) арқылы жасалған есімдер деп бөледі. Ал, Уәлид Насиф өз еңбегінде бұларға қосымша «Хақ» (*Сайфулхақ, Абдулхақ, Нурулхақ, Дайулхақ*), «Сайф» (*Сайфулислам, Сайфулхақ, Сайфулмаджид, Сайфуннасыр*), «Әбу» (*Абуласад, Абубакир, Абухамид, Абуссаид, Абулайли, Абуннур*), «Бинт» (*Бинтуссаид, Бинтуамид, Бинтуйақут, Бинтубадр, т.б.*), «Ибн» (*Ибнуссалам, Ибнусаһл, Ибнуссилах т.б.*) сөздерімен байланысқан есімдерді бөліп қарастырады [50, 4-7].

Ал қазақ тіліндегі араб текті есімдердің сөздігін құрастырған ғалым Н.Оңдасынов оларды екі үлкен топқа бөліп қарастырады: «Біріншісі - діни мазмұнды есімдер. Екіншісі - жалпы есім сөздер негізді болып келетін аттар» [51, 4].

Қазақ қауымының араб есімдерін қабылдау үрдісінің де, әсіресе қарапайым қалың жұртшылық арасында бірден жүзеге аса қоймағанын көреміз. Тарихи-этнолингвистикалық деректер араб есімдерін қабылдау үрдісі ең алдымен ел билеуші топтар мен зиялы қауым өкілдерінің арасында кең тарай бастағанын байқатып отыр. Мысалы, Орта ғасырларда Қазақстан жерінен шыққан ақын-жазушы, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаздардың көбісі-ақ «Құран Кәрімде» кездесетін пайғамбарлар есімдері мен жалпы араб есімдерін жаппай

кабылдай бастағаны белгілі. *Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу-Ибрахим Исқақ әл-Фараби, Исмайыл әл-Жаухари әл-Фараби, Бурхан ад-Дин Ахмад әл-Фараби, әләм ад-Дин әл-Жаухари әл-Фараби, Әбул Хасанәл-Исфиджаби, Әли әл-Исфиджаби, Қожә Ахмад Ясауи, Жамал ад-Дин Саид Түркістани, Моллиаһ Хаким Түркістани, Мұхаммед Бақи Қарнақи, Йағқуб әл-Женди, Хуссам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығанақи; Тараздан Жүсіп Баласұғыни, Махмуд Қашқари, Махмұт бин Әли ат-Тарази, әбд әл-Ғафур әл-Кердери, Байлақ әл-Қыпшақи, Хасан Әли Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри* есімдері бұған айғақ бола алады.

Бірте-бірте араб есімдерін діни сауатты әрбір кісі қоя бастады. Ал діни сауаттылық алдымен қазақ қауымындағы ел басшылары мен төрелер арасында өріс алды. Тарихта *Тәуекел хан* деп қалған ханның шын аты - *Тәуекел Мұхаммед*, *Есім хандікі* - *Есмұхаммед*, *Ұрыс хандікі* - *Мұхаммед*, *Тұрсын хандікі* - *Тұрсын Мұхаммед* екені тек деректер мен құжаттарда сақталып отыр.

Ж.Ағабекова қазақ тіліндегі араб есімдеріне тарихи-этнографиялық шолу жасай отырып, тақырыптық жақтан мынадай топтарға бөледі:

1) Алла-Тағаланың сипаттары мен пайғамбарлар аттарынан жасалған есімдер: *Әбдірахман, Әбдірашит, Әбдуәли, Әбдірахим, Әбдімәлік, Әбдіжаппар, Әбдіқаппар, Аллаберді, Жаппарқұл, Рахманқұл, Мұхаммед, Ахмет, Иса, Мұса, Ибрахим, Жүсіп, Жүніс, Дәуіт, Ахметжан, Құлмұхаммет т.б.*

Алланың сипаттары мен пайғамбарлар аттарын қою қазақ қауымының арасында ертеден қалыптасып қалған еді. Бұл есімдердің қарапайым халық арасына жайылуына қазақ халқының есім қою дәстүріндегі үлкен кісілердің есімін, әсіресе, Алланың сипаттарын, пайғамбарлар есімдерін ұрпақтан ұрпаққа қалдыру, тәбәрік етіп ауыстырып, жалғастырып отыру сияқты салт та көп әсер етті. «Алланың сипаттарынан жасалған есімдер» деген дәстүрлі ұғымды қарапайым сөзбен түсіндірсек, ол мұсылман қауымының Құдайды (арабша - Аллаһты) кісі деп тануына байланысты оның құдіретін ғажайып қасиеттерін сипаттап, әсірелеп, бейнелеп көрсететін: «*жаратушы*», «*кешіруші*», «*қанағаттандыру*», «*күшті болу*», «*әулие болу*», «*бейбітшілік*», «*сену*», «*жарылқаушы*», «*құдіретті*», «*саналы*», т.б осы сияқты адам қауымында жалпы, адамдардың өздеріне тән ізгі қасиеттерін білдіретін арабтың байырғы сөздері. Демек, бұлар о бастан-ақ кісі есімдері болып арнайы «жаратылған» сөздер емес, басқа есім сөздер қатарындағы қарапайым сөздер. Ал, бұлардың ерекшеленіп, әспеттеліп, мұсылман қауымының игі-жақсыларының эпитетіне, есіміне айналуы басқадан емес, Алланың қасиеттерін сипаттайтын оң мыңдағы «жақсы» сөздер болғандығына байланысты.

Алланың есімі мен Ислам діні арқылы таныс болған қауым оны «*жаратқан ием*» деп танып-білуіне байланысты, «Алла» сөзін (атауын) өз аты (есімі) етіп алған қазақ қауымы сол Алланың құдіретіне табыну үшін ғана емес, өзін барлыққа келтіруші екенін білдіру мақсатында көздеген. Мысалы, *Аллаберген//Алдаберген//Аллаберді* деп атап, өзін сол құдайдың сыйы, игілікті ісінің нәтижесі деп тануға тырысқан. Алла есімінен туындаған басқа есімдер де осы мотивтер негізінде қалыптасатындығын көреміз. Мысалы, *Алдамжар* деген

есімді алатын болсақ, *Алланың* қасиетін, құдіреті күшін, оның Адам баласына қамқоршы екеніне анық сенген мұсылманның дүниеге келген баласына да, өзіне де жаратқан иесінің әрқашан да қолдап-қуаттаушы жақыны болғанын тілеуінен, ізгі ниетінен туындаған деп қараған жөн. Сол сияқты, *Алдамұрат* деген кісі есімі де адамның алдына қойған асыл-арман, асқақ мұратына жеткізетін тек Алла ғана деген сеніміне байланысты алынып, ел ішінде қалыптасқандығын аңғаруға болады.

2) Табиғатта болатын түрлі құбылыстар мен жаратылысында жалғыз болып табылатын заттардан жасалған есімдер. Мұндай тақырыптағы кісі аттары халқымыздың антропонимия тарихында әр кезде де отырған. *Қамария* - «ай (лық)», *Шәмсия* - «күн», *Нұр* - «жарық», *Самал* - оңтүстіктен соғатын жел.

Көне түркі дәуіріндегі халықтар айға, күнге, табиғаттың түрлі құбылыстарына табынып *Айтолды*, *Айжарық*, *Күнсұлу* т.б. есімдер қойған. Бұл есімдердің ислам келгеннен кейін мағыналары сақталып, тек араб сөздерімен ауысқандығы көрініп тұр.

3) Өсімдіктің, хайуанаттар мен құстардың аттарынан жасалған есімдер: *Тамила* - «көгершін», *Жамал* - «түйенің жалпы атауы», *Науат* - «шөп», *Райхан* - «гүл», *Зайтуна* - «Зәйтүн ағашы».

4) Мамандық аттарынан жасалған есімдер: *Тәбиба* - «дәрігер», *Дәлила* - «жол көрсетуші», «маклер», *Ғалым* - «ғалым».

5) Атақ, дәрежеге байланысты есімдер: *Мәлик* - «патша», *Мәлика* - «патша әйел», *Мәнзила* - «атақ».

6) Адамның дене бітімі мен сезімін бейнелейтін сөздерден жасалған аттар: *Кәміл* - «толық», *Сағира* - «кішкентай», *Жәмила* - «әдемі», *Ақыл* - «ақылды», *Махаббат* - «махаббат», *Кәрім* - «жомарт», *Парасат* - «ақыл-сана», *Фариза* - «таңғажайып», *Шарафат* - «ізгілік», «жақсылық».

7) Сан есімдерден және уақытты, маусымды, мезгілді білдіретін сөздерден құралған кісі аттары: *Ләйлә* - «түн», *Ақыран* - ай аты, *Рамазан* - ай аты, *Айтбай*, *Айткүл* - «мерекеде туылған адамға» қойылады. Өйткені: *Айт* - «мереке», *Әшір* - «он», *Сәния* - «екі», *Рабия* - «төрт».

8) Географиялық объектілердің аттарынан жасалған есімдер: *Мәдина* - «қала», *Мұқит* - «мұқит» [50, 5-7].

Сонымен, ислам дінінің қазақ қауымына таралып, қалыптасу барысында да және одан кейінгі дәуірлерде де араб текті есімдердің қазақ қауымына таралып, қалыптасу барысында да және одан кейінгі дәуірлерде де араб текті есімдердің қазақ қауымына көптеп енуі оның діни, рухани, мәдени өміріндегі елеулі құбылыстардың біріне жататынын көруге болады. Бұл құбылыс қазақ антропонимиясының тарихында өзінің басталу, таралу, даму, қалыптасу дәстүрі бар, әлі де жалғасып келе жатқан елеулі құбылыс.

Кірме есімдер Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларында жиі кездеседі. С. Торайғыровтың белгілі романы «Қамар сұлу» деп аталады. Романның бас кейіпкері – Қамар. *Қамар* – араб есімі. *Ай* деген мағынаны, яғни айдай сұлу дегенді білдіреді. Осы Қамарға «ия» деген қосымшаның жалғануы арқылы қазақта *Қамария* деген есім пайда болған.

Қамардың сүйген жігіті – Ахмет. *Ахмет* – араб есімі, мағынасы – мақтаулы, мақтауға лайық дегенді білдіреді. Романы кейіпкерлері атына заты сай суреттеледі. Қамар - елдің бәрін ах ұрғызып жүрген сұлу қыз, Ахмет – оқыған, білімді азамат.

Романның басты кейіпкері – Қамар жазушының суреттеуінде аса сұлу, ақылды, ұстамды, сөзге шешен, ақын қыз. Сирек туатын жан ретінде бейнеленеді. Түр-тұлғасы, мінез-құлқы тең келген Қамарды ел әсемдіктің, ақылдылықтың белгісіндей көреді. «Бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтағысы келсе, «Уай, шіркін, мынау Қамардай екен!» десуші еді», - дейді.

Әрі өткір, әрі сөзге ұста Қамар – ауыл жігіттерінің де қол жетпейтін асылы. Олардың көбі қызды көргеніне мәз болып, бір ауыз тіл қатса, оны аузынан тастамай айтып жүреді. Сырттай ғашық боп жүргендердің кездесе қалса, тіл-аузы байланып, үндей алмай қалады.

Жазушының суреттеуінде:

Ахмет ақыл-ой зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш – ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерде өлең болсын, кітап болсын, шариғат-насихат айту болсын, ең арты біреуді сықақтаған құлық болсын, бас бәйге Ахметтікі еді. Тартынбай тамылжытып сөйлегенде дөзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт. Әне, сондай болсайшы», - деп біреуге ақыл айтқанда қызға Қамарды үлгі қылатыны сияқты, бозбалаға Ахметті үлгі қылып ұрсушы еді. «Қыз қылығынан» деп... не қылса да, Ахмет осындай-осындай... қылықты мінездермен құрбы-құрдастары арасында айтулы һәм ағайын, халқына сүйкімді болып, жас та болса біраз жұртқа атағы да шығып кетті... Міне, Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, тіпті мас болған жерде мас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді («Қамар сұлу»).

Есімі өзіне лайықты қойылған, нағыз мақтауға болатын адам. С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романының кейіпкерлері:

Омар – араб тілінен алынған гумар – өмірлі, ғұмырлы. Біріккен тұлғалы есімдер – Омарбай, Омарбек, Омарғали. Фонетикалық түрлері – Ғұмар, Құмар.

Нұрым – Нұр араб тілінен алынған – жарық, сәуле + «ым» қосымшасы арқылы жасалған. Кейіпкердің атында ащы күлкі бар. Автор оны былайша суреттейді:

Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін, надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен были-были насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мойын, бір түрлі нысаналы жануар еді («Қамар сұлу»).

Осындай «нысаналы жануар» Қамардай ару қыздың өмірін қор қылады.

Жұмабай – араб тілінен алынған джумга – жиын, жалпы қауым жиналатын күн. Біріккен тұлғалы есімдер – Жұмабай, Жұмабек, Жұмақан, Жұмаділ, Жұмағұл, Жұмажан, Жұмагелді т.б.

- *Бұл кітаптың ең түбі бабам хазірет Ғалидан қалған Жағыпар Садық әулиенің кітабы. Атам марқұм Бұхардан жеті жыл іздеп, қолына әзер түсіріп алған екен*(«Қамар сұлу»).

Жағыпар – араб тілінен – бұлақ, жылға.

Садық, Сыдық – араб тілінен –шын, адал, таза, ашық, сенімді адал дос деген мағыналарды білдіреді.

Мәдинеде Мұхамбет!

Ауызға алдым сені де

Түркістанда Қожахмет!(«Қамар сұлу»).

Мұхамбет, Мұқамет - араб тілінен алынған Мохаммад – даңқы шыққан, атақты, мақталған. Біріккен тұлғалы есімдер – Мұқамбетбай, Мұқамбетғали, Мұқамбеткәрім, Мұқамбетназар, мұқамбетқожа, қысқарта ерекелетіп айту түрлері – Мұқатай, Мұқан, Мұқай, Мұқыш, Мәмбет, Мамай т.б.

Қожахмет – Қожа – араб тілінен алынған – ұстаз, мырза, бай, көпес, қожайын. Біріккен тұлғалы есімдер – Қожабай, Қожабек, Қожахмет, Қожагелді, Қожатай, Қожанияз, Бекқожа, Ерғожа, Есқожа, Нұрғожа және т.б. Қысқартылып айтылатын тұлғалары – Қожаш, Қожкен.

Соңғы екеуінің атын аңғара алмай қалдым, бастапқы үлкендерінің аты: Әмина, Сәлима, Халима ма еді? – деді де, боқшасын ақтарып қағаз алып жаза бастады. Қағазға Әмина, Сәлима, Хамила деп жазды да, «күйдірейік бәтшағар дұспандарды» деп отқа жандырды(«Қамар сұлу»).

Әмина –араб тілінен –адал, сенімді, зиянсыз, сәтті, игілікті.

Халима – араб тілінен – рахымды, жуас. Түрі – Қалима.

Әбділдә ишанға бақтыру керек. Сол кісіге қаратып, жазылып кетті ғой(«Қамар сұлу»).

Әбділдә – әб+араб сөзі ділдә –алтын, алтын ақша. Кейіпкердің аты да өзіне сай. Өтірік ем жасап, ақша тауып жүр.

Антропонимия саласында қалыптасқан екі үрдістің, атап айтқанда, соның бірі - діни дәстүрді, яғни дінді таратудың ең бір оңтайлы жолы мұсылмандарға Алла сипатынан туындаған есімдерді беру, сол арқылы олардың ілімін ғибраттау және екіншісі, соған сәйкес, ат таңдаудағы ментальдық дәстүрді сақтап, оны дамытуға мүмкіндік берген еді. Қазақ қауымына араб есімдерінің мол болып енуіне себеп болған екінші бір фактор, ол - араб есімдерін қарапайым жұрттан бұрын қабылдаған ел билеуші хандар мен зиялы қауым өкілдерінің (ақын-жазушы, ғалым, т.б мәдениет қайраткерлерінің) үлгі-өнегесі болатын. Бұл - қазақ антропонимия тарихындағы мәні зор фактор. Өйткені бастауын осы Алла сипаттары мен пайғамбарлар, әулие-әмбиелер есімдерінен алған үрдіс дами келе, ислам дінімен бірге қарапайым қалың жұрттың дәстүріне айналғандығы мәлім.

С.Торайғыровтың хаттарында кездесетін кірме антропонимдер:

Мұқан молда, Мағзұм, Нұрғали, Әубәкір(С.Т. «Жиһанша мырза»); Ғалия, Рахманқұли (С.Т. «Құрметті басқарушы»); Ғабдулла Тоқаев, Ғабдырахман(С.Т. «Ардақты Нұрғали ағай»); Махмұт, Жиһанша Сейдалин(С.Т. «Ардақты Шоқа»); Латифолла Ғабдулғазизов, Жамаллиддин(С.Т. «Айқап» басқармасын ахат); Мұхаметжан Сералин, Жиһанша Сейдалин («Құрметті Шайбай туысқаным!»); Әбубәкір Алдияров (С.Т. «Ішкі хабарлар»).

Тілімізде монғол тілінен енген есімдер саны да біраз. Олар сипатына қарай екі топқа бөлінеді: 1) монғол-түркі тілдеріне ортақ сөздерден жасалған есімдер: Бура, Бұқа, Тайлақ, Дөненбай т.т.; 2) монғол тілінен тікелей енген есімдер: Баян, Ноян, Сайын, Аймақ, Сыпатай (Сүбәдәй) т.т.

Қазақ халқының тарихында орыс халқы маңызды рөл атқарды. Қазақ халқы Ресейге өз еркімен қосылғаннан кейінгі кезеңде оның әдебиеті мен мәдениеті дамып, қоғамдық құрлысы өзгерді. Сонымен қатар, бұл үдеріс тілімізге орыс тілінен көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің енуіне елеулі әсер етті.

XVIII ғасырдың басындағы құжаттарда тілімізге орыс тілінен енген есімдер кездесе бастады. Алайда ол кездегі есімдер саны тым санаулы ғана еді. Мәселен, Мекзил (Михаил), Мәтби (Матвей), Андрей, Жагор (Егор), Анна, Мариям. Осылармен қатар орыс тіліндегі жалпы есім сөздер мен әскери терминдерден қойылған есімдер де болды. Олар: Бәтес (батист), Болатный (булатный), Сәтен (сатин), Кампит (конфета) т.б. Орыс тілінен енген есімдер саны әсіресе кеңестік дәуірде көбейе түсті. Мысалы:

Шерткізді Валентина көкке сарын,

Қолданбасқа болмады қолда барын.

Әуелердің жүрегін қабар тіліп,

Әмгүннің аққан айғай бұзды жарын(И.Б. «Он бір күн, он бір түн»).

Алай-дүлей ұйытқан түтін жамырап,

Шатыр-шұтыр ағашты өткен сабап.

Іліп ала дайын ед Марина да,

Заулаған от айнала алды қамап(И.Б. «Он бір күн, он бір түн»).

Кеңес үкіметі жылдары халықтың талабы мен талғамының мәдени өрісі мен дәрежесінің өсуіне орай балаға ат қою мәселесі де жаңа тұрғыда соны бағыт алып отырған. Мәдениетіміз бен өміріміздің ауыл шаруашылығы мен техниканың, ғылым мен өнердің дамуымен байланысты туған жаңа атаулар қойылып жүрген. Мысалы, Сайлаубек, Кеңес, Совет, Маршал, Октябрь, Мәдениет, Ғылым, Гүлмира, Гүлжеңіс, Бейбіт, Мира, Мая, Идея т.б. Бұл бір жағынан тарихи кезеңнің кісі есімдерінен көрініс тапқанын көрсетсе, екінші жағынан халықтың кеңес одағының болашағына деген үлкен сенімін де білдіреді. Сол жылдары мұндай аттар жиі қойылып, кең тарағандығы соның айқын дәлелі бола алады. Әсіресе, *кеңес* және *совет* сөздерінің жаңа есімдердің жасалуына негіз сөз болғандығы байқалады [53, 19]. Мұндай есімдер бірте-бірте қолданыстан шығып, көркем туындыларда тарих дереккөздері ретінде сақталып қалды.

Ал Орысбай, Әзірбайжан, Қырғызбай, Өзбек, Ноғайбай және т.б есімдердің халықтар арасындағы достық, бауырлық, интернационалдық рухта қойылғаны мәлім.

Тіліміздегі кеңінен тараған екі не үш сөздерден құралған күрделі тұлғалы есімдердің көбірек кездесетіндері – құрамында бай, бек, би, хан, сұлтан, төре, қожа, шах, зада, мырза, бибі, ханым компоненттері бар есімдер. Қазақ халқы тарихындағы феодал ақсүйектер – сұлтан, төре, хан, би, мырзалар өздерінің әлеуметтік тегін немесе атақ дәрежесін көрсету мақсатымен бай, бек, би, төре сияқты сөздерді өз есімдеріне қосып, қосақтай айтып отырған еді.

Араб тіліне тән ғали сөзінің тіркесіп келуінен жасалған кісі есімдері де баршылық.

Өткен ғасырдың 50 жылдарынан бастап біріккен тұлғалы әйел есімдеріндегі өнімді тәсіл «гүл» сөзі арқылы есім жасау белең алған.

Мұндай атаулар суретшілер шығармаларында әйел затының нәзік болмысын беруде шебер қолданылған [53, 71].

Қорыта келгенде, жалқы есімдер алты топқа жіктеледі. Оның түрлері жоғарыда нақты көрсетілді.

Тарауша бойынша зерттеудің нәтижесін кесте арқылы тұжырымдап көрсеттік.

1-кесте

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы қазақ есімдері		
Тек араб тілі элементтерінен тұратын есімдер (Рахманқұл, Рахман, Мұхаммед т.б.)	Араб, иран тілдері элементтерінен тұратын есімдер (Махмуд, Мұстафа, Аманжол т.б.)	Араб-қазақ (түрік) элементтерінен тұратын есімдер (Баймұрат, Нұрман, Жұмабай т.б.).

2-кесте

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы тек араб тілі элементтерінен тұратын есімдер	
Алланың сипаты мен пайғамбарлардың аттарынан тұратын есімдер	Араб тілінің жалпы есімдерінен туындаған қазақ есімдері

3-кесте

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы араб, иран тілдері элементтерінен тұратын есімдер
--

Алланың сипаттары мен пайғамбарлардың аттары және иран тілінің жалпы есімдерінен тұратын қазақ есімдері	Араб тілінің жалпы есімдері мен ирна тілдерінің жалқы, жалпы есімдерінен тұратын қазақ есімдері
---	---

4-кесте

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы араб-қазақ (түрік) элементтерінен тұратын есімдер	
Алланың сипаттары және пайғамбарлардың аттары мен қазақ (түркі) элементтерінен туындаған қазақ есімдері	Араб тілінің жалпы атаулары мен қазақ тілі элементтерінен туындаған қазақ есімдері

Жалпы қазақ қауымында қалыптасқан араб текті қазақ есімдерінің сандық және сапалық жағын айтатын болсақ, мынадай статистикалық талдау қорытындысын жасауға болады:

Р\с	Кітаптың аты	Жалпы кісі есімдері		Жалпы араб есімдері					
				Таза араб		Араб-түрік (қазақ)		Араб-иран	
		ер есім і	әйел есімі	ер есімі	әйел есімі	ер есімі	әйел есімі	ер есімі	әйел есімі
1	«Қазақ есімдері»	1808	1308	493	219	551	642	92	43
2	«Есімдер сыры»	1667	577	352	275	165	15	43	27

Соңғы келтірілген қорытынды Т. Жанұзақов еңбектері мен Н. Оңдасыновтың араб есімдеріне бағышталған сөздігінде берілген қазақ есімдері негізінде анықталды. Сонымен, жалпы араб текті қазақ есімдерінің қазақ антропонимия қорындағы жалпы саны –орта есеппен 2000 деп алсақ, 1000-нан астамы ерлер, 900 –дейі әйелдер есімін құрайды екен.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы кездесетін есімдердің ішінде араб текті есімдер мол. Бір ғана С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы кейіпкерлер атауы түгелдей дерлік араб текті есімдер болып келуі соның нақты дәлелі. Бұл жасалған қорытынды тек араб текті есімдер қолданылған деген пікірге әкелмейді, тек араб кірме есімдерінің молдығын дәлелдейді. Сонымен қатар шығармалар тілінде монғол тілінен, орыс тілінен енген есімдер де бар. Олар зерттеу барысында шығармалардан мысалдар келтіріле отырып, дәлелденді.

3 ПАВЛОДАР ЕРТІС ӨңІРІ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ФОНЕТИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

3.1 Кірме сөздердің фонетикалық сипаты

Павлодар Ертiс өңiрi ақын-жазушыларының тiлiнде қолданылған араб және иран сөздерiнiң бiр тобы араб және иран тiлiндегi формаларын сақтап, фонетикалық тұлғасын өзгертпесе, ендi бiр тобы фонетикалық тұрғыдан өзгерiске енген. Қазiргi қазақ тiлi бiлiмiнiң беделдi ғалымдарының бiрi С.Мырзабеков өзiнiң «Қазақ тiлiнiң дыбыс жүйесi» деген еңбегiнде фонетикалық құбылыстарды бөле жара тақырып ретiнде қарастырып, сөз еткенде кiрме сөздермен байланыстырып, былай деп түсiнiк бередi: «Тiлден тiлге сөз ауысу – заңды құбылыс.... кiрме сөздiң әр түрлi позицияларында тiлдiң қалыптасқан дыбыстық жүйесiне сәйкес келмейтiн кейбiр жеке дыбыстар мен дыбыстар тiркесiмiнiң болуы заңды. Ондай сәйкессiздiктердi реттеу үшiн кейде сөздiң құрамындағы жеке дыбыстарды түсiруге немесе алмастыруға тура келедi. Тiлiмiзде араб, парсы тiлдерiнен енген сөздер бұған дәлел» [53, 17]..

Бүгiнгi күнi түркi тiлi мәселесiмен айналысатын ғалымдардың бiрi, филология ғылымдарының кандидаты, доцент В.А. Шнайдер кiрме сөздердiң қазақ тiлiне көптеп енуi салдарынан қандай фонетикалық құбылыстардың орын алғандығы туралы айта отырып, оларды бiрнеше топқа жiктеп қарастырған. Мысалы, «Бүгiнгi таңда жалпы қазақ тiлiнде қолданылып жүрген араб-парсы сөздерiн тiлге ену барысында фонетикалық жағынан түрлену, не болмаса түрленбеу ерекшелiгiне және үндестiк заңына қатыстылығы тұрғысына қарап «Қазақ тiлiнде сөз басында кездесетiн **ғ-қ** және **г-к** дыбыстық алмасуы да жоғарыда айтылған ой-пiкiрдi дәлелдеп, бұл алмасудың тек кiрме сөзбен байланыстылығын айқындай түседi. Аталған алмасу кiрме сөздердiң қазақ артикуляциясына бейiмделуi нәтежесiнде туындаған алмасу ғана болып табылады деп айту, әрине, **ғ-қ**, **г-к** алмасуының толық сипатын, қолданылу дәрежесiн таныта алмаса керек. Расында да, шығыс мәдениетiмен бiрге енген арабтың *ғұмыр*, *ғарыш*, *гүл*, парсының *гауһар* тәрiздi сөздерi қазақ аузында айтылғанда **ғ** дыбысының **қ**-мен, **г**-дыбысының **к** дыбысымен ауысуын байқаймыз.

Екi және үш дауыссыздан басталатын орыс тiлiнен енген сөздер де протеза құбылысымен айтылатын жайлар да ұшырасады. Мысалы, *штат-ыштат*, *сфера-исфера* (ауызекi сөйлеу тiлде iспера), *станок-ыстанок*, *станция-ыстанция*, *стол-үстөл*. В. Шнайдердiң пiкiрiнше: «Тiптi бұл кезеңде, ертеректе В.В. Радлов дәуiрiнде қазақ тiлiне *ыштат*, *үстөл* түрiнде сiңген сөздердiң өзi жаңа орфографиялық ережелерге сай *шкаф*, *стол* түрiнде қалай жазылса, солай айтылатын бастапқы «*бөтен*» күйiне оралды. Ал қазiргi орыс тiлi арқылы енген сөздер тiптi де тiкелей ешбiр өзгерiссiз тiлге қабылдануы әбден тұрақты процеске, В.В. Радловтың тiлiмен айтқанда «солай болуы керек сияқты» заңдылыққа айналған [53, 113].

Бұның ізі В.Радлов көрсеткен «*бөтен*» күйіне оралған сөздер С. Торайғыров шығармаларында да аз емес. Мысалы.

Қарағым-м-м-м разы бол, қасіретім мол /10,15/. Болу керек: ыразы, Школға беріп еді. Әжібайды-ау /10,69/. Болу керек ышколға

Онымен қатар Сұлтанмахмұт шырмаларында протеза құбылысы бар тұстар да ұшырасады. Мысалы

*Ол айтты: «Мен ырзамын, құдай ырза,
Ырза шығар бабамыз, бабаңыз да, /10, 112/.*

Байқағанымыздай бір автор шығармасының өзінде қайшылық тұстар бар бірде *разы* күйінде берілсе, бірде *ырза* түрінде келеді.

Тарихи тұрғыдан алып қарағанда бұл сөздердің дыбыстық жағынан түрленіп, тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркі тілдерінде де байқалғанына төмендегідей сөздер факті бола алады:

Қазақ, Қара-қырғыз тілдерінде: *орус*, Қазан диалектісінде: *урыс*, Осман түріктері тілінде: *урус* = орыстың «*русский*» сөзі.

Қазақ-қырғыз тілінде: *үстөл*, Бараба, Тара-татар диалектілерінде: *үстөл*, Төлеуіт, Алтай тілдерінде: *остол* = орыстың «*стол*» сөзі.

Қазақ-қырғыз тілінде: *ыстолба*, Шор диалектісінде: *остолба* = орыстың «*столб*» сөзі.

Қазақ-қырғыз тілінде: *ізба*, Қуарық диалектісінде: *ысна*, Осман түріктері тілінде: *ізба*, Алтай-төлеут тілдерінде: *ызба* = орыстың «*изба*» сөзі т.б.

Бұл құбылыстың тілде орын тебуі туралы әртүрлі пікірлер де жоқ емес. Мысалы, «Сол дәуірдің өзінде-ақ кірме сөздердің дыбыстық жақтан құбылуы туралы түсінік бергенде орыс ғалымдары өкінішке орай тек халық сауатсыздығы деп түсіндірумен ғана шектеп айтылған пікірлер де жоқ емес. М.П. Мелиоранский былай дейді: «Что касается до арабских и персидских слов, то они пишутся учеными киргизами так же как в арабском и персидском языках, многие ученые нередко пишут их совершенно неправильно, сообразуясь с народным произношением». Бірақ біздің көзіміз жетіп отырғаны сөздің фонетикалық құбылуы Н. Баскаков айтқандай сауатсыздықтың салдары емес, тілдегі сол дәуірде өктемдік көрсетіп тұрған үндестік заңының нәтижесі екен. Үндестік заңның күштілігі ғана басып алу әрекетіндегі сөзді өзіне толық бағындыра алады. Бұл заңның күштілігі туралы айтқанда «ертеректе енген араб-парсы сөздерін айтпағанда, орыс тілінен енген сөздердің де аралас буын қалпынан ажырап, бірыңғай (жуан не жіңішке) буынды болып қалыптасты: *бәтеңке (ботинка), бөрене (бревно), кәмпит (конфет), көшір (кучер), нөмір (номер), резеңке (резинка). сәтен (сатин)*» сөздерінің түрленуін еске алса жеткілікті. Яғни бұл сөздердің барлығы дерлік қазіргі қазақ тілінің даму динамикасында толығымен оның грамматикалық заңдылықтарына бағынған тұлғалар болып табылады. Алайда қалай дегенмен кірме сөздердің өзгеру ара салмағын басқа түркі тілдерімен салыстыру барысында назар аударатын жай басқа тілдерден гөрі қазіргі қазақтың тілінде артикуляцияға бейімделген сөздердің сан жағынан аз екендігін байқауға болады /2,115/.

В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» еңбегіне сүйенсек, сол

дәуірдегі қазақтың қолданған орыс сөздері: *лавка, штоф, изба, спасибо, штаны, огород, столб*, сол сияқты қазір орта жастан асқан адамдар тілінде кездесетін *фуфайка, тяпка, ведро, ботинки, пряник* т.б. сөздердің ылаука (*ләпке*), *ыстоп, ізбе, ыспасыйба, ыштан, әгәрәт, ыстолба, күпәйке, тәпкі, бедре, прәнік* түрінде айтылуы да, келмеске кетіп бара жатқаны белгілі.

Араб, иран тіліндегі тұлғасын сақтау себебі, кезінде араб тілін енгізуге тырысушылар оны қасиетті құран сөзі ретінде уағыздап, олардың шама келгенше бұзылмауына көп күш жұмсаған. Шығармаларда араб тіліне қатысты мына сөздер өз тұлғасында таңбаланған: *мәжіліс, жамағат, мемлекет, халық, насихат* т.б. Иран сөздері де түпнұсқа тұлғасын сақтап таңбаланған: *пұл, қағаз, құран, намаз, раушан*, т.б.

Араб сөздерінің түркі сөздік қорынан орын алуы тарихи жағдайларға байланысты. Ол ерте VIII ғасырлардан басталды. Сол себепті олардың тілімізде игерілгендігі соншалық кейде оның кірме сөздер екенін байқамаймыз. Кірме сөздердегі дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке айтылуы мағынаға нұқсан келтірмейді [54]. Мағынаны түрлендірмейді де. Олар көп жағдайда кірме сөздерде қолданылған бір сөздің бірнеше варианттары болып табылады. Мысалы:

Қадыр-кәдір; шайыр-шәйір; хал-хәл.

Араб кірме сөздерінде *а, ә* дыбыстары алмасып келіп отырады.

Иран тілінен енген кірме сөздердің тіліміздегі фонетикалық қалыптасу сипаты араб тілінен өзгеше. Олар бірнеше вариантта қалыптасып, тіліміздің сөздік қорын байытты. Ең ықпалды фонетикалық заңдылықтардың бірі түбірлердің жуан не жіңішке айтылуы [55].

Иран тілінен енген сөздердің фонетикалық варианттары әдеби тілімізде де, диалектілерде де жарысып қолданылады: *абырой-әбүйір, банадүр-бәһәдүр, жаһан-жәһән, пара-пәре, хазірет-әзірет, шырын-шірін* т.б. Бұл жарыспалы сөздердің мұндай өзгешелігі негізінен мағыналарына өзгеріс енгізбейді. Алайда кірме сөздердің қосымша мағына үстеп сингармониялық параллельге айналғанын көрсетеді [56].

Қазіргі қазақ тілінің қолданысында осы секілді бірнеше сөздер әлі де қолданылып жүр. Мысалы, тіліміздің заңдылығы негізінде қалыптасқан *жаһаннам* сөзі кейде *жәһәннәм* болып та көрініс тапқан. Бұл кірме сөздердегі лексика-семантикалық варианттар үнемі жарысып қолданылып жүретінінің бір айғағы. Кейбіреулері әдеби норма болып қалыптасса, екінші біреулері әр түрлі стильдік мағыналарға ие болады.

Жуан-жіңішке варианттардың барлық кезде мағыналық реңк алуы шарт емес. Мысалы, С.Торайғыров шығармаларынан *шаһар-шәһәр-шәр* варианттарын кездестіреміз.

Иран тілінде *шаһар* – *қала, ел, мемлекет* деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде ол *қала* мағынасында жұмсалады.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тілінде негізінен көптеген иран сөздерінің жуан да жіңішке де варинаттары қолданылады:

- Кейбір молданың **шәһәрден** жаңа келгенсіп, басы қақиып кететін әдеті емес пе? (С.Т. «Зарландым»).

Әзірше сонда-дағы жүрді жасырып,

Жаңылға білдірмеуге бой қашырып.

Үстінен татулықтың Жаңыл түсіп,

*Әжекең **абыройы** қалды ашылып*(С.Т. «Кім жазықты?»).

Сол сияқты *пара, жаһан, абырой, шырын* сөздері. Бұл сөздердің жіңішке варианттары оңтүстік өңірдегі говорларда ғана кездеседі[57]. Алайда бұл сөздердің қолданысында мағыналық ерекшеліктер байқалмайды. Оны тек сөйлеу тіліндегі стильдік ерекшелік деп қарауға болады.

Тілімізге енген араб, парсы сөздерінің көпшілігі дерексіз ұғымдар. Психология терминдері ретінде қалыптасқан **әдет, адал** т.б кірме тілдік элементтерді айтуымызға болады. **Ғадет, халел** деген араб сөздерінің басындағы **ғ, х** фонемаларының түсіріліп айтылуымен әдеби тілге енген. Ал шығармаларда **ғ, х** фонемаларының түсірілмей қолданылуы жиі кезігетін құбылыс.

Жергілікті ақын-жазушылар шығармаларында сөз қолданысында орыс тілінен енген кірме сөздердің ұшырасатыны белгілі, әсіресе, М.Әлімбаев, С.Торайғыров шығармаларында молынан кездеседі. Мысалы,

***Галошыңды** неге жумадың? М.Әлімбаев*

*Сол «ұмытшақ» **конфетті***

***Почташы** үйге енгенде.*

Дәл осы М.Әлімбаев шығармаларында орыстың *конфета* сөзі қазақ тілінің икеміне орайластырылып *кәмпит* түрінде де берілгенін байқауға болады. Мысалы,

Дүкен барып, қос қалтамды толтырып,

***Кәмпит** алып, жедім мен /9,286/.*

*Біреуге алтын, гауһар **тахыт** беріп С.Торайғыров*

*Бір **минут** тұра алмаспын сеніменен.*

***Оллаһи**, ант етемін **алла** атымен,*

*Орыс тілін білемін **һәм** хатымен.*

***История, география** пәнді білмей,*

***Оллаһи** тірі болып жүрмеспін мен.*

Келгенше осыларды отыз жасқа,

***Иниалла**, бәрін түгел ұғам басқа.*

Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,

Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа! С.Торайғыров

Аңғарғанымыз негізінен ақындар кірме сөздерді фонетиканың дәстүрлі принципіне негізделген тұлғада қолданған. Оның себебі де жоқ емес. Ол ақындардың білімді, сауаттылығын, хат танитындығын дәлелдесе керек. Олай дейтін себебіміз, түркі, оның ішінде қазақ тіліне кірме сөздердің енуіндегі бірнеше жолы бар екені ғылымда белгілі. Ол жайында В. Шнайдер «Көптеген

араб-парсы сөздері көрші тіршілік еткен мұсылмандардан діни кітаптар арқылы енген. Бұл сөздер де өзінің дыбыстық жүйесін толық түріктендірген, бірақ дауыстылардың өзгеруі жиі жағдайда өз еркіне жіберіліп арабша, парсыша айтылуынан өзгеше болды. Алайда белгілі бір біртекті байланыста қырғыздардың оқу заңдарына бағынышты болады деп жорамалдадым. Өз жорамалымның дұрыстығына көз жеткізу мақсатында мен жазуды білетін әртүрлі қырғыздарды татар мәтіндерін оқытып, қырғыздардың өз мәнеріне шет тілінің сөзін айтудың ережелерін айқындамақ болдым. Анықталғаны, шынында да оқудың белгілі бір ережесі бар және бұл ережелер кірме сөздердің дауыстылар жүйесіне әсер етеді» дейді [Б. 118-119]..

Кірме сөздердің бір бөлегі мұсылмандармен қарым-қатынас нәтижесінде, келесі бір бөлегі діни кітаптар арқылы енген араб-парсы сөздері. Осы ерекшеліктеріне байланысты қазақ тілінде қолданылатын кейбір кірме сөздер көп вариантты да болып келеді.

Бір ғана Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында «*Япыр — ау!*» сөзі бес нұсқада кездеседі:

1. - *Апырым-ай! Енді не деп жазам?! /5,267/.*

2.- *Ойпырым-ап! Бұл немене екен?! /5,266 б/.*

3.- *Япыр-ау! Жаңылмасам... Таныдым ғой. /5,301 б/.*

4. - *Япырм-ай! Шын ба ? /5,211 б/.*

5.- *Япырым - ай! /5,207 б/.*

С.Торайғыровта да варианттылықтың қолданылуы байқалады. Мысалы, Арзан ғып, қымбат емес, кемге алыпты.

Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,

Оқа, түйме, сылдырақ теңге алыпты.

Немесе,

Апырым-ай, көз қарасың тәуір еді,

Мінезің салмақтылау, ауыр еді. Сол сияқты.

Апырмай-ай! Бүктетіліп, сұлық қана өлеуіреп жатқан Қамар жылан шағып алғандай басын жұлып алды. /10,36/.

Емдейтін уақыты өтіпті. Апырмым-ай! /10,48/.

Уау! Дүние! Мұны естіген Қамар не халде, Омар не халде? /10,35/.

Уай, дүние! Болмаса еді жағыз аты /10,37/.

Уа! Молда! Түзушілік қайда қалды? /10,39/

Ағузи беллахи мен әл шайтан алраким биссимилла /10,50/.

«Бысымылла» деп ішіне ақ күміс сал /10,40/.

Апырмай! Дуа бойына әбден сіңісіп алған екен. /10,50//.

Шынымен сол Нұрымға кеткенім бе?

Бәлеге құтылмастай жеткенім бе? /10,21/.

Пәле, пәле! Тіпті жәні бар, әруақ асыға ма, саса ма? /10,47/.

Қолданыстағы б-н сәйкестігі қазақ тілінде жиі кездесетін ауытқулардың бірі болып табылады. Ол кезінде кірме сөздердің қазақ тіліне әр түрлі жолдармен енгендігін дәлелдейтін сөз тұлғалар. Мұндай мысалдар қатарына құрамында ғ дыбысы бар кейбір кірме сөздердің қолданыста аталмыш

дыбыссыз қолданылу сыңарларының болуын да жатқызамыз. Мысалы, Тілдей-тілдей ұзыншақ **дұға** жазулы қағаздардан аяқ алып жүргісіз /10,53/.

Қамардың басын айналдырып, сені сүйдіреміз», - деп жеті қара мейізге, тұзға, қантқа да **дуа** қойып, Нұрымды алдаушыларда толып жатыр /10,47/

Бір «*риза*» сөзінің өзі С. Торайғыровта келесі нұсқаларда кездесетінін байқаймыз. Мысалы,

Төр алдында мырзалар,

Көп мақтаса ырзалар. («Анау-мынау» өлеңі) Немесе,

Риза болам өмірге,

Үстің дәурен сүрсем-ау («Ақ сәуле» өлеңі).

Кірме сөздердің фонетикалық жақтан өзгеріп барып қолданылуы да жергілікті ақын-жазушылар шығармаларынан орын алған. Мысалы, М. Өлімбаевта;

Үстіңдегі пенжасак па,

Польтоның бір түрі ме? /9,255/

Тұрды тұрба астында

Су құйылды мойын /9,263/.

Сары ала да, қара ала

Басындағы кепкісі /9,293/.

Байқап отырғанымыздай С. Торайғыров шығармаларында да кейбір сөздер фонетикалық варианттарда қолданылып отыр.

Кейбір бұл нұсқалар қазақ тілінде тіпті мағына жағынан да ажыратыла бастаған. Мысалы, *уақиға* және *оқиға* сөздері. Бұл, әрине, сөзді ұғынып, түсінуде де өз қиындығын келтірері айғақ. Сол себепті де, біздің ойымызша, қазақ тілінде сөздердің варианттылығы мәселесін тыңғылықты зерттеген ғалым С. Бизақовтың сөздер вариантылығының болуының бір себебін қысаң дауыстылардың редукциялануымен ұштастыра отырып «тілдің жарасымды ырғағына қиянат жасамас үшін фонетикалық принципті ұстанып, табиғи дұрыс дыбысталу қалпын сақтап, естілуінше жазсақ, ондай вариант түзелмес еді.

Дегенмен, ақындар шығармашылығында тілдің икеміне игеріліп, өзіндік бастапқы қалпынан айрылып қолданылатын сөздер де жоқ емес. Мысалы,

Ал енді, бізге келген заман қандай,

Заманға қарсы тұрар шамаң қандай?

Мұжықтың көк желке боп тепкісінде,

Талайсыз неден болдың, аһ, сормаңдай!

С.Торайғыров «Гүл»

Дүниеден басқа рақат тілеймін

С.Торайғыров «Жас жүрек».

Мұсылманша оқуды екеуі сабақтас болып оқып рушді сыныфтарын бітіріп, онан соң ауылнай школда оқып тәмамдаған соң да тағы талпынып оқып... /10,6/. С.Торайғыров «Қамар сұлу»

А құдай, жасты жасқа пар қылғаның,

Біреуді жоқ,біреуді бар қылғаның. С.Торайғыров «Қамар сұлу»

Оспан бидің **кенегесіне** тіркесті С.Торайғыров «Қамар сұлу»

Жорға Нұрым деген өз болысының бұрынғы хан тұқымынан алған қатыны еді. С.Торайғыров «Қамар сұлу»

Ахметтің көз көрген ескі достары **абактысын** сұраған болып өшіртті де, «Екі жүз теңгені осы **боқырауда** тауып бере алмаса, айтқаныңыз болсын» деп басын ұастасты. С.Торайғыров «Қамар сұлу»

Әкесін екі **аршын** шүберек кәде өлтірген қатындар да даладан күзгі ақша қардың аязы қысып, үйден Қамардың жылағаны қысып...

Келтірілген мысалдардағы ауылнай, *школ*, *пар*, *болыс*, *абакты*, *боқырау*, *аршын* сөздері орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген *ауылный*, *школа*, *пара*, *волость*, *гаупвахта*, *пакров день*, *аршин* деген сөздерінің фонетикалық түрленген тұлғалары болып табылады.

Бұл тілге деген бейімделу қандай себептерден туындағанын бөле-жара көрсетіп көрейік:

1) бір дауыстының түсіп қалуы арқылы жасалған және келесі буындағы созылыңқы дыбыстың кері әсер етуінен қалыптасқан сөздер. Мысалы, *школ*, *пар*;

2) Екінші буында «о»дауысты дыбысының қазақ тілінде екінші буында кездеспейтіндігін ескеріп, қысаң «ы» дауысты дыбысымен алмасуы. Мысалы, *болыс*, *боқырау*;

3) Сөз ортасында қос дауыссыз дыбыс арасына қысаң дауысты дыбыстың қыстырылуы нәтижесінде өзгереді.

С.Торайғыров туындыларында ақынның орысша білімділігін танытатын тұсы кірме сөздердің еш фонетикалық өзгеріссіз қолданылуының көптеп кездесуі. Мысалы, С.Торайғыров «Қамар сұлу»

Сұлтанмахмұт қазақ тілінің сөздік құрамын көбіне орыс тіліндегі сөздер. Мұның ішінде 23 сөз (самород, прошение, штык, гулять, княз, автономия, аэроплан, аграном, атом, август, басня, билет, больница, винт,

Сұлтанмахмұт орыс тілі арқылы алған сөздерінің біразын өлең тармағына

1. Барлық бақыт, талабым,

Цифры жоқ, сенсіз, ноль («Жанқалқам»).

2. Бұл **памятым**, ал еске,

Жүрегім сізден көшпеске («Орамалға»).

3. Дүниенің дөңселегі айналады,

Кім үстінде **голайттап**, жиналады.

...Жасаулы, зениттеулі **палатада**,

Қызметкер даяр қылар керек асын...

Жұма сайын бір **модалы** киім киер,

Сән-сауықтың бәрі де табылады («Осы да әділдік пе?»).

4. Өнерлі ел бар мұқтажын жерден ембек

Өнер мен **техникалы** жұмсап еңбек («Оқу»).

5. Қазаққа басшымыз дер **шляпалар**,

Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар («Қандай басшы»).

6. *Роман* деуге болады мұның өзі,

Фельетон тәртібінің әрбір сөзі («Зарландым»).

7. Адам баласының ауыр күн-көрістен құтылуынан себеп болатын
Европадағы

8. **История география** пәнді білмей

Оллаһи тірі болып жүрмеспін. («Өмірімнің уәдесі»).

Ақын шығармаларында қолданыс тапқан кірме сөздер қатарында өзінің бастапқы дәстүрлі принципін сақтап қалған варианттар да жиі кездеседі. Мысалға,

*Абройын («абыройын» болу керек) төгіп,
Артын аша жаздайды.*

*Беретін ұжмақ, дозақ анау жайда?
Білмеймін анығын да, танығын да.*

*Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нахақ көзден жас бар ма деп.*

*Қиямет күн **зарасат** майданына
Өлген адам тіріліп бару деген.*

*Жұмақтан ай мен күндей хорды күтіп,
Басқаға кең дүниені ұсынғандар.*

3.2 Кірме сөздердің морфологиялық сипаты

Араб және иран сөздерінің сөз таптары тұрғысынан бөлінуіне келсек, шығармалар тіліндегі араб, иран кірме элементтерін грамматикалық тұрғыдан зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, етістіктер, үстеулер және шылаулар деп топтастыруға болады.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылар тіліндегі араб және иран сөздерінен болған зат есімдер нақтылы және абстракт мағыналы сөздер қатарын қамтиды.

1. Нақтылы мағынаны білдіретін сөздер қатарына: *дарбаза, зындан* т.б.

2. Абстракт мағынаны білдіретін сөздер қатарына: *ғам* (қайғы, мұң), *мұхаббат, мехр* (мейірім), *фаһм* (түсінік) сияқты элементтерді жатқызуға болады.

Арабизм болып келген сын есімдер шығармалар тілінде аз емес.

Шығармада сын есімдер лексика-грамматикалық жағынан өз алдына сөз табы ретінде сараланып, анықталушы сөзбен іргелес орналасқан тұстары бар.

Қазіргі қазақ тіліндегі «мамыр» айының атауы осы араб тілінен енгенін аңғаруға болады. Араб және иран сөздерінің үлкен тобы күрделі етістік ретінде қолданылады.

1. Қазіргі қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылып жүрген, әбден сіңісіп, қалыптасқан араб және иран сөздері: *мақсат ету, дүниеге келу, ғашық болу, баян қылу* т.б.

2. Шығармаларда қазіргі қазақ тілі қолданысында кездеспейтін, түсінуге қиын сөздер тобы бар.

Шығармалар тілінде араб және иран сөздерін сөз таптарына қатысты қарастыру – қазіргі әдеби тілімізде кездесетін кейбір ерекшелеу грамматикалық формалар мен құбылыстардың түп төркінін ашып, олардың даму процесін айқындауда, сол дәуірдегі түркі жазба әдеби тіліне тән құбылыстарды ашып көрсетуде септігін тигізеді.

Араб және иран сөздерінің грамматикалық тұлғалануы

Қаламгерлер тіліндегі араб және иран сөздерінің сөз тудыру мүмкіншілігі семантикалық жағынан меңгерілуі, негізінен, тіл жүйесіндегі сөзжасам тәсілінің шегінен шықпайды. Шығарма тіліндегі араб және иран сөздері сөзжасам жүйесінің 1) синтетикалық (морфологиялық); 2) аналитикалық (синтаксистік) формалары арқылы жасалады.

Қаламгерлер тіліндегі синтетикалық жолмен жасалған араб және иран туынды сөздері

Түркі тілдеріне енген араб сөздерінің грамматикалық жағынан игерілуі олардың қабылдаушы тілдердің аффикстерін қабылдап, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болуынан, төл сөздермен еркін түркесіп жұмсалудың көрінісі.

Есім сөзден етістік жасайтын өнімді жұрнақ ретінде *-ла, -ле, -да, -де* жұрнақтары жұмсалады. Мысалы: *пайдалану, қуаттану, насихаттау, мадақтау, мекендеу* т.б.

-дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары есім сөзден зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар болып табылады. Мысалы: *залымдық, кепілдік*, т.б.

Шығарма тілінде *-кер, -мәнд, -вар, -дар, -е, -ар, -ане* т.б. иран жұрнақтарымен жасалған туынды сөздер кездеседі.

1. *-вар* жұрнақтары зат есімге жалғанып, адамның белгілі бір қасиетке ие екендігін, бейімділігін білдіретін туынды сын есім жасайды. Қазіргі қазақ тілінде осы *-мәнд, -вар, -умәнд* жұрнақтарынан қалыптасқан *атаман, данышпан, қаһарман, сөзуәр* т.б. сөздер бар.

2. *-ане* – зат есімге жалғанып, туынды сын есім жасайды. Мәселен, *диване* (дуана, ақылынан адасқан), *баһ-ане* (себеп), *ғайб-ане* (сырттай), *мархамат хусрау-ане* (рақымшылық), т.б.

3. *-һәм* – бірлестік есімдігінің жұрнағы. Мәселен, *һәм-рох* (жолдас, серік, бірге).

4. *-дар* – белгілі бір іс-әрекет иесінің қалпын, болмысын білдіреді. Мәселен, *сәр-дар* (басшы), *хабар-дар* т.б.

Сөзжасамның бұл *-дар* жұрнағы түркі тілдерінде, сондай-ақ кәсіп мағынадағы есім туынды сөз жасайтын *-шы, -шыл* аффиксінің қызметінде де қолданылады[58]. Тілімізде *-дар* арқылы да жасалған біраз сөздер бар. Мысалы, *хабардар, құлақдар, діндар* т.б.

Көптік мағынаны білдіретін -ган, -бан, -он, -стан жалғауларына қатысты мына сөздер қолданылады. Мәселен, *базарган* (базаршылар), *бағбан* (бағбаншылар), *дарахтан* (ағаштар), *жаһанстан* (бүкіл дүниежүзі), т.б.

Иранның и жұрнағы ұшарасып отырады, беретін мағынасы сапалық сын есім тудыратын -лы -лі жұрнағына жақын[59].

-кер, -гер жұрнағы ертеректе араб және иран кірме сөздерінің құрамында ғана қалып қоймай, тіл дамуының кейінгі дәуірінде де номинативтік, терминдік сипаттарға ие болды. Қаламгерлер тілінде *күнәһар*, *қызметкер* т.б. сөздер кездеседі.

Жалпы бұл араб және иран өзара туынды сөздері түркі тіліне бүтіндей еніп, біртұтас лексикалық единица ретінде жұмсалады.

Павлодар Ертіс өңірінен шыққан қаламгерлер тілінде қазіргі әдеби тілде жиі жұмсала бермейтін, тек белгілі бір стильдік мақсат үшін қолданылатын **әм** жалғаулығы да қолданылып отырған.

Бұл жалғаулық жазушы қолданысында көбінесе парсы тіліндегі һәм түріндегі қалпында кезігіп отырады:

*Өзгеден сын-сыпайы **һәм** сүйкімді,*

Еңарты жүрсе дағы аяқ басып(С.Т. «Қамар сұлу»).

Қаламгерлердің кейде *һәм* түрінде, кейде *әмбесінде* деп қолданып отырған жалғаулықтары әдеби тіл нормасынан шалғай тұрған жалғаулықтар.

*Мұнан соң жалпы Сібір съезі **һәм** учредсобрание туралы Әлихан **һәм** соңында Әлімханның дққлады басталды.*

*Бұл докладтар туралы басылды **һәм** басылып тұрар. Сонда да сөздерін менің ұққан қорытындым мынау:*

*Орыстың жері кең, бір шеті мен бір шетінің арасы он екі мың шақырымға барады. Бұл жердің **һәр** жағына шашылып 105 тілмен сөйлейтін халқы бар. Бұлардың **һәр** қайсысының күн көрісі, ойлауы, дүниеге, шаруаға қарасы **һәр** түрлі(С.Т. «Әлиханның Семейге келуі»).*

Келтірілген мысалдан байқағанымыздай, *әм* жалғаулығы *һәм* түрінде, *әр* деген *һәр* түрінде қолданылған.

Олар әдеби тіл нормасына кірмегенмен кейде поэзия тілінде ықшамдылық үшін немесе басқа да мақсаттармен *әм* түрінде кезігіп қалады. Кітаби тіл үлгісіне жататын бұл жалғаулықтың қаламгерлер тіліндегі қызметі көбінесе бірыңғай анықтауыш мүшелерді байланыстыру: *көрікті һәм ерікті, күйлі жылдар; еркін һәм тәтті ұйқы, мұңдықты һәм дарақы дауыстар т.б.*

Кейде *һәм* жалғаулығы құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырса, кейде мәтіндегі сөйлемдерді байланыстыру қызметін атқарады.

Сөз тудырушы негіздері араб сөздерінен:

1.Есімнен есім тудыратын жұрнақтар:

-лық -лік, -лұқ -лүк жұрнағы көне замандардан-ақ сөзжасам аясы мейлінше өте кең актив қолданылатын жұрнақтардың бірі болғандығы белгілі. Мысалы, *мұсылманишылық, харамлық*, т.б.

Дегенмен адамдардың түрлі жағымды-жағымсыз іс-әрекеті, мінез-кұлқын білдіретін кірме сын есімдердің -лы,-лі жұрнақтары арқылы жасалған тұстары басым қолданылған. *Ғақыллы, намұсly, арлы, дәулетлі* т.б.

2. -сыз, -сіз; Бұл жұрнақ қазіргі тіліміздегідей жалғанған сөзінде белгілі бір қасиеттің (сапаның, болмыстың) жоқ екенін көрсетеді[60]. Бұл жағынан ол жоғарыдағы -лы -лі жұрнағының беретін мағынасына қарама-қарсы. Мысалы, *хәдсіз уа неғайатсыз, ғайратсыз уа намұсыз, үмітсіздік* т.б.

Қазақ тілінде араб, парсы тілдерінен келген екі префикс бар: **(-би,-на)**. **-би** префиксінің фонетикалық варианты ретінде **бе, бей** - префиксі жарыса қолданылады. Бұлар сөздің түбірінің алдына қосылып, сын есім тудыруда өте өнімді қосымша болып келеді. Профессор С.Исаев қазақ тілінде префикс деген тұлға жоқ, беймаза, бейшара, бейбақ, бейқам, бейкүнә, наразы, нақұрыс т.б. сияқты иран тілдерінен сол күйінде енген сөздердегі **-бей (би), -на** қазақ тілінде грамматикалық тұлға дәрежесіне көтеріле алмай қалып қойғандығын айтқан. Қазақ әдеби тілінде бұл префикстер негізінен араб және парсы тілдерінен енген сөздерге жалғанады. Сонымен қатар **-сыз -сіз** жұрнағының беретін мағынасын атқарады. Мәселен: *бирұқсат, беймаза, нақақ, нәмәрд, намағлұм, намағқұл, биқарар* т.б. Бұған шығармалардан мысалдар келтірсек:

Бір замандасым келіп сонымен: «Ай, қазақшылық-ай! Обал-ай!» - деп сондай бейшаралардың халдерін қайғырысып, әңгімелесе жүріп ауылдан бірталай ұзап кетіппіз(С.Т. «Ауырмай есімнен жаңылғаным»).

Енді барып ықтиярсыздықты көзіммен көріп, неке оқымай білгенімді қосып зарлы бейшараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойлады. Нақақ біреудің көз жасына қаламысың деп айтушылар болса да, әлгі жолдасымды ертіп жаяу жүріп кеттім (С.Т.«Ауырмай есімнен жаңылғаным»).

Бұл қамшының көзі жоғала қалса, ертеңгі күн талшық етер малды қалай табарын есіне алғысы жоқ. Көзін жұмды. Бәрібір көз алдына көлеңдеп-көлеңдеп ол тұрды. Бейқарар тірлігінің тұздығы дәл қазір алай-дүлей ішкі жан дүниесімен жараспаған... (С.Т.).

Мынау қатыгез даланың қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейқам жомарт таңы, неткен ғажап едің! (И.Б.).

Сол бейбақтың біреуі Еркеш бала,

Ата-анадан айрылды елден және.

Жоламан мен Балағаз жоқтаушысы,

Жайы қандай болады жаны жара(И.Б. «Алтай аясында»)

Бейшара, бейқарар, бейнақақ, бейқам, бейбақ дегендер белгілі бір стильдік мақсатта қолданылатын сөздер. **Шарасыз, жазықсыз, қамсыз, баянсыз, күнәсіз** дегендерден гөрі **бейшара, бейнақақ, бейкүнә, бейқам** деп

қолданудың әсерлігі басымдау әрі сирек қолданылатындығымен бірден назар аудартады.

2. Сөз түрлендіру жүйесі

Сөз түрлендіруші немесе сөз байланыстырушы қосымшаларға, әдетте, септік, көптік, тәуелдік және жіктік жалғаулары жатқызылады.

Шығармалар тілінде әрі көпше, әрі жекеше түрде енген сөздер кездеседі. Мысалы: *рух-әруақ, нақыр-бұқара, хал-ахуал* т.б.

Көпше түрде енген сөздердің бастапқыда мағынасы ажыратылғанымен, қазіргі тілде жекеше түр ретінде қабылданып, көпше түрдің жалғауын қабылдай береді. Мысалы: *мағлұмат-тар, ғұлама-лар* т.б.

Кейбір араб сөздерінің жекеше түрі мен көпше түрі қос сөз құрайды. Мысалы: *хал-ахуал*. Кейбір сөздер тек көпше түрде кездеседі. Мысалы: *ағза, алуан* т.б.

Көптік жалғау. Қазақ тіліндегі көптік жалғауының көрсеткіші---*лар-лер*. Бұл жалғаулар араб және иран сөздеріне де жалғанған.

Араб тіліндегі көптік жалғау түбірдің іштей өзгеріске түсуі (ішкі флексия) жасалатын «бұрыс» көптік формалары арқылы жасалады. Шығармада мұндай формалардың мағыналық жағы ескерілмей, жеке мағынадағы сөз ретінде қабылданып, олар қазақ тілінің көптік жалғауын қабылдайды.

Бұл заңдылық иран тіліне де қатысты жұмсалған. *Базарғанлар* – қазіргі біздің тілімізде *базаршылар*. Осындағы *-ған* иран тілінде көптік ұғымды білдіретін көптік жалғау. Олай болатын болса, автордың бұл сөзді тұтастай бір единица ретінде жекеше мағынада қабылдап, түркі тілдерінің ортақ көптік жалғауын талғаусыз қолданып тұрғаны байқалады.

Септік жалғауларының барлығы да араб және иран сөздеріне тікелей жалғана береді.

Сонымен, шығармалардағы араб және иран сөздерін сөзжасамның синтетикалық тәсілі бойынша саралап қарастырғанымызда, түркі тілінің жұрнақ-жалғаулары араб және иранның түсінікті және түсініксіз сөздеріне талғаусыз қосылып, дыбыстар үндестігіне бағынып та, бағынбай да жалғана берген. Олар түркі тілінің көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын қабылдайды. Сонымен бірге түркі жұрнақтарын қабылдап, сөз тудыруға негіз бола алады.

Біз қарастырып отырған шығармалар тілінде қазақ және кірме сөздердің бірігуі арқылы жасалған параллель түркі-араб, араб-иран, иран-араб немесе араб-араб сөздерінен жасалған күрделі сөздер ұшырасады. Араб және иранның дара түбірлерінің бірігуінен жасалған синонимдес қос сөздер де бар. Бұндай сөздерді авторлар өзінің сөз байлығын білдіру үшін, я шығарманың тілін әсерлі жеткізу үшін қолданған.

Р.Сыздықова: «Мағыналас сөздердің қатар /қосарлана/ қолданылуы ол сөздер беретін ұғымды күшейтіп, оның әбден, тіпті, мықты екенін білдіретін реңк үстейді» [25,166], – дейді. Ал А.Н.Кононов: «Екі сөзді қосарлау негізінде пайда болған лексикалық комплекс жинақтау, жалпылама, қайталау экспрессивтік мағына береді» [61,104], – дегенді айтады.

Шығармалар тіліндегі араб және иран күрделі сөздерін бірнеше топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік.

а) Бір сыңары түркі, бір сыңары араб түбірлерінен құралған сөздер: *күш* *уа қуат*, *әсір* *уа олжа*, *жауан* *уа хатұн*, *фәрзәнд* *уа қарындаш*, *оқ* *уа туфәнг* т.б.

ә) Бір сыңары түркі және иран сөзі: *оқ* *уа туфәнг* (мылтық).

б) Екі сыңары араб түбірлерінен құралған сөздер: *асар* *уа әләумат* (із және белгі), *ілтифат* *уа енаиатлар* (ілтисипат және қайырымдылық), *мұқател* *уа мухарабе* (өлім және соғыс), *хазына* *уа дафине* (қазына және жерге көмілген қазына, байлық), *фәтих* *уа нүсрет* (жеңіс), *жаз* *уа фазе* (қайғылану), *мәрз* *уа мәзмәне* (ауру), *іззет* *уа хұрмет*, *мұқателе* *уа мажаделе* (ұрыс-керіс), *хабар* *уа әсәр* (хабар-ошар), *мұрат* *уа мақсат* т.б.

Осы келтірілген күрделі сөздердің басым көпшілігі қазіргі оқушыға түсініксіз сөздер болып келеді. Бір сыңары қазіргі тілімізде қолданылса, бір сыңары түсініксіздеу. Мысалы, *енаиат* *уа шафақат*, *енаиат* *уа ілтисипат* тіркесіндегі *енайат* (қайырымдылық), *ілтисипат*, *шапағат* қазіргі тілімізде кең қолданылады. Дегенмен, кейбір сыңарларының фонетикалық өзгерістерге түскенін байқауға болады. Мысалы, *хабар* *уа әсәр* қос сөз тіркесінің екінші *әсәр* компонентінің иран тілінде бірнеше мағынасы бар: 1) із, белгі; 2) аңыз, көне заманның ескерткіші; 3) ықпал; 4) әсер, эффект; 5) шығарма, еңбек (әдеби, ғылыми).

Шығармада бұл сөз «із, белгі» алғашқы мағынада қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын *хабар-ошар* қос сөз тіркесі осы *хабар* *уа әсәр* тіркесінен туындаған болса керек.

в) Бір сыңары иран, бір сыңары араб сөздері: *дад* *уа әділ* (әділдік), *пәнд* *уа насихат*, *мехр* *уа мухаббат*, *ұстад* *уа нақыш* т.б.

ғ) Қайталама қос сөздер де баршылық. Мәселен, *таза таза*, *круһ круһ* (топ-тобымен), *ру бе ру* (қарама-қарсы), *аһасте аһасте* (жай-жай), *пара пара*, *мехле мехле* (жер-жер) т.б.

2) Біріккен туынды сөздер. Шығармаларда араб және иран сөздерінің бірігуі арқылы жасалған адам аттары бар. Біз оларды анторпонимдер туралы тараушада мысал ретінде келтірдік.

б) Екі иран түбірлерінен біріккен сөздер: *шарабхур* (шарабхор), *намазшам*, *намазкаһ* (намаз оқитын сарай), *шахзада*, *ханзада*, *пәнжшанбе*, т.б.

Мәселен, *шарабхор* сөзіндегі *хор* иран тіліндегі *хурдан* – жеу, ішу етістігінен жасалған. *Чорподор чор* (төрт), *по* (аяқ), *дор* (ие болу) бұдан шығатыны – «мал-жайы бар адамды» айтады.

Шахзада, *ханзада* бұл сөздердегі *зоде* тұлғасы иран тіліндегі *зодән* (туулу) етістігінен жасалған, яғни шаһ, хан балалары деген ұғымды білдіреді.

3) Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сын есімдер: *әділ* *уа сайасатлы*, *серуили* *уа саранжамлы* т.б.

4) Тіркесе келетін күрделі сөздер:

Араб және араб: *сахт саламат* (жарамды, дені сау), *езхар етаиат* (өтініш және кешірім), *субх садақа куфран немат* (жақсылықты білмеушілік) т.б.

Шығармада кірме сөздердің басым көпшілігі зат есім болғандықтан, араб және иран лексикалық элементтері күрделі сөздер жасауда негізгі рөл атқарады. Қорыта айтқанда, қаламгерлер тілінде өзара мәндес қос сөздер де, күрделі сөздер де баршылық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысында Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының (С. Торайғыров пен И. Байзақовтың) тіліндегі кірме сөздердің мәдени-танымдық мәнін, фонетикалық, семантикалық жағынан қолданылу ерекшеліктерін қарастырдық.

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеу жұмысының кіріспе бөлімінде:

- тақырыптың өзектілігі;
- мақсат-міндеттері;
- зерттеу нысаны;
- зерттеудің методологиялық негіздері;
- зерттеу әдіс-тәсілдері;
- ғылыми жаңалығы;
- зерттеу жұмысының нәтижелері жүйеленіп көрсетілді.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме сөздерді қарастырып, кірме элементтердің лексика-семантикалық топтарын, фонетика-грамматикалық сипатын, жұмсалып ерекшеліктерін зерттеп, олардың шығарма тіліндегі стилистикалық қызметін қарастыру арқылы қаламгерлердің сөз қолдану шеберлігі мен даралық стильдік ерекшелігін анықтадық.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары (С.Торайғыров, И.Байзақов) шығармалары әдебиеттану тұрғысынан кең түрде зерттелгенімен тілдік тұрғыдан, нақтырақ айтқанда, шығармаларындағы кірме элементтер арнайы қарастырылмаған. Осыған сәйкес тың тақырып ретінде арнайы қарастырдық.

Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауы «Лингвомәдени байланыс қазақ тілі лексикалық жүйесі дамуының әлеуметтік-тарихи контексінде» деп аталып, ол үш тараушада қарастырылды. Бірінші тараушада қазақ тіліндегі араб, иран, орыс сөздерінің зерттелу тарихы қарастырылып, мынадай қорытынды жасалды:

- Қазақ тілінде шығыс элементтері соның ішінде араб және парсы тілдері туралы сөз болғанда, ғалымдарымыз осы күнге дейін «араб-парсы» деп қосарлап айтып келеді. Бұл дұрыс емес деген пікірлер бар. Өйткені араб тілі мен парсы тілі ешқандай туыс тілдерге жатпайды. Араб тілі семит, ал парсы тілі үндіеуропа тобына кіреді. Сондықтан оларды туыс тілдер сияқты дефиспен қосарлау орынды болмайды;
- Араб тілі семит, ал парсы тілі болса үндіеуропа тобына кіреді. Сондықтан оларды туыс тілдер сияқты (-) дефиспен қосарлау орынды болмаса керек деген тұжырымды біз де қуаттаймыз.
- Екінші тараушада араб, иран, орыс сөздерінің қазақ тіліне енуінің тарихи-лингвистикалық себептері қарастырылды;
- Кез келген кірме элементтің тілде орын алуы – лингвомәдени қарым-қатынастың нәтижесі;

- Тікелей аралас-құраластық, қоныстас болу не болмаса мәдени-әлеуметтік беделге ие тілдегі жазба ескерткіштердің тарауы – осының бәрі тілдік қарым-қатынастың, тілдік бірліктердің ауысуына алып келеді;
- Қазақ тіліндегі араб кірме сөздері дерексіз, көбіне рухани дүниеге байланысты лексиканы түзеді(*рух, рухани, ақыл, парасат, зейін, иман, пайым, есеп* және т.б.);
- Орыс тілі арқылы тілімізге кірген терминдер – тіліміздегі ең көп кірме сөздер. Орыс тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздердің тілде қалыптасу ерекшелігіне қарап екі топқа бөлуге болады. Олар қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі бойынша өзгеріп қалыптасқан орыс сөздері және орыс тіліндегі дыбыстық құрамын толық сақтап қалыптасқан орыс сөздері.

Үшінші тараушада қазақ тіліндегі кірме сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері қарастырылды.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтан келіп енгендігі айқындалды. Олар:

- 1) араб тілі;
- 2) иран тілі;
- 3) монғол тілі;
- 4) орыс тілі.

Екінші тарау «Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме сөздердің лексика-семантикалық сипаты» деп аталып ол бес тараушада қарастырылды.

Ол тараушаларда:

- араб және иран сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері;
- орыс сөздерінің лексика-семантикалық сипаты;
- семантикалық жақтан дамыған кірме сөздердің қолданысы;
- араб, ирандық кірме фразеологизмдер;
- шығармалар тіліндегі кірме антропонимдер жан-жақты қарастырылды.

Үшінші тарау «Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме сөздердің фонетика-грамматикалық сипаты» деп аталады.

Онада қаламгерлер шығармаларындағы кірме сөздердің фонетикалық сипаты мен морфологиялық сипаты қарастырылды.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тілінде қолданылған араб және иран сөздерінің бір тобы араб және иран тіліндегі формаларын сақтап, фонетикалық тұлғасын өзгертпесе, енді бір тобы фонетикалық тұрғыдан өзгеріске енген. Араб, иран тіліндегі тұлғасын сақтау себебі, кезінде араб тілін енгізуге тырысушылар оны қасиетті құран сөзі ретінде уағыздап, олардың шама келгенше бұзылмауына көп күш жұмсаған деген қорытындыға келдік.

Осы негізгі үш тарау бойынша зерттеу барысында төмендегідей түйіндер жасалды:

Қазақ тіліндегі араб, иран кірме сөздерінің зерттелуі өткен өмірдегі тарихи, қоғамдық-әлеуметтік, діни-ағартушылық көзқарастарға жанаша бағыт сілтеп, экономикалық даму сатысы мен рухани жаңаруда көне түркі халықтары мен араб, иран қарым-қатынасының мәнін дұрыс түсінуге септігін тигізеді.

Ислам дінінің әсерінен араб, иран сөздерінің тілімізден орын алуы халифалық дәуірде енген араб, иран кірме сөздерінің тарихи себептерін дәлелдейді.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларында кірме сөздер фонетикалық жағынан түрлі үлгіде. Аяп айтқанда араб кірме сөздерінің жуан, жіңішке формалары жарыса қолданылған. Олардың бұлай қолданылуы араб тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан, жіңішке дыбысталуының нәтижесі.

Кірме сөздердің кейбірі мағыналық жағынан баламасы табылып, қазақ сөздер қолданысқа енген сәттен бастап қолданыстан қалған (медресе-мектеп, расул-пайғамбар, талақ-тастап кету, көшу). Қаламгерлер қолданысында көрініс тапқан көптеген діни араб кірме сөздерінің біразы мағыналық жағынан сақталып, тілімізден кеңірек орын алғаны байқалады (сүннет, қиямен, жұма, азан, абыз).

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларында қолданыс тапқан иран кірме сөздері біршама ерекшеленеді. Олар негізінен араб сөздері секілді өзінің формасын сақтай алмаған. Тілімізге әбден сіңісіп кеткен, жалпыхалыққа түсінікті сөздер.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларында қолданыс тапқан иран кірме сөздерінің фонетикалық қолданыс сипаты да араб тілінен өзгеше. Олар негізінен қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес өзгеріске түскен. Оның біразы сол кезге дейін-ақ тілімізге сіңісіп кеткен болса, біразы осы қаламгерлер тілінде сұрыпталып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне толық бағынған. Слондықтан бұл қаламгерлер көп ретте кірме сөздердің жеңіл және жатық формаларын ұсынған.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларында заманына лайықты қолданылған араб, иран сөздері арқылы жасалған этномәдени фразеологизмдер көрініс тапқан. Алайда бұл фразеологизмдердің қазіргі таңда мағыналық дамуы байқалады. Бір фразеологизмдер өз құрамындағы сыңарларын алмастырып жаңартса, *пәни дүние-жалған дүние*, бірі өз формасын сақтап, сол қалпында қолданылады: *асыл сөз, әділетке шөлдеу, қаріп жұрт, бейбіт өріс, шарлап кету, шартарапқа тарау*. Кейбірі қоғам өміріндегі өзгерістер негізінде қайта қолданысқа енеді. Бұған имандылыққа бет бұрған кезеңге сай жаңғырып, жанданған *сұбхан Алла, алланың құлы, намаздың қазасы, жәһаннамның белгісі* сияқты тұрақты тіркестерді келтіруге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.– 581 б.
2. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Фараб, 2000. – 310 б.
3. Мыңжанұлы Н. Кірме сөздер. – Алматы, 1983.- 215 б.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006.– 264 б.
5. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008.– 469 б.
6. Дмитриев Н.К. К определению терминов «заимствование» и «заимствованное слово» // Развитие лексики русского языка. – Москва: Наука, 1965.– 134 с.
7. Орыс тіліндегі түркі сөздерінің сөздігі. – Алматы, 1993.– 369 б.
8. Мансұров Н.Б. XIX ғ. поэзиясындағы араб, иран сөздері. Филол. ғыл.канд. авторефераты. – Алматы, 2006.- 40 б.
9. Есеналиева Ж. Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі. Филол. ғыл.канд. авторефераты. – Алматы, 1993.- 37 б.
10. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-иран сөздері, филолог. ғыл. канд. дисс. автореф. - Алматы, 1963.- 40 б.
11. Жәркешова Г. Қазақ тілі мен әдебиеті 1959. № 11, қазан. – Б. 17-21.
12. Талжанов С. Араб тілінің әсері // Қазақстан мұғалімі. -1969.- № 27, №26
13. Б. 3-9.
14. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы, Ғылым. 1982, - 160 б.
15. Есеналиева Ж. Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертация. - Алматы, 1993.
16. Жұбатова Б. Қазақ қисса-дастандарындағы араб, парсы сөздері: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертация. - Алматы, 2001.
17. Құлназарова Г. XI-XII ғ. әдеби ескерткіштеріндегі араб элементтері: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертация. - Алматы, 1997.
18. Бүркітбай Г. Қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде арабизмдердің

- 19.лексикографиялануы: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертация. - Алматы, 2003.
- 20.Әбдірахман Ә.Ә. Құран Кәрімдегі тұрақты тіркестер мен термин сөздердің қазақ тілінде берілуі: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертациясының авторефераты. - Алматы, 2004.
- 21.Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 2005, 198 б.
- 22.Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. – Алматы, 1972.- 132 б.
- 23.Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы, 1968,- 264 б.
- 24.Әбілқасымов Ә. Қазақ газеттерінің тілі. –Алматы, 1971, - 112 б.
- 25.Тұрышев А. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы. Монография: 2 том. – Павлодар: Кереку, 2008.– 204 б.
- 26.Әуезов М. Шығармалары. 19 том. – Алматы: Жазушы, 1985.– 253 б.
- 27.Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 1993. – 218 б.
- 28.Барлыбаев Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. - Алматы, 1963.- 206 б.
- 29.Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.– 159 б.
- 30.Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1992.- 144б.
- 31.Сыздық Р. ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 1984.-232 б.
- 32.Жанпейісов Е.М. Әуезовтің Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, 1976.- 167 б.
- 33.Балақаев М., Жанпейісов Е.,Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974.- 190 б.
- 34.Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы. 1995.– 172 б.
- 35.Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы. 1995.– 207 б.
- 36.Үсенбаева С. «Көркем мәтіндегі сөйлеу тілінің лингвостилистикалық қызметі (Т.Нұрмағанбетов шығармаларының тілі негізінде). Филол.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы: 2009. – 28 б.
- 37.Қадырова Б.М.1960-80 жылдардағы қазақ әңгімелерінің тілі: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертациясының авторефераты. – Астана, 2004.– 30 б.
- 38.«Парсы тілі» форум материалдары. – Алматы, 2009. – 212 б.
- 39.Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің тілі». - Алматы: Сөздік- словарь, 2004.– 552 б.
- 40.Омарұлы Е. Пішіндеме. – Қызылорда, 1928. 196 б.
- 41.Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 172 б.
- 42.Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
- 43.Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Ғылым, 1997.- 224 б.

44. Сағындықов Б. XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы. филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертациясы. – Алматы. - 130 б.
45. Жұбатова Б.Н. Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. филология ғылымдары докторы ғылыми атағын ізденуге диссертациясы. – Алматы, 2010. – 290 б.
46. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. 25-б.
47. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. I том. – Алматы, 2006. 58-б.
48. Мұсабекова У.А. Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алматы, 1996. - 25 с.
49. Қайдар Ә.Т. Абайдан «Шығайға» дейінгі жұмбақ есімдер // Тілтаным. №1, 2005.
50. Бұлытай М. Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? // Жұлдыз. №9, 1994, Б. 205-207 .
51. Жанұзақов Т. Есімдер сыры. – Алматы: Қазақстан, 1974.- 132 бет.
- 52.50 Ағабекова Ж. Қазақ тіліндегі араб кісі аттарының тақырыптық топтары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2005. №6 (88). Б. 4-7 .
- 53.51 Оңдасынов Н.Б. Араб текті қазақ есімдері. – Алматы: Рауан, 1992. -176 б.
54. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971.- 218 б.
55. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. Алматы, 1986.– 214 б.
- 56.53 Шнайдер В.А. Түркі және қазақ тілдері вокализм жүйесіне қатысты В.В.Радлов ұстанымдарының интерпретациясы. Павлодар, Инновациялық Еуразия университеті, 2010.– 128 б.
- 57.54 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның 58. жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. - 269 б.
- 59.55 Сағындықов Б. XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштегі араб, парсы элементтерінің лексикалогиялық ерекшеліктері туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1976, №1 (9).
- 60.56 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. - 246 б.
- 61.57 Жұбатова Б.Н. Қазақ тіліндегі араб, парсы кірме фразеологизмдер: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2010. – 40 б.
- 62.58 Жиекбаева А. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі: филология ғылымдары кандидаты ғылыми атағын ізденуге диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2010. – 27 б.
- 63.59 Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1983. -202 б.
- 64.60 Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1965.- 213 б

65.61 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Москва.
– Л., 1972.- 272 с.

Қолжазба құқығында

Альжанова Каламкас Балтажановна

**Павлодар Ертіс өңірінің ақын-жазушылары
шығармаларындағы кірме сөздер**

6M020500 - Филология

Филология магистрі
академиялық дәрежені іздену диссертациясының
рефераты

Қазақстан Республикасы
Павлодар, 2013

Жұмыс Инновациялық Еуразия университетінде орындалды

Ғылыми жетекші:

филология ғылымдарының кандидаты,
ИнЕУ профессоры
Шнайдер В.А.

Ресми оппонент:

филология ғылымдарының кандидаты,
ПМПИ доценті
Капасова Б.К.

Мемлекеттік аттестаттау
комиссиясының хатшысы,
филология магистрі

Ш. С. Байжекина

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тіл адам баласының қатынас құралы болуымен қатар, халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік күйін, дүниетанымын бейнелеуде маңызды да шешуші рөл атқаратыны мәлім. Халқымыздың сөз байлығы халықтың рухани өмірі мен тарихын, ұлттық нақышы мен дүниетанымын сипаттау құралы болып табылады. Бүгінде тіл табиғатын жан-жақты тануға арналған тіл біліміндегі зерттеу жұмыстары ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктерімен және этностың өмір сүру болмысымен тығыз бірлікте алынып, коммуникативтік, когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерделенуде.

